

SAIASAT

ЕЛ ӘЛЕУЕТІН АЙҒАҚТАЙДЫ

2-бет

RÝHANIAT

ЖАҢА ӘЛІПБИ НЕГІЗІНДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ ЕМЛЕСІНІҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ

6-бет

JEZQAZǴAN – 65

ЖЕЗҚАЗҒАН ШАҺАРЫНЫҢ ЖЫЛНАМАСЫ

8-бет

KELBET

АМАНКЕЛДІ БАТЫРДЫҢ ХАТШЫСЫ БОЛҒАН

9-бет



ЖАСТАР ЖЫЛЫ БАСТАУ АЛДЫ

Ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев сәрсенбі күні «Тәуелсіздік ұрпақтары» атауымен өткен жастар жылының салтанатты ашылу рәсіміне қатысты. Іс-шара алдында жастардың киімдер, спортшыларға арналған тағамдар өндірісі мен интерактивті қызмет көрсету платформаларын құру жөніндегі бірқатар жобаларымен танысып, Үкіметке бұл бастамаларды жүзеге асыруды және ілгерілетуді ерекше бақылауға алуы тапсырылды.

Мемлекет басшысы жиынға қатысушыларды Жастар жылының ашылуымен құттықтап, бұл шараның келешек ұрпақ үшін маңызы зор екенін атап өтті. – Жастар – еліміздің қазіргі әлемдегі бәсекеге қабілеттілігінің негізгі факторы. Қазақстанның болашағы сіздерге – сіздердің білімдеріңізге, күш-жігерлеріңіз бен патриоттық сезімдеріңізге байланысты. Қазір қолға алынған жұмыстардың бәрі сіздердің бақытты өмірлеріңіз, сондай-ақ өз әлеуеттеріңіз бен мүмкіндіктеріңізді толық жүзеге асыра алу үшін атқарылып жатыр, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.



Қазақстан Президенті ірі қалалардағы жас отбасылардың тұрғын үй проблемаларының өзектілігін атап өтіп, бұл мәселені шешу үшін тұрақты кіріс болу керектігін, сондай-ақ, адамның жақсы тұрмысының негізгі көзі – жұмыс екенін айтты.

– Өткен жылы Қазақстанда орта мектепті 125 мыңнан астам жас түлек бітіріп шықты. Келешекте еңбек нарығына шығатын жастардың саны арта түспек. Қазіргі уақытта елімізде 300 мыңға жуық адам немесе жастардың 9 пайызы оқуға және еңбекке тартылмаған. Бұл санатқа жататын жастардың санын азайтуға септігін тигізетін тиімді шаралар қабылдау қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Нұрсұлтан Назарбаев техникалық және кәсіби білім беру жүйесін сапалы дамытудың негізгі басымдықтарына арнайы тоқталды.

– «100/200» қағидаты негізінде «Жас маман» бағдарламасын әзірлеу қажет. Үш жыл ішінде бұл жоба еліміздің барлық өңірі бойынша 200 мыңға жуық жас азаматты қамтитын болады. Осы жоба аясында жаңғыртылған 200 оқу орнының базасында сұранысқа ие 100 индустриялық және қызмет көрсету мамандықтары бойынша кадр даярлау іске асырылады, – деді Қазақстан Президенті.

Соңында Мемлекет басшысы Үкімет пен жергілікті атқарушы органдарға арнайы Жол картасын әзірлеуді тапсырды. Бұл жас қазақстандықтарды қолжетімді әрі сапалы білім, жұмыс, тұрғын үй және отбасын құру жөніндегі маңызды қажеттіліктермен қамтамасыз етуді көздейтін нақты қолдау шараларын қамтуға тиіс.

Өз тілшіміз



ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЕСЕБІ ҚАРСАҢЫНДА

БОЛАШАҚҚА НЫҚ СЕНІММЕН

Жезқазған қаласының әкімі Қ.Б. БЕГИМОВТИҢ 2018 жылы атқарған жұмыстары туралы халық алдындағы ЕСЕБІ

Құрметті Жезқазған қаласының тұрғындары!
2018 жыл біз үшін, тұтастай еліміз үшін маңызды оқиғаларға толы болды. Қазақстан БҰҰ Қауіпсіздік кеңесіне төрағалық етіп, Каспий маңы елдерінің арасында 25 жыл бойы жүргізілген келіссөздердің нәтижесінде Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияға қол қойылды, әлеуметтік салада Президенттің қазақстандықтардың әл-ауқатының басты талаптарын атап өткен 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты халыққа Жолдауы негізгі лейтмотивке айналды.

Жезқазған қаласының 2018 жылы әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған шаралар 5 институционалды реформаны жүзеге асыру бойынша «100 нақты қадам» Ұлт жоспарынан туындаған мемлекеттік бағдарламаларға, сондай-ақ, Мемлекет басшысының 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауын жүзеге асыру шаралары жөніндегі Жалпыұлттық жоспарға негізделді. Мемлекет басшысының бұл шешімі жаңа әлемдегі – Төртінші өнеркәсіптік революция әлеміндегі сәтті бағдарлар мен бейімделудің негізгі бағыттарын анықтап берді.

Мемлекет дамуының жаңа қағидаттарын айқындаған осы құжаттармен қатар, қазақстандықтардың бүгінгі таңдағы рухани өмірдегі маңызды бағдары Мемлекет басшысының қоғамдық санын жаңғырту жөніндегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы мен оның заңды жалғасы, 2018 жылы жарияланған «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы болды.

Президент белгілеген стратегиялық мақсаттарға қол жеткізіп, міндеттерді орындау үшін, одан нақты нәтиже шығару үшін жезқазғандықтар бар күшін салуда. Бұл үшін біздің қалада қажетті потенциал жеткілікті, оған 2018 жылдың қорытындылары дәлел бола алады.

Экономика және қаржы

Экономиканың өсуі, кіріс пен тұтыну көрсеткіштерінің артуы қала бюджетіне оң әсерін тигізді.

2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қала бюджеті 14,6 млрд теңгені құрады, бұл 2017 жылғыдан 16,2 артық.

Әлеуметтік маңызды бағдарламалар басымдықпен қаржыландырылды, бұл мақсаттарға 5 млрд теңгеден артық қаражат, құрылыс пен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты дамытуға 2,6 млрд теңге бағытталды.

2018 жылы қала бойынша бюджеттік мекеме жұмыскерлерінің еңбекақысы мен коммуналдық қызметтерді толық және уақытылы төлеу қамтамасыз етілді.

2019 жылға арналған бюджет 16 млрд 827 млн теңге көлемінде бекітілді. Барлық бірінші кезектегі шығындар толық ескерілді, әлеуметтік және экономикалық міндеттерді шешуге 11 млрд 313 млн теңге бағытталып отыр. Шығыстардың негізгі бөлігі әлеуметтік салаға қарастырылған, бұл шығыстардың 42 %-ын немесе 7,1 млрд теңгені құрайды. Құрылыс пен қайта құрылымдауға 6,5 млрд теңге, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылыққа 1,5 млрд теңге қарастырылды.

Жекешелендіру экономикадағы мемлекеттің үлесін азайтудың, сол арқылы өндірісті мемлекеттік-директивалық реттеуден нарықтық тетіктер негізінде реттеуге көшудің бір бөлігі екені белгілі.

Мемлекет басшысы бұл процестің «экономикалық өсімнің жоғары қарқынын сақтау үшін» маңызды екенін атап өткен болатын. Бүгінгі жекешелендіру нарықтық экономика негіздерін нығайту мақсатында жүргізілуде және бұл бағдарламаның негізгі мақсаты – елдегі жеке бизнесті одан әрі дамуына серпін беру. Бәсекелестік ортадағы мемлекеттің қатысуы мемлекетке тән емес функцияларды жеке секторға беру арқылы барынша қысқартылып, жергілікті бюджетке түсімдер артауда.

Біздің қала бойынша жекешелендірудің көшенді жоспарына сай биыл «Автотөлік жолдарын басқару» коммуналдық-мемлекеттік кәсіпорны жекешелендіріледі.

Халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасын арттырудың негізгі көрсеткіштерінің бірі – қаламыздың әлеуметтік-экономикалық дамуының нәтижелері.

►► 2-бетте

МЕРЕЙ

БАСЫН ТІГІП БӘЙГЕГЕ, БАССЫЗДЫҚҚА КӨНБЕГЕН

Базарбай ӘЛЕУХАНҰЛЫ 60-тың асқарына шығып отыр

80-ші жылдардың аяғына таман Жезқазған облыстық «Жезқазған туы» газетіне отыздың о жақ, бұ жағындағы үш бірдей азамат сау етіп, редакция табылғанын атады. Әшейін келімді-кетімді кісілердің қатарында емес, осындағы қалам ұстағандардың ортасын толықтыру ниеттерімен. Олар: Жаңаарқадан – Ғалым Жайлыбаев, Шет ауданынан – Ғазиз Ештанаев, Қарағандыдан Базарбай Әлеуханов еді. Мүмкін, үшеуі бір мезгілде сау ете қалмаған да шығар, алайда маған үшеуі жұптасып көлгендей көрінеді де тұрады. Жасымыз шамалас болғандықтан көп тосырқасып жатпай, тез-ақ араласып кеткеніміз анық. Ғалым – тұлабойы тұнған ақын, соған орай серілігі мен еркелігі басым, Ғазиз да өлең кестелейтін болып шықты, тек жұмысқа уақытылы келіп, уақытылы кетеді, ал Базарбай бұған дейін Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің өнеркәсіп бөлімінде жұмыс істеп келген, соған орай алғашқы екеуіне қарағанда «тіс қаққан» тәжірибесі бар, ол бірден бізге сондай бөлімге тіпші болып қабылданды. Ірі өндірісті өңірде газеттің өнеркәсіп бөліміне жүктелер жүк өзге бөлімдіктерімен салыстырғанда көп болатын. Сондықтан болар, Базарбай алғашқыда жеке шығармашылығын байқата қоймаған. Үшеуін де шақыртқан бас редактордың орынбасары Сайлаулан Нәкенов еді, сондықтан оларға «бапкерлік» жасау сол кісінің өзіне жүктелді. Сөкең болса, қалап алдырған үш «жүйрігі» қанатының астына алып қана қоймай, отқа да, суға да салып шындай бастады. Оны тапсырмаларды бастырмалата үйіп-тегіп беріп, жұмыс аяғы демей, кештің бір уағына дейін кабинетіне ұстап қалатынынан көріп жүреміз. Үшеуі жәутендеп қалып бара жатады...

Редакция фозіне жігіттер сағат сайын жиналады. Көбісі темекі тарту үшін де, бірден-сараны ғана өңгіме тыңдау үшін. Сондайда байқағанымыз, қатарымызға соңғы қосылған үш жігіттің арасында қалжың сөзге шебері де, қандай тақырып болмасын, өңгімеге үйіріп әкететін де Базарбай еді. Кез келген тосын әрекетті әп-сәтте күлкіге айналдырып ала қояды. Келе-келе байқадық қой, оның барлығы бойындағы сатираның талантынан екен. Кейіндері азды-көпті сатиралық шығармалар жазғаны болмаса, біздер қанша қалағанымызбен ізге салуды құнттамай-ақ қойды өкінішке орай. Әйтпесе, нақ осы сатиралық өңгімелері үшін кейіпкеріміз бір жылдар республикалық «Қазақ әдебиеті» газетінің жыл қорытындысы бойынша сыйлығын жеңіп алғаны бар. Бүкіл қазақ әдебиетінің ахуалын қадағалап, бағыт-бағдар сілтеп отырған бірегей басылымның сыйлығын сонау шалғайдағы Жезқазғанда жатып тамам қаламгердің арасынан жеңіп алу үлкен жетістік екендігі даусыз, өрине.

Бір адамның бойында сатира жазу қабілеті мен ақындықтың болуы сирек құбылыс деп санаймын. Базарбай Әлеуханұлы ақын ретінде өңірге ғана емес, республикаға танымал бүгінде. Оның өлеңдері облыстық «Орталық Қазақстан», республикалық «Қазақ әдебиет» газеттерінде жиі жарияланып тұрады. «Қолымда менің қалам бар» деп аталатын жыр жинағы жарыққа шыққан.

Ақыры, ақындығы туралы сөз қозғағаннан кейін, жыр жинағы жарыққа шыққанда өткізген шығармашылық кешінде жасалған баяндаманың өзінді келтіре кетсем, артық болмас деп ойлаймын. «Салғаннан айтқым келеді, – деп басталыпты баяндама. – Базарбай Әлеуханұлы тұңғыш жыр жинағын жасы елудің жуан ортасына келгенде жарыққа шығарып отыр. Сондықтан, бұл кітап оның өзіне ғана емес, Базарбай шығармашылығын бағалайтын біздің барлығымыз үшін көрі қызын баласындай тым ыстық көрінеді.

Базарбай досымыз, өрине, дәл осындай достық әзілге арқау болайын деген жоқ-ау, оны болдырған және болдырып тұрған өзінің қарапайым мінезі, «бара жатқанның балтасын, келе жатқанның кетпенін тартып алмаққа» жаланып тұратын пиғылдан ада адамгершіл адал қасиеті, жеке бастың емес, көптің күйін күйттеген азаматтық бітім болмасы.

Оған осы тұңғыш жыр жинағын оқып шыққанда көңіл көзіңіз анық жетеді.

Жалпы, ақын сөзі – жүректің сөзі. Басқа алдаса да жүректің алдамтайыны, жалған сөйлемейтіні белгілі.

...Біліп жүрші, Мен бір сөзді кісімің, Халық қана тағдырдың тақсыры. («Тоқта, мырза»).

►► 9-бетте

ТҰРҒЫНДАР НАЗАРЫНА!

ҚАЛА ӘКІМІ ЕСЕП БЕРУ КЕЗДЕСУІНІҢ КЕСТЕСІ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 5 ақпандағы «Орталық атқарушы органдар басшыларының, әкімдердің, ұлттық жоғары оқу орындары ректорларының халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы» №190 Жарлығына сәйкес 2019 жылдың 6 ақпанында Қарағанды облысы Жезқазған қаласы әкімінің тұрғындармен есеп беру кездесуі өтеді

№	Қаланың, селоның атауы	Әкімнің аты, жөні, тегі	Өткізілетін күні мен уақыты	Кездесу өтетін орны
1.	Жезқазған қаласы	Қайрат Баяндыұлы Бегімов – қала әкімі	6.02.2019 ж.	С. Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалық-драма театры, Сәтбаев көшесі, 1, сағ. 15:00

Жезқазған қаласы әкімінің тұрғындар алдында есеп беру кездесулері кезеңінде халықтың ұсыныстарын, ескертулерін мен пікірлерін жинау мақсатымен төмендегі мекенжайларда 2019 жылдың 6 қаңтарынан бастап жөшіктер қойылады:

1. Бейбітшілік даңғылы, 45, «Самади» дүкені, телефон: 73-67-42.
 2. Сәтбаев көшесі, 50, «Юникс» дүкені, телефон: 72-38-00, 72-13-67, 72-14-39
 3. 9-орам, Абай көшесі, 93, «Самади» дүкені, телефон: 76-85-03.
 4. 91-шағын ауданы, Марғұлан көшесі, 29а, «Самади» дүкені, телефон: 78-17-90.
- Жезқазған қаласы әкімінің кездесуі қарсаңында (2019 жылдың 6 қаңтарынан бастап жұмыс күндері дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 09.00-ден 13.00-ге дейін, 14.30-дан 18.30-ға дейін) «Жедел желі» жұмыс істейді. Талап-тілектеріңіз бойынша көрсетілген телефонға хабарласуға болады: 73-66-08.

Жезқазған қаласы әкімінің аппараты

АУЫЛ ӘКІМДЕРІ ЕСЕП БЕРУ КЕЗДЕСУЛЕРІНІҢ КЕСТЕСІ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 5 ақпандағы «Орталық атқарушы органдар басшыларының, әкімдердің, ұлттық жоғары оқу орындары ректорларының халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы» №190 Жарлығына сәйкес 2019 жылдың қаңтарының 23-і мен 30-ы аралығында Кеңір, Талап, Малшыбай селолары әкімдерінің тұрғындармен есеп беру кездесулері өтеді

№	Қаланың, селоның атауы	Әкімнің аты, жөні, тегі	Өткізілетін күні мен уақыты	Кездесу өтетін орны
1.	Талап селосы	Ғабид Елтіндіұлы Битенов – село әкімі	25.01.2019ж.	Талап селосы №14 орта мектебінің акт залы, сағат 11:00
2.	Малшыбай селосы	Қайрат Мұратбекұлы Баланов – село әкімі	30.01.2019ж.	Малшыбай селосы, №15 негізгі мектебінің спорт залы, сағат 11:00

Талап, Малшыбай селолары әкімдерінің тұрғындар алдында есеп беру кездесулері кезеңінде халықтың ұсыныстарын, ескертулерін мен пікірлерін жинау мақсатымен төмендегі мекенжайларда 2019 жылдың 23 желтоқсанынан бастап жөшіктер қойылады:

1. Талап селосы, Молодежная көшесі, 21, №14 ОМ, телефон: 8-7102-92-14-68.
 2. Малшыбай селосы, №15 НМ, телефон: 8-7104-12-05-69.
- Талап, Малшыбай селолары әкімдерінің кездесуі қарсаңында (2018 жылғы 23 желтоқсаннан бастап жұмыс күндері дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 09.00-ден 13.00-ге дейін, 14.30-дан 18.30-ға дейін) «Жедел желі» жұмыс істейді. Талап-тілектеріңіз бойынша көрсетілген телефонға хабарласуға болады: 73-66-08.

Жезқазған қаласы әкімінің аппараты

ЖАСТАР – 2019

ЕЛ ӘЛЕУЕТІН АЙҒАҚТАЙДЫ



Елбасының бытырғы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты халыққа Жолдауындағы игі бастамалардың бірі осы 2019 жылды «Жастар жылы» деп жариялауы еді. Міне, енді жыл басында жұрт болып қолдаған сол бастаманы ресми түрде жүзеге асырудың алғашқы қадамы жасалды.



Елбасының қатысуымен Елордада Жастар жылының ресми ашылу салтанаты өтті. Оған әр салада жемісті еңбек етіп жүрген жастар өкілдері, тіпті, шет елдерде тұратын қандастарымыздың шақырылуы бұл игі шараның ауқымдылығын, еліміздің бүгінгі күні қол жеткізген әлеуетін анық айғақтайды. Жиында көтерілген мәселелер мен айтылған ұсыныстардың қай-қайсысы да – өзекті. Енді сол ұсыныстар негізінде нақты бағдарламалар әзірленіп, жер-жерлерде, тіпті ел аумағынан тыс, қазақ диаспоралары тұратын шет елдерде де жүзеге асуы тиіс.

Жастар жылын жариялауды неге қолдап, бұл бастамаға не үшін қуанып отырмыз? Оның бірнеше себебі бар. Ең бастысы, бұл – болашақты ойлаудан туған іс. Қай заманда болмасын қоғамның қозғаушы күші, алға жетелеушісі – жастар. Жастар дегенде тың идеялар, соны бастамалар ойға оралады. Еліміздің ендігі даму көкжиегін кеңейтетін де осы жастар. Демек, қазір қуаты тасыған, еңселі еліміз ең алдымен жастарды қолдап, оларға мемлекеттік деңгейде демеу көрсетуі – заңдылық.

Жастарымыз да Отанның осы қамқорлығын терең сезініп, озық білімімен, адал еңбегімен лайықты жауап қайтарады деген ойдамын. Бұл ойымның қате еместігіне, жастардың Елбасы сенімін ақтайтынына жиынды, ондағы жалынды жастарды көріп, тағы бір көз жеткіздім. Жастар жылы жарқын істер жылы болсын дегім келеді.

Батырбек МЫРЗАБЕКОВ,
«Құрмет» орденінің иегері, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі,
Қазақстанның Құрметті журналисі.

ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖЫЛЫ БОЛМАҚ

Мемлекет басшысы 2018 жылдың 5 қазанындағы Жолдауында өзі ұсынған Жастар жылын бүгін салтанатты түрде жариялап, ашып берді. Асыл – тастаң, ақыл – жастаң екенін ескерген Елбасы ең алдымен жастарды сөйлетіп, ұсыныс-пікірлерін тыңдап барып өзі сөз алды. Жас та болса күрмеуі қиын істер мен батыл шешімді қажет ететін бастамаларға бас болып жүрген жастардың пікірі биік мінберден айтылды. Алтайдағы аз қазақтың ыстық ықыласын ала келген бүркітші қыз – Айшолпанның сөзі көпті толғанып, көкейге ой салғандай.



«Болайын деген баланың бетін қақпай белін бу» демеуі ме бабаларымыз. Жастарды мұқият тыңдаған Президент «Бабаларымыздың қанымен, аналарымыздың сүтімен келген Тәуелсіздікті біз алып бердік, сендердің қолдарыңа бердік. Тәуелсіздік алу бір басқа, оны сақтау керек» деп жастарға артылған зор жауапкершілікті баса айтты.

Мемлекет басшысы салтанатты жиынға қатысып отырған Үкімет мүшелеріне де Жастар мен отбасы институтын қолдауға байланысты нақты тапсырмалар беріп, бірнеше бағыттағы жұмыстарға серпін берді. Соның ішінде ең ерекше атап өтерлігі – жұмысшы жастарға арналған жалға берілетін пәтерлердің санын көбейту. Бұл ауылдан қалаға келіп қызмет етіп жатқан жастарға, өсіресе жас отбасыларға үлкен мүмкіндіктің бастауы болмақ.

Кейінгі уақытта әлем бойынша еріктілер қозғалысы кең ауқымда әрі қарқынды дамып келе жатқаны жабырын емес. Елбасы осы мәселені де назардан тыс қалдырмай, жастарға өрі салды. Ерікті болу әуелі өзіннен, өз отбасынан басталуы қажеттігін

түсіндірді. Ұлтымыздың тәрбиесіндегі үлкенге құрметпен, кішіге ізетпен қарау, ата-ананы ардақтап, оларға қамқорлық жасау сияқты қасиеттер адамдар арасындағы мейірімділіктің және ізгіліктің бастауы болатынын түсіндірді. Сол арқылы кез келген адам ерікті болып, айналасына қамқорлықпен қарауға және қоғамға жақсылық жасауға ұмтылуы тиіс екендігін еске салды. Бұл бағыттағы жұмысты ширату үшін де ерікті студенттердің стипендиясын арттыруды нақты тапсырды.

Қорыта келе, Елбасының жастар жылын салтанатты түрде ашып, жаңа бастамаларға серпін беріп Тәуелсіз Қазақстан тарихындағы жаңа беттің ашылуымен пара-пар оқиға ер едім. Жастардың жасампаз жылы біздің өз арамыздан әлемдік өркениетті өзгерте алатын жас азаматтардың өсіп шығуына себеп боларына сенемін!

Арман КЕНЖЕБЕК,
Ө.А.Байқоңыров атындағы
Жезқазған университетінің «Рухани
жаңғыру» орталығының жетекшісі

ЕЛ ЕРТЕҢІ ҮШІН МАҢЫЗДЫ БЕЛЕС

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев 2019 жыл – «Жастар жылын» сәрсенбінің сәтінде ЕХРО-2017 «Нұр әлем» көрме кешенінде салтанатты түрде жариялап, ашып берді. Ресми шара басталмас бұрын Елбасымыз әуелі жас дарындардың ойларымен пікірлерін тыңдап, еңбектерін тамашалады.

Қазақстанның түпкір-түпкірінен келген жас ғалымдар өздерінің соңғы технологияда жасаған еңбектерін ұсынды. Жас ғалымдардың жұмыстарына қазірдің өзінде шетелдік және отандық компаниялар қызығушылық танытып отырғаны барлық жастар үшін үлкен мәртебе. Елбасымыздан бастап барлық аға буын өкілдері бұл жынға галстуксыз қатысып, жиын еркін формада өткені бізді ерекше қуантады. Ал, Президенттің бастамасын тыңдаған жастар болса үнемі мемлекеттің қолдауын сезінетіндерін атап өтті.

Қазіргі таңда жас буынның үлесі елімізде 4 млн-нан асады. Ал, бүгінгі жиында осы жастардың әлеуметтік мәселелеріне ерекше екіпін берілді. Оның ішінде Елбасы 4 бағытқа айрықша тоқталып өтті. Олар: жастардың білім алуы, тұрақты жұмысқа орналасуы, баспана мәселесі сонымен қатар, отбасы құрауы. Себебі, елімізде қазір баспанасыз жүрген отбасылар аз емес, осы мәселелердің түйінін тарқату жолдары талқыланды. Бұдан бөлек студенттерді жатақханаман қамтамасыз ету мәселесі, жастардың тұрақты жұмысқа орналасу мәселелері де айтылды. Жалпы аталған жиында жастарға арналған барлық сауалдарға жауап табылды. Өзіме «Жастардың бойында әлеуметтік жауапкершілік, қоршаған ортаны аялау сезімін қалыптастыру негізгі міндет болып табылады. Әсіресе, үлкенге құрмет, кішіге ізет білдіру, мейірімділік пен адамгершілік қасиеттерін дарыту маңызды зор. Біздің ата-бабамыздан қалған салтымыз бар, кішілер үлкенді сыйлайды, ерлер әйелді сыйлайды. Қазақстанда жетімдер үйі мен қарттар үйі болмау керек. Біз жастардың жүрегінен жанашырлық пен қамқорлық күтетімізді ұмытпаған жөн» – деген Елбасымыздың қанатты сөздері ерекше әсер қалдырды.

«Жастар жылы» ең алдымен елдің ертеңі Ел болашағы үшін еңбек ету өркінің міндеті! Біз Елбасымыздың жастарға артқан үмітін ақтауға дайынбыз!

Абай БАҒҒАЙ,
«Нұр Отан» партиясы жанындағы «Жас Отан» жастар қанатының
Жезқазған аймақтық атқарушы хатшысы



ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЕСЕБІ ҚАРСАҢЫНДА

БОЛАШАҚҚА НЫҚ СЕНІММЕН

Жезқазған қаласының әкімі Қ.Б. БЕГИМОВТІҢ 2018 жылы атқарған жұмыстары туралы халық алдындағы ЕСЕБІ

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Өнеркәсіп

Мемлекеттік индустриаландыру бағдарламасының екінші бес жылдығы басымдықтарына сәйкес қаланың өнеркәсіп секторын дамыту жалғасуда.

2018 жылы өнеркәсіп кәсіпорындары 348,6 млрд теңгені өнімін шығарды, бұл – 2017 жылмен салыстырғанда 12,3 млрд теңгеге артық.

Өздеріңіз білетіндей, біздің аймақтың дамуында 2018 жылы іске қосылған Жезқазған мыс қорыту зауытының екінші кен қыздыру пеші ерекше маңызға ие, ол 600 жаңа жұмыс орнын ашуға және мыс өндірудің бір жылдық көрсеткішін тағы 100 мың тоннаға арттыруға мүмкіндік берді.

Өнеркәсіп өнімдері көлемінің артуы Индустриаландыру картасы жобаларын жүзеге асыруға ықпал етті.

Екінші бес жылдық бойынша Индустриаландыру картасына жалпы инвестиция көлемі 16,1 млрд теңге болатын 11 жоба қосылды.

2010 жылдан бері 6,7 млрд теңгенің 9 жобасы жүзеге асып, 650 жаңа жұмыс орнын ашу мен 1,9 млрд теңгенің өнімін шығаруды қамтамасыз етті.

Кәсіпкерлікті қолдау картасынан тыс 2018 жылы желтоқсан айында «ҚазТехФилтър» ЖШС-ның «Іштен жанатын қозғалтқыштардың ауа сүзгілері элементтерін шығару өндірісін кеңейту және жаңғырту» және «Жалтырбулақ» АҚ-ның «Құрамында алтын кені бар смоланы өңдеу цехінің құрылысы» сынды екі жоба іске қосылды. Бұл жобаларда 32 жаңа жұмыс орны ашылып, жалпы инвестиция көлемі 590 млн теңгені құрады.

«Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы бойынша 2018 жылы құны 2 млрд теңге болатын 250 жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік берген «ULYTAU NAN» ЖШС-ның нан өнімдерін шығару зауыты» жобасы жүзеге асты. Мұнда өндіріс технологиясы цифрландыру талаптарына толық жауап береді және зауыт ел аумағындағы алдыңғы қатарлы кәсіпорын болып саналады.

Индустриаландыру картасына қатысушы кәсіпорындардан мемлекет бюджетіне 240 млн теңге түсіп, бұл салықтық түсімдердің жалпы көлемінің 3%-дан астамын құрады.

2018 жылы іске қосылған кәсіпорындардың жобалық қуатына көшуі өнеркәсіп өнімдерінің көлемін 0,7%-ға арттыруға мүмкіндік береді.

2019 жылы өнеркәсіп секторын дамыту бағытындағы жұмыстар жалғасатын болады.

Ең алдымен бұл - 2019-2020 жылдарға жоспарланған жалпы құны 9,4 млрд теңге болатын, жаңа 247 жұмыс орнын ашуға мүмкіндік беретін 2 жобаны, яғни, «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС-ның «Қара мыс концентратын гидрметаллургиялық өңдеу тәжірибелік зауытының құрылысы» және «ҚазХимСинтез» ЖШС-ның «Өнеркәсіптік реагент шығаратын химиялық зауыт құрылысы» жобаларын іске қосу.

Инвестициялар

2018 жылдың қорытындысы бойынша капитал салудың оң динамикасы байқалып, инвестиция салу 2017 жылмен салыстырғанда 2,2 есеге өсті. Қала экономикасына 26,4 млрд теңге инвестициялардың түсуіне қол жеткізілді.

Негізгі капиталға құйылған инвестициялардың ішінде ауқымды үлес кәсіпорындардың өз қаражаттарына тиесілі – 91,7 % немесе 24,2 млрд теңге, бюджеттік инвестициялар көлемі 8,3 %-ды немесе 2,2 млрд теңгені құрады.

Мемлекет басшысы өзінің халыққа Жолдауында мемлекеттік ресурстардың шектеулілігі жағдайында инфрақұрылымды дамыту мен инвестиция салудың негізі мемлекеттік-жеке меншік әріптестігі (МЖӘ) механизмі болуы керектігін атап өткен болатын.

2018 жылы қалада мемлекеттік-жеке меншік серіктестіктің жалпы инвестиция көлемі 367 млн теңге болатын, жаңа 73 жұмыс орны ашылған төрт жобасы сәтті жүзеге асты. Олар:

- «Жезқазған қаласының орталық ауруханасы» КМК базасында магниттік-резонанстық кабинет ашу, жеке серіктес – «CentreNovaDiagnostic» ЖШС, жобаның жалпы құны – 187 млн теңге;
- «Жезқазған қаласының орталық ауруханасы» КМК базасында офтальмологиялық орталық ашу, жеке серіктес – «MD Vision» ЖШС, жобаның жалпы құны – 40 млн теңге;
- Жезқазған қаласында балаларды оңалту орталығын ашу, жеке серіктес – «Аура» ЖШС, жобаның жалпы құны – 70 млн теңге;
- Жезқазған қаласында оңалту орталығын ашу, жеке серіктес – «Аура Сервис» ЖШС, жобаның жалпы құны – 70 млн теңге;

2019 жылы мемлекеттік-жеке меншік серіктестік аясында Жезқазған қаласында тәрбиандо орталығын ашу және «Қауіпсіз қала – көшелерді жарықтандыруды жаңғырту» және «Жезқазған қаласын абаттандыру және көгалдандыру» сынды жалпы инвестиция көлемі 5,2 млрд теңге болатын екі жобаны жүзеге асыру жоспарлануда.

Агроөнеркәсіптік кешен

Аграрлық секторды дамыту бойынша барлық іс-шаралар нарықта сұранысқа ие, бәсекеге қабілетті өніммен қамтамасыз ету міндеттерін жүзеге асыруға бағытталды.

2018 жылдың қорытындысы бойынша ауылшаруашылығы жалпы өнімінің көлемі 4,6 млрд теңгені құрап, 2017 жылмен салыстырғанда 1,1%-ға өсті.

Бүгінде қаланың агроөнеркәсіптік кешені құрамына 234 ауылшаруашылық құрылымы, сонымен қатар ауылшаруашылығы өнімдерін өңдеуші «Сүт Жағасы» ЖШС, «Баян» ЖШС кіреді. «Сыбаға» және «Алтын асық» мемлекеттік бағдарламаларының енгізілуіне байланысты ауыл шаруашылығында оң өзгерістер байқалуда.

Есепті жыл ішінде осы бағдарламалар аясында 33 шаруа қожалығы 31,8 млн теңге субсидия алды.

4 шаруа қожалығы импорттық 220 бас ұрғашы ірі қара мал сатып алу үшін 138 млн теңге көлемінде жеңілдікпен кредиттік қаражат алды.

«Өнімді жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы» аясында жалпы сомасы 70 млн теңге болатын 15 микрокредит берілді.



Сонымен бірге, мемлекет тарапынан кәсіпкерлікті дамыту үшін жасалып жатқан жағдайлар азаматтардың өз ісін ашу мен кеңейту белсенділігін арттырып отыр. «Айыртау Агро» ЖШС өз қаражатына импорттық 170 бас ұрғашы ірі қара мал алды.

Мемлекет пен ауылшаруашылығы өнімін өндірушілер тарапынан жасалып жатқан қолдау шараларының арқасында жыл сайын мал басы және мал шаруашылығы өнімдерінің тұрақты өсуі қамтамасыз етілуде.

2017 жылмен салыстырғанда ірі қара мал саны 0,7 %-ға, жылқы 8%-ға, үй құстары 5,6%-ға өсті. Сүт өндіру 2, жұмыртқа 12,1%-ға артты.

Биыл жалпы өнім көлемі 2018 жылмен салыстырғанда 49 %-ға артып, 6,9 млрд теңге көлемінде болады деп жоспарлануы отыр. Өсімге қол жеткізу мал шаруашылығын дамыту және ауылшаруашылығы құрылымдарының мемлекеттік қолдауды

Кеңгір ауылдық округінде «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС бақша егу үшін 104 гектар жерді игерді. 2018 жылы 2200 тонна картоп жиналды, бұл тұрғындардың картопқа сұранысын 39,5%-дан 23%-ға дейін төмендетуге мүмкіндік берді.

Ауылшаруашылығы жерлерін түгелдей жұмыстары жүргізу барысында 55,5 мың гектар жерді пайдаланбай отырған 63 жер пайдаланушы анықталды.

Бүгінгі таңда мемлекет меншігіне шешімдердің күшін жою жолымен жалпы аумағы 20,5 мың гектар болатын 29 жер учаскесі қайтарылды. 32 жер пайдаланушы ауданы 30,3 мың гектар болатын жерді игеруді бастады.

Мемлекет меншігіне қайтарылған жер учаскелерінен қайтадан пайдалануға беру үшін жалпы ауданы 13,0 мың гектар болатын 10 жер учаскесіне конкурс жарияланды, ауданы 7,9 мың гектар болатын 8 учаске



пайдалануы арқылы мүмкін болмақ. Осы мақсатта мал басын арттыруға арналған 15 микрокредит, 40 млн теңгеден асатын 35 субсидия, сонымен бірге, шаруа құрылымдарының өз қаражаттарын салу күтілуде.

Атқарушы билік қызметінің басым бағыттарының бірі қала мен оған жақын орналасқан ауыл тұрғындарының өмір сапасын арттыру болған және болып қала береді.

2018 жылы инфляциялық процестерді тежеу және халықты қолжетімді бағадағы бірінші қажеттілікке жататын өнімдермен қамтамасыз ету мақсатында қалада 52 ауылшаруашылығы жәрмеңкесі ұйымдастырылып, 963 млн теңгенің өнімі сатылды. Оған жергілікті тауар өндірушілер, шаруа қожалықтары мен саяжай иелері қатысты.

Қалада бес әлеуметтік бағыттағы дүкен жұмыс істейді, сондай-ақ, қала халқы күн сайын әлеуметтік маңызды бар өнімдерді екі әлеуметтік павильоннан орташа нарық бағасынан арзанға сатып алу мүмкіндігіне ие. Әлеуметтік павильондар тұрақты жұмыс істейді.

Жергілікті тауар өндірушілермен әлеуметтік маңызды өнімдердің көтерме және бөлшек бағасын өсірмеу туралы түрлі меморандумдар жасалған.

«Қазақмыс» корпорациясының қолдауымен инфляциялық процестерді тежеу мақсатында Кеңгір ауылы аумағында «ULY DALA» гипермаркеті ашылды, онда Жезқазған және Сәтбаев қалаларының тұрғындары бірінші қажеттілікке жататын өнімдерді қолжетімді бағаға ала алады.

Қалада жаңадан «Самади» супермаркетінің құрылысы жүріп жатыр. Онда да бағалар әлеуметтік сипатта болады. Бірінші қажеттілікке жататын тауарлардың бағасын негізсіз өсіруді болдырмау жұмыстары жалғасады және тұрақты бақылауда болады.

Ветеринария

Жыл сайын ветеринарлық қызмет ветеринарлық-санитарлық талаптардың сақталуы мақсатында жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы жоспарлы профилактикалық іс-шаралар өткізеді. 2018 жылдың жоспары 100 %-ға орындалды. 49 520 ауылшаруашылық жануарларына екеп жасалып, 45 595-і диагностикалық тексеруден өтті.

4839 бұзау, 2129 құлын, 10693 бас қозылаққа, 647 торайға, 20 бас ботаға 19,1 млн теңгеге ең салынып, сыра тағылды.

Есепті кезең ішінде 2324 қаңғыбас ит пен 835 мысық ауланды, жойылды.

Ит, мысықтарды ұстауға және тамақтандыруға арналған қабылдағыш ашылды.

Сондай-ақ, бытыр ветеринарлық-санитарлық талаптарға сай 4 мал қорымын ұстау ұйымдастырылды.

Жер қатынастары

Қазақстан Республикасы жер заңнамасының негізгі қағидаларының бірі – ауылшаруашылық мақсатындағы жерлерге басымдық беру. Жезқазған қаласына қарасты жердің жалпы ауданы 859 872 гектарды құрайды, оның ішінде Кеңгір, Сарыкөңгір және Талап ауылдық округтарының аумағы – 683 775 гектар, Жезқазған қаласының аумағы – 176 097 гектар.

Жезқазған қаласына қарасты жердің ішінде суармалы ауылшаруашылық жер ауданы – 5 512 гектар.



айналымға берілді. Өтпей қалған 2 конкурс және қалған 19 жер учаскесіне 2019 жылдың бірінші тоқсанында конкурс жарияланатын болады.

Жұмыс тобы қала прокуратурасымен бірлесіп анықталған жер заңнамаларын бұзушылықтарды зерделеу бойынша іс-шаралар өткізді, нәтижесінде 139 анықталған пайдаланылмаған жер учаскелерінің ішінде:

- 16 жер пайдаланушымен жер учаскесін жалға алу келісім-шарты бұзылды;
- 15 жер пайдаланушы жер учаскелерін игеруді бастады;
- Анықталған 81 факт бойынша жер учаскесін игеру үшін белгіленген уақыт өліп келмеген, аталған учаскелер бойынша мониторинг тұрақты түрде жүргізілуде;
- 4 жер пайдаланушы Жерді пайдалану және қорғауды бақылау басқармасы кемшіліктерді жою туралы нұсқама берді;
- жер учаскелерін пайдаланбаудың 23 фактісі бойынша құжаттар жергілікті атқару және прокуратура органдарының қарауында.

Аталған мәселе тұрақты бақылауда, жер заңнамасын бұзушылықтарды жою жұмыстары жалғасатын болады.

Жеке тұрғын үй құрылысын салу үшін жер учаскесін алу кезегінде 3321 адам тіркелген, дайын болған 670 жер учаскесінің 389-ы берілді.

Ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлер бойынша жалпы ауданы 26 793 гектар болатын 28 жер учаскесіне конкурс өткізілді, конкурс нәтижесі бойынша ауданы 17 757 гектар 18 жер учаскесі берілді.

Жыл басынан бері коммерциялық мақсаттағы 100 жер учаскесі сауда-саттыққа шығарылды, ауданы 8, 2042 гектар, жалпы құны 11,2 млн теңге 63 жер учаскесіне құдық берілді.

Шағын және орта бизнес

Қаладағы басын бағыттардың бірі – шағын және орта бизнесті (ШОБ) дамыту және қолдау.

Қазіргі уақытта жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес субъектілерінің саны – 5557 бірлік, бұл бытырғы жылғыдан 367 бірлікке артық.

2018 жылы «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында кәсіпкерлердің іскерлік белсенділігін ынталандыру үшін 31 жобаға қолдау жасалды, олардың ішінде 18 субсидия, 12 кепілдік және 1 жетпей тұрған инфрақұрылымды жүргізу жөніндегі 1 жоба. Бұлардың жалпы құны 964,7 млн теңгені құрады.

Қаржылық емес қолдаудың түрлі бағыттарымен 400 адам қамтылды, 29-дан астам консультация берілді.

«Өнімді жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы» аясында 2018 жылдың басынан бері 5 адам 75 млн теңге болатын микрокредит алды.

Кәсіпкерлік саласында оң климат қалыптастырудың нәтижесінде жаңа сауда және кызмет көрсету нысандары ашылды.

Өткен жылы қалада 28 ШОБ нысаны ашылып, 3,2 млрд теңге көлемінде инвестиция құйылды, жаңадан 280 жұмыс орны пайда болды. Мысалы

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЕСЕБІ ҚАРСАҢЫНДА

БОЛАШАҚҚА НЫҚ СЕҢІММЕН

Жезқазған қаласының әкімі Қ.Б. БЕГІМОВТІҢ 2018 жылы атқарған жұмыстары туралы халық алдындағы ЕСЕБІ

(Жалаасы. Басы 1,2-беттерде)

Шағын және орта бизнесінің қала экономикасына белсенді атсалысуы негізгі көрсеткіштердің оң динамикасынан көрініс тапты.

Шағын және орта бизнес саласындағы өнім көлемі 34,3 млрд теңгені немесе 2017 жылмен салыстырғанда 101,5 %-ды құрады.

Экономиканың бұл секторында 14 мыңнан астам адам еңбек етеді, бұл – қала халқының экономикалық белсенді бөлігінің үштен бірі.

Бүгінгі таңда ШОБ-тың қала экономикасындағы үлесі 10 %-дан асады, ал жалпы түсімдердегі үлесі – 36 %-дан астам.

Быыл ШОБ-ты дамытудың қарқыны сақталады және жалпы сомасы 1,6 млрд теңгені құрайтын 20 нысан ашу жоспарлануда. Осының арқасында жаңадан 90 жұмыс орны ашылды, салық түсімдері 18 млн теңгені құрамақ. Олар: «А-төрт» ЖШС, «Самади» гипермаркеті сынды ірі нысандар бар.

Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау

Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау саласында 2018 жылы негізгі міндет экономиканың барлық саласында жаңа жұмыс орындарын ашу, азаматтарды өнімді еңбекке жұмылдыру және жұмыссыздық деңгейін төмендету болды.

Өткен жылдан бері қалада өнімді жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы белсенді жүзеге асуда. Осы бағдарлама аясында бағдарламаның 20 қатысушысына 144,8 млн теңге микрокредит берілді.

Жұмыспен қамтуды қолдау шараларының арқасында 3345 жұмыссыз жұмысқа қамтылды. Бұл былтырғы жылғы деңгейден 109 %-ға жоғары, 115 адам әлеуметтік жұмыс орындарына, 121 адам жастар практикасына жолдама алды. Бұл өткен жылдың көрсеткіштерінен 1,3 есеге артық. Ақы төленетін қоғамдық жұмысқа 617 адам қатысты, бұл өткен жылдың қаңтар-желтоқсандағы көрсеткішінен 100,2 %-ға артық.

Өткізілген іс-шаралардың нәтижесінде жұмыссыздық саны өткен жылдағыдан 10 %-ға төмендеп, 188 адамды құрады.

Есепті жыл ішінде 1025 жаңа жұмыс орны ашылды, оның ішінде 267 жұмыс орны – тұрақты немесе жоспардың 102,2 %-ы.

Быыл 1025 жаңа жұмыс орнын, оның ішінде 268 тұрақты жұмыс орнын ашу жоспарлануда.

2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап Мемлекет басшысының тапсырмасымен «100 нақты қадам» Ұлт жоспарына сай аз қамтылған азаматтарды қолдаудың жаңартылған түрі – атаулы әлеуметтік көмек жаңа форматта көрсетілуде.

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға 133 отбасы немесе 559 адам өтініш берген, оларға 29,8 млн теңге көлемінде атаулы әлеуметтік көмек тағайындалып, берілді.

Жыл басынан бері үйден оқытылатын мүмкіндігі шектеулі 47 балаға 1,1 млн теңге көлемінде материалдық көмек көрсетілді.

26 отбасыға тұрғын үй көмегі тағайындалып, 516,3 мың теңге төленді.

Арнаулы әлеуметтік көмек алатын 14 жалғызбасты зейнеткер мен мүгедекке 375,3 мың теңге көлемінде өтемақы төленді.

Соғыс ардагерлері мен оларға теңестірілгендерді, мүгедектер мен зейнеткерлерді қолдау жергілікті атқарушы билік органдарының басты назарында бола бермек. Барлығы 6,5 мыңнан астам азаматқа жалпы сомасы 35,3 млн теңге әлеуметтік көмек көрсетілді. Бұл 2017 жылмен салыстырғанда 15%-ға артық.

Мүгедектерді қолдау мен оңалтуға ерекше назар аударылды. 134 мүгедек сурдо-тифлотехникалық құралдармен қамтамасыз етілді, 51 адам арба-орындық алды, санитарлық-курорттық емдеуге 38 адам жіберілді.

Қалада аймағымыздағы жалғыз мүмкіндігі шектеулі балаларды күндіз қарайтын «Аяла алақан» орталығы жұмыс істейді. Онда логопед, психолог қызметі көрсетіліп, емдік массаж жасалады. Балаларға түрлі дамытушы ойындар, қалаға экскурсия ұйымдастырылады.

Мүмкіндігі шектеулі 195 балаға және 345 жалғызбасты қарттар мен мүгедектерге үйінде қызмет көрсету жалғасын тапты.

Білім беру

Мемлекет басшысы атап өткендей, «Жастардың басымдықтары жүйесінде білім беру бірінші тұры керек. Біздің міндет – экономикалық өсудің жаңа моделінде білім беруді орталық звеноға айналдыру». Осыған байланысты, мектептер арасындағы «Назарбаев зияткерлік мектептерінің» тәжірибесін тарату мәселелері бойынша оқыту байланыстарын кеңейту және тереңдету мақсатында қаламызда өткен жылдың маусым айында «Ұлы дала мұрагерлері» форумы өтті. Оның жұмысына Жезқазған аймағынан 3 мыңнан астам оқушы мен мың шақты педагог қатысты.

Білім беруді дамытудағы басым бағыт балаларды (3-6 жас аралығы) мектепке дейінгі білім және тәрбиенен қамту, 2018 жылы 1-6 жас аралығындағы балалардың қамтылуы 73,4 %-ды құрады, бұл 2017 жылмен салыстырғанда 3,4 %-ға жоғары. 130 орындық 3 жеке балабақша ашылуы есебінен 3-6 жас аралығындағы балаларды қамту көрсеткіші 95,8%-дан 96,6%-ға немесе 0,8 пайыздық пунктке артты.

2019 жылы 580 орындық тағы 3 жеке мектепке дейінгі ұйым (Гоголь көшесінде «Алтынбеков» ЖК, «Маденов» ЖК, Дев көшесінде «Тажбенов» ЖК) ашу жоспарлануда, бұл 1-6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі тәрбие және білімнен қамтуды 73,4%-дан 77,5%-ға, 3-6 жас арасындағы балалардың қамтылуын 96,6%-дан 100%-ға арттыруға мүмкіндік береді.

Оқушылардың толыққанды тамақтандырылуы тұрақты назарға алынды, олардың мектепке кездерігіс баруына, оқулықпен қамтамасыз етілуіне жағдай жасалуда.

Жаппай оқыту қоры қаражаты есебінен аз қамтылған отбасылардағы 1-11 сынып оқушылары тегін ыстық тамақпен қамтылды, мектептердегі жағзы демалыс лагерлеріне аз қамтылған отбасылардың балалары қамтылып, 85 млн теңге қаражат бөлінді. 2019 жылы осы мақсатқа 103,1 млн теңге (мектептерді ұстау шығынының былығы көрсеткішінен 3,5 %-ға артық) қарастырылды.

Жыл сайын қала мектептерінің мектептен жырақта тұратын оқушыларын қоғамдық көлікте жеңілдікпен тасымалдау, сонымен қатар, Геологический елді-мекенінің балаларын №13 мектепке тасымалдау ұйымдастырылып отыр. 2018 жылы 1700 бала жеңілдікпен жол жүріп, осы мақсатқа 29,6 млн теңге бөлінді. 2019 жылы мектеп оқушыларының жеңілдікпен жол жүруіне 31,3 млн теңге бөлінді.

Есептік кезеңде 1,3,6,8-сыныптар үшін 202,7 млн теңгеге 191,4 мың оқулық сатып алынды. 2019 жылы 199 млн теңгеге 106,8 мың дана оқулық сатып алу көзделген.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында мектептерді пәндік модификациялы кабинеттермен жабдықтау жұмыстары жүргізілуде. 2018 жылы қала мектептерінің жаңа модификациялы кабинеттермен қамтамасыз етілуі 82,5% құрады. Жалпы сомасы 65,6 млн теңге болатын 18 кабинет, оның төртеуі биология, екеуі физика, екеуі химия және 10 еңбекке баулу кабинеттері сатып алынды. 2019 жылы 278,2 млн теңгеге тағы 59 кабинет сатып алу жоспарланған. Сонда жаңа модификациялы кабинеттермен қамтамасыз етудің көрсеткіші 82,5%-дан 100%-ға артады болады.

Орта білім беру мекемелерінің компьютерлермен жабдықтауын жақсарту мақсатында 2019 жылы 151,6 млн теңгеге 529 дана компьютер сатып алу көзделген. Соның нәтижесінде 1 компьютерге – 9 оқушы көрсеткіші 6,5-ке дейін төмендейді.

2018 жылы жалпы сомасы 29 млн теңгеге жиынтықтағы 1888 дана мектеп жиһазы сатып алын-

ды. Үстіміздегі жылы 18,1 млн теңгеге жиынтықтағы 979 мектеп жиһазын, 3,9 млн теңгеге 109 тақта, 28,2 млн теңгеге төрт секциялы 1220 шкаф сатып алу қарастырылған. Нәтижесінде мектеп жиһазымен жабдықтау көрсеткіші жақсарып, 87 %-дан 100% пайызға дейін артты.

Сонымен қатар, 2019 жылы №8 гимназия мен №9 мектепті жалпы құны 32,7 млн теңге болатын IT-сыныптарымен жабдықтау жоспарлануда. Сондай-ақ, қаланың 6 мектебіне 21,3 млн теңгеге асхана жабдықтарын, 10,8 млн теңгеге асханаларға арналған жиһаз және 10,5 млн теңгеге спорттық жабдықтар сатып алу қарастырылған.

Қаладағы барлық мектептер кең жолақты галамтор желісіне қосылған.

Білім беру мекемелерінде 2018 жылы облыстық бюджет есебінен 165 млн теңгеге алты мектеп пен екі балабақшада күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. 44 млн теңгеге №133 мектеп пен №№1, 10 балабақшалар шатыры ауыстырылып, 121,7 млн теңгеге №№133, 3, 9 мектептер мен №№8, 26 гимназияны, сондай-ақ, №7 мектеп-лицейдің терезелері жаңартылды.

Сонымен қатар, облыстық бюджеттен



қарастырылған 200 млн теңгеден астам қаржыға білім беру мекемелері ағымдағы жөндеуден өтті. Атап айтқанда, жылу жүйесі, ауыз су құбыры мен көріз жүйесі ауыстырылып, ішкі құрылыс жұмыстары мен өзге де жөндеулер жүргізілді.

Жергілікті бюджеттен бөлінген 129 млн теңгеге №1 орта мектептің ғимараты күрделі жөндеуден өтті.

№2 Кеңгір селосы, №14 Талап селосы, №15 Малшыбай селосындағы ауыл мектептеріне ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Ал, 2019 жылы қалалық бюджет есебінен жалпы сомасы 135 млн теңгеге Кеңгір селосының №2, Талап селосының №14 мектептерінің шатыры күрделі жөндеуден өтіп, №13 мектептің терезелері ауыстырылады деп жоспарланған.

Білім беру саласындағы маңызды әлеуметтік жобалардың бірі ретінде «Жарқын ақыл» білім және даму орталығының ашылуын айтуға болады. Бұл орталық Сәуле Шауенова басқаратын «Ютария LTD»

17 спортшы, бұқаралық разрядтағы 216 спортшы даярланды.

225 жезқазғандықтың таэквандо мен самбодан Азия ойындары мен ел чемпионатының, еркін және грек-рим күресінің халықаралық турнирлерінің, сондай-ақ, қазақ күресі мен белбеу күресінің байдарка мен каноэда ескек есуден өткен облыстық, республикалық жарыстардың жеңімпаздары атанғанын айтай кетпеске болмас.

Индонезияның астанасы Джакартада өткен Азия ойындарының самбодан чемпионы Бағлан Ибрагим, таэквандодан жасөспірімдер мен жастар арасындағы Азия чемпионы алтын иеленген чемпион Әлібек Ермебай, әйелдер арасындағы ҚР құрама командасының мүшесі, Қазақстан Республикасының бірнеше дүркін чемпионы, қадеттер арасындағы Азия чемпионы, 2017 жылы Парижде өткен әйелдер арасындағы Әлем Чемпионатының қатысушысы Зарина Қунангараева, сондай-ақ, самбодан ҚР спорт шебері, самбодан ҚР чемпионының және Моңғолияның астанасы Ұлан-Батырда жалауын көтерген Азия чемпионының жеңімпазы атанған Әділет Саяжанов 2018 жылы жетістігімен ерекшеленіп, қаламыздың абыройын

асақтатып, мақтанышымызға айналды.

Біздің жеңімпаз спортшылардың әр жеңісінде жаттықтырушы-бапкерлердің тынымсыз еңбегі жатыр. Олар: С.М.Серіков, Т.Е.Талипов, Н.К.Борисова, Б.А.Отыңши, М.Т.Аманов, В.Т.Жевағи, Д.К.Сарсенбаев, Е.С.Ибраев және басқалар. Біз жерлес спортшылар мен олардың бапкерлерін мақтан тұтамыз!

Жезқазғанда алғашқы рет ұлттар мен ерлер арасындағы самбо және ескери самбодан Қазақстан Республикасының Чемпионаты өткен болатын. Чемпионатқа еліміздің 14 облысы мен Астана, Алматы қалаларынан ер және әйелдер құрама командалары қатысты. Байрақты бөсекке жезқазғандық спортшылар ҚР спорт шебері Бағлан Ибрагим 52 келі салмақ дәрежесінде, ҚР спорт шебері Әділет Саяжанов 57 келі салмақта алтын медаль иегері атанды. Сонымен қатар, олардың Ұлан-Батырды өткен Азия Чемпионатында да бағы жанды.

Қос палуан Бағлан Ибрагим мен Әділет Саяжановқа



әлеуметтік бағыттағы кәсіпорнының бастамасымен ашылды. Мұнда балаларды цифрлық сауаттылыққа, бағдарламалық үгіздеріне, робот техникасына және ағылшын тілін үйрететін робот техникасы, ағылшын тілін оқыту кабинеттері, IT-сынып пен коворкинг орталық жабдықталған.

Қала мен жастар болашағына деген мұндай қамқорлық басқа да бизнес өкілдеріне үлгі бола алады.

Дене шынықтыру және спорт

Мемлекет басшысының спорт саласын дамыту бағытындағы халықтың 30%-ын спортпен жүйелі түрде айналысуға тарту міндетін орындау бірінші кезекте салауатты өмір салтын насихаттаумен, бұқаралық спорт түрлері мен инфрақұрылымның дамуымен тікелей байланысты.

Жезқазғанда жүйелі түрде дене шынықтыру мен спортпен айналысатындардың саны 2018 жылы 27146 тұрғынға жетті. Бұл 2017 жылғы көрсеткіштен (2017 жыл – 26864) салыстырғанда 1,1% артық және жалпы халық санының 29,75 % құрап отыр. Балалар мен жасөспірімдерді жалпы білім беретін мектептер мен спорт мектептеріндегі спорттық секцияларға тарту жалпы балалар мен жасөспірімдер санының 28% құрады.

Балалар мен жасөспірімдердің және жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру үшін жыл сайын футбол алаңдары қалыңа келтіру мен хоккей корттарын жабдықтау бойынша біршама жұмыстар атқарылды. 2018 жылы 41 млн теңгеге 5 хоккей корты орнатылды.

Қалада мектеп, кәсіптік мектеп пен колледж оқушылары және барлық мәншік нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың жұмыстарына арналған спорттық сайыстар мен спартакиадалар өткізу дәстүрге айналған. Жезқазғандық спортшылар қалалық, облыстық және республикалық жарыстарға тұрақты түрде қатысады. Есептік кезеңде 24,5 мың тұрғынның қатысуымен барлығы 150 спорттық шара ұйымдастырылды. Бұл 2017 жылмен салыстырғанда 1,2 есеге артық.

2018 жылы ҚР-дың 8 спорт шебері (2017 жылы - 4), 24 ҚР спорт шеберлігіне кандидат, 1-разрядтағы

интервенциялық кардиология орталығы ашылды. Ашылған сәттен бастап мұнда 500-ден астам науқас тексеріліп, емделді.

Мемлекеттік-жеке меншік серіктестік принципі бойынша 40 орындық «Аура Сервис» балаларды оңалту орталығы жұмыс істейді. Онда 2018 жылы 331 бала ем қабылдады.

Аталған шаралардың барлығы денсаулық сақтау жүйесін дамытуға оң әсерін тигізді.

2018 жылы 38 млн теңгеге туберкулезге қарсы облыстық балалар шипажайының ғимараты мен 74 млн теңгеге медициналық колледждің стоматологиялық корпусы жөндеді.

Үстіміздегі жылы аурухана қалашығын қалпына келтіру және консультациялық-диагностикалық орталықтың күрделі жөндеу жұмыстары аяқталды.

Қабылданған кешенді шаралардың нәтижесінде есептік кезеңде туберкулез індетінен көз жұмғандардың саны 41,7%-ға (100 мың адамға шаққанда 13,2-ден 7,7-ге дейін) төмендеді, жалпы өлім-жітім 3,5%-ға (1000 адамға шаққанда 9,51-ден 9,18-ге дейін) азайды. Сонымен қатар, туберкулезбен сырқаттанушылық көрсеткіші 17,4%-ға (100 мың тұрғынға шаққанда 63,8-ден 52,7-ге дейін) төмендеді.

Есептік жыл ішінде қалаға 13 дәрігер келді. Дегенмен, өлі де 12 дәрігер маманының жетіспеушілігі бар. 2018 жылы жас мамандарды әлеуметтік қолдау және ынталандыру мақсатында қалаға келген екі дәрігерге 70 айлық есептік көрсеткіш көлемінде 168350 теңгеден көтерме жәрдемақы бөлінді. Қаланың медициналық ұйымдарына жас мамандарды тарту мақсатында 2019 жылы тұрғын үй бөлу үшін Чехов көшесіндегі ғимаратты күрделі жөндеуден өткізу жоспарланған.

Дәрілік заттарға қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік медициналық ұйымдарда (орталық аурухана мен емхана ғимаратында) 2 әлеуметтік дәріхана жұмыс істейді, онда медикаменттер 10-15 % жеңілдікпен жіберіледі.

Мәдениет және тілдерді дамыту

Жезқазған қаласы қашаннан ұйымдастырылатын сан түрлі шаралардың, жарыстар мен чемпионаттардың көптігімен ерекшеленеді.

Мәдениет мекемелерінде 1728 мәдени-демалыс шаралары өтті. Қаланың көркемөнерпаздар ұжымдары 20 халықаралық, республикалық, облыстық деңгейдегі түрлі фестивальдер мен байқауларға қатысты.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Тарлан» сыйлығының лауреаты, республикаға танымал режиссер Жанат Әубәкірұлы Хаджиев атындағы Халықаралық театрлар фестивалі, дәстүрлі аймақтық «Ұлытау үні», «Ата бабам – салт-дәстүрім» атты этнофестиваль, «Сиқырлы гитара тілімен» атты авторлық және бард әндердің байқауы, сондай-ақ мүгедектер күніне орай мүмкіндігі шектеулі жандардың арасында «Үміттің алқызыл желкені» конкурсы өтті. «Жұлдыз – 2018», «Әнші балапан», «Күміс қоңырау», күйші мен көркем сөз шеберлерінің конкурсы, сондай-ақ, Астана қаласының 20 жылдығына арналған «Ару қалам – Астана» қолданбалы өнер көрме-конкурсы және т.б. ұйымдастырылды.

2018 жылы өткізілген маңызды шаралардың бірі – «Жезкиі» халықаралық музыка фестивалі. Қазақ фольклорын насихаттауды, туристік кластерді дамыту, Жезқазған-Ұлытау өңірінде халық мәдениетін дәріптеуді мақсат тұтқан фестиваль мемлекеттік «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ұйымдастырылды. Оған Мексика, Пәру, Польша, Ресей, Түркия, Тәжікстан, Франция, Шотландия, Жапон және Қазақстанның 11 кәсіби ұжымы, классикалық музыка мэтрлері, әлемнің түрлі елдері Италия, Молдова, Австрия, Армения, Қырғызстаннан келген өншілері қатысты. Фестиваль аясында Жезқазған қаласында Кеңгір су қоймасының жағалауында фольклорлық музыка Гала-концерті мен классикалық музыканың фестивалі өтті.

Мәдени ошақтардың ішінде кітапхананың алар орны ерекше. Себебі, ол ақпараттық, ағартушылық және мәдени-сауықтыру орталығы болып табылады. Орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне 11 кітапхана енеді. 2018 жылы кітапхананың кітап қоры 1,3 мыңнан астам данамен толығып, барлығы 253,5 мың дананы құрады, Соның нәтижесінде оқырмандар саны 3103 адамға артып, 21492 адамға жетті.

Қала кітапханаларында цифрландыру бағдарламасын енгізу жұмыстары да басталып кетті. 2019 жылы С.Сейфуллин атындағы кітапханада «Коворкинг орталық» ашу жоспарлануда, онда кітапхана оқырмандарына жеке, топтық жұмыс істеуге мүмкіндік беретін цифрлық форматтағы барлық интеллектуалдық контент қолжетімді пайдаланушы орындары ұсынылады.

Қалада тұратын барлық этностардың тілдерін сақтай отырып, ұлттық бірлікті нығайтудың маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілдің кең ауқымда қолданылуына мүмкіндік беретін дәйекті үйлесімді тіл саясаты жалғасуда.

Қазақ тілді жалпы білім беру мекемелеріндегі балалардың саны 2017 жылмен салыстырғанда 4,4% артып, 9571 оқушыға жетті.

Жыл сайын Ө.Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті мен қаладағы колледждерде қазақ тілі бөлімінде оқитындардың саны да еселеп артып келеді. Бүгінде біздегі студенттердің жалпы санының 72% қазақ топтарда оқиды. Бұл 2017 жылғы көрсеткіштен 5% жоғары.

Тілдік саясатты дамытуды көздейтін «Тілтану» оқу-әдістемелік орталығында қазақ тілі мен ағылшын тілі оқытылады. Онда 283 тыңдаушысы бар 24 топ жұмыс істеп тұр. Бұл 2017 жылмен салыстырғанда 4,8% артық.

Қазақ, ағылшын тілдерін толыққанды оқыту үшін былтыр «Тілтану» оқу-әдістемелік орталығында 5,4 млн теңге жаңа мультимедиялық кабинет ашылды. Ол қазіргі заманауи мультимедиялық технологиялармен жабдықталған.

2018 жылы «Казтест» жүйесі бойынша мемлекеттік және азаматтық қызметкерлердің мемлекеттік тілді білу деңгейін анықтау үшін 164 адамнан тест алынды, 10 қызметкер сертификат алуға тест тапсырып, 7 аталған сертификатқа қол жеткізді.

Жыл сайын мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту мақсатында қазақ тілін жетік меңгерген этнос жастарының қатысуымен облыстық форумдар мен қалалық олимпиадалар мен көркем сөз шеберлерінің конкурсын өткізу игі дәстүрге айналған.

Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасына сәйкес ономастикалық атауларды реттеу және тарихи атауларды жаңғырту мақсатында ескірген, идеологиялық көзқарас тұрғысынан, өкірлерде қайталанатын атаулар тарихи атауларға және ұлттық дәстүрлерді таңуға жақын дәстүрлі атауларға ауыстырылды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы республикалық ономастика комиссиясының келісімі бойынша қаладағы атауы ескірген 18 көше қайта аталды.

ҚР Президенті Жолдауың, мемлекеттік «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде мәдениет мекемелері қазақ тілі әліпбиінің кириллицадан латын графикасына ауыстыру мәселесін түсіндіруге бағытталған кездесулер, дөңгелек үстелдер мен семинарлар ұйымдастырылып, латын графикасына көшу бойынша мақсатты жұмыстар жүргізілуде.

Республика тұрғындарын жаңа латын графикасына бейімдеу мақсатында 2018 жылғы 14 қарашада латын әліпбиінде жалпы республикалық диктант жазылып, оған 5 мың жезқазғандық қатысты.

Олардың ішінде қала кәсіпорындары мен ұйымдарының қызметкерлері, мемлекеттік қызметшілер, оқытушылар, жоғары және орта оқу орындарының оқушылары мен студенттер бар.

Өңірдің тарихи-мәдени мұрасын танымал етуге бағдарланған туристік инфрақұрылымды кеңейту бойынша осы бағыттағы іс-шараларды іске асыру жөніндегі жоспар әзірленді.

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЕСЕБІ ҚАРСАҢЫНДА

БОЛАШАҚҚА НЫҚ СЕНІММЕН

Жезқазған қаласының әкімі Қ.Б. БЕГІМОВТИҢ 2018 жылы атқарған жұмыстары туралы халық алдындағы ЕСЕБІ

(Жалғасы. Басы 1,2,3-беттерде)



Ішкі және жастар саясаты

Халық бірлігі мен мемлекеттік билікті қамтамасыз ету, қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылықтың демократиялық қағидаттарын жүзеге асыру, азаматтық патриотизмге тәрбиелеу жөніндегі мемлекеттік саясаты жүзеге асыру мемлекеттік басқарудың маңызды бөлігі болып табылады.

Қаланың ішкі саясат саласындағы осы міндеттерді жүзеге асыру үшін Елбасының Қазақстан халқына Жолдауын, Ұлт жоспарын «100 нақты қадамды», сондай-ақ, Елбасының «Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» мақалаларын насихаттау жұмыстары жалғасын тапты. 2018 жылы ақпараттық-түсіндіру топтарының мүшелері барлығы 55 кездесу өткізіп, 10000 адамды қамтыды.

Ақпараттық-түсіндіру жұмысы барысында бұқаралық ақпарат құралдарының мүмкіндіктерін пайдалану өте маңызды. Өйткені, олар билік органдарының қызметін жариялауда, сондай-ақ, кері байланыс жүйесін орнатуда, қоғамдық пікір мен қоғамдық көңіл-күй мониторингін жүргізуде жетекші рөл атқарады. Демек, БАҚ қоғамның әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени өмірінің ажырамас бөлігі болып табылады.

Жыл сайын мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдардың арасындағы қарым-қатынас нығая түсуде. Бүгінде мемлекет үкіметтік емес секторды әлеуметтік, экономикалық, құқықтық сипаттағы мәселелерді шешуде сенімді серіктес санайды. 2018 жылы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында жалпы сомасы 26,6 млн теңге болатын 12 жоба іске асырылып, Қарағанды облысының ҰЕҰ форумы өткізілді.

Мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру аясында есептік жылда Жезқазған қаласының жастар бастамалары орталығы 80-нен астам шара өткізді. Алғаш рет жас кәсіпкерлер арасында әкім сыйлығына «Үздік бизнес жоба» конкурсы өткізілді. Жастар бастамаларын қолдау және іске асыру мақсатында «ZHEZ-Жастар» демалыс орталығының жұмысы ұйымдастырылды.

2019 жылы да ішкі саяси және мемлекеттік тұрақтылықты, ұлтаралық келісімді нығайтуды қамтамасыз ететін жұмыстар жалғасын табады.

Құқық қорғау

Жезқазған қаласындағы қылмыстық ахуал тұрақты өрі өткен жылмен салыстырғанда жалпы қылмыс 17,5%-ға (1189-дан 981-ге дейін) төмендеген.

Кәмелет жасқа толмағандардың қатысуымен орын алатын қылмыстардың алдын алуға бағытталған нақты жұмыстар жүргізілуде.

Жезқазған қаласының аумағында жедел жағдайды тұрақтандыру мақсатында 2018 жылы білім беру мекемелері мен денсаулық сақтау саласы мамандарының, сондай-ақ, балалар мен жастардың арасындағы проблемалармен айналысатын өзге де ведомстволардың қатысуымен 10 жедел-алдын алу іс-шарасы мен көп көлемдегі акциялар өткізілді.

Бұл ретте республикалық «Көрші бақылауы» бағдарламасын оң әсері жайында айтпаса болмас. Қылмысты болдырмай немесе жедел ашуда тұрғындардан келіп жеткен дабыл қоңырауларына уақытылы жеткен тәртіп сақшылары талай қылмыстың алдын алды. 2018 жылы қырағы тұрғындардың көмегімен 150 ұсақ бұзақылық фактісі тіркелген.

Студенттер арасында қылмысты болдырмау және алдын алу үшін бір студенттік топ құрылған. Сондай-ақ, полиция қызметкерлері мен құқық сақтау органдарына өз еркімен қолғабыс ететін белсенді тұрғындардан құралған полицияның қоғамдық көмекшілер институты да бар. Жыл басынан 4 еріктіге 26 мың көлемінде сыйақы тағайындалды.

Жүргізілген алдын алу шараларының өз нәтижесін бергеніне бөтеннің мүлкін ұрлау фактісінің 27,9%-ға (678-ден 489-ға дейін) оның ішінде мал ұрлығы 69,2%-ға (13-тен 4-ке дейін) төмендегені дәлел болса керек.

Қоғамдық тәртіпті қорғау және жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету негізгі бағыттар болып табылады.

Қаланың қоғамдық тәртібін қорғау полицияның оның ішінде жол-патрульдік полициясы саптық бөлімшелерінің көшедегі күшімен уауысымында жүзеге асырылады.

Қолға алынған шаралар жалпы алғанда көше қылмысын тежеуге, ұсақ құқықбұзушылықтарды жедел анықтап, жолын кесуге мүмкіндік берді. Бұл қоғамда тәртіпсіздік пен ұсақ құқықбұзушылықтарға «нәлдік төзімділік» қағидасын қалыптастыруға сөзсіз ықпал етеді.

Есептік жылда орын алған жол-көлік оқиғаларының саны 54% (76-дан 35-ке дейін) азайған. Сонымен қатар, жол-көлік оқиғасы салдарынан зардап шегіп, жарақат алғандардың саны да 53,4% (88-ден 41-ге дейін) төмендеген. Дегенмен, өлгендердің саны 1,8 есеге өсті (8-ден 14-ке).

2018 жылы бірнеше мәрте «Қауіпсіз жол», «Автобус», «Құқықтық тәртіп», «Мастығын тексеру» және т.б. жедел алдын алу шаралары жүргізілді.

Өздеріңіз білетіндей, Жезқазған мен Сәтбаев қалалары аралығындағы трассада бірнеше жыл бойы кісі өлімімен аяқталған жол-көлік оқиғалары санының артуы байқалуда. Жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Жезқазған-Сәтбаев автокөлік жолының 11-22 шақырымында биыл жол бойындағы жарық бағаналарын энергия үнемдеуші шырақтарға ауыстыру, асфальт бетон жабындысын ауыстыру жұмыстары жүреді, сонымен бірге, жол ортасына бейнебақылау камералары мен көліктегі қарсы бағытқа шығып кетуіне тосқауыл болатын қоршаулар қою жоспарлануда.

Қолға алынған осы шаралар көшедегі қылмыстарды азайтуға, сондай-ақ, ұсақ құқық бұзушылықты жедел ашу мен жолын кесуге мүмкіндік береді. Ал, бұл өз кезегінде қоғамда нәлдік төзімділік принципі қалыптастыруға септігін тигізетіні сөзсіз.

2018 жылдың қорытындысы бойынша мас күйінде жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны 31,2%-ға (109-дан 75-ке дейін), сондай-ақ, адамдар-тобымен жасалған қылмыстар 25,2% (127-ден 95-ке дейін) азайды.

Учаскелік пункт бөлімшелерінің жағдайын жақсартып, олардың материалды-техникалық жабдықталуын нығайтуға да ерекше көңіл бөлінді. Қызметті сапалы атқару жағдайын қамтамасыз ету мақсатында қаланың жол-патрульдік қызметі үшін



32 бейнежетон мен 4 дана қызметтік автокөлік сатып алынды.

Тұрақтылықтың кепілі саналатын қауіпсіздік әр қала тұрғынының ұранына және санасының ажырамас бөлігіне айналғандықтан біз қол жеткізген жетістіктерді сақтап, одан да мол нәтижелерге жетеміз.

Құрылыс

Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев жыл сайынғы халыққа арналған Жолдауында халықты баспанамен қамтамасыз ету мәселесін басты бағыт ретінде айқындап келеді. Жолдауда құрылыс индустриясы, қолжетімді жалдамалы баспана кешенінің құрылысы, жер телімін бөлу процесінің ашықтығы, жеке баспана құрылысының дамуына ынталандыру сынды мәселелер айтылды. Өткен жыл біздің қаламыздағы тұрғын үй құрылысы саласында алдыңғы жылмен салыстырғанда жемісті жыл болды.

2017 жылмен салыстырғанда құрылыс-монтаждау жұмысы 9,8 млрд теңгеге орындалып, көрсеткіш 30,3%-ға өскен.

Қаржыландырудың барлық көздерінің есебінен 17 мыңдан аса шаршы метр баспана енгізілді. Ол өткен жылдың көрсеткішінен 1,1 есеге жоғары.

«Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысының мемлекеттік бағдарлама аясында қаладағы Сәтбаев көшесі 70 б мекенжайында орналасқан (4 қабатты 36 пәтер) жалдамалы үй және Гагарин 70/4 (5 қабатты 30 пәтер) мекенжайында орналасқан жалпы ауданы 4 мың шаршы метр несиелік тұрғын үй қолданысқа берілді.

Бұл 66 отбасына баспанамен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді және үйдің кезегін 3%-ға қысқартады. 2018 жылы жеке үй салушылардың есебінен Есенберлина 5/3 және Алашахан даңғылы 22а мекенжайы бойынша жалпы ауданы 6,7 мың шаршы метр құрайтын үйдің құрылысы басталды. Үйдің құрылысы «7-20-25» бағдарламасы негізінде жүзеге асуда.

2019 жылы жалпы сомасы 399,9 млн теңгені құрайтын Алашахан көшесі 34Д мекенжайында орналасқан 60 пәтерлі жалдамалы тұрғын үйдің құрылысы жоспарлануда. 3,7 мың шаршы метр тұрғын үй енгізіліп, үй алудың кезегі 2,7%-ға қысқармақ.

«Нұрлы жер» бағдарламасымен жер учаскелеріне кезекті азайту үшін Батыс ауданындағы 670 жер учаскесінің (1-кезек) 501-і жеке тұрғын үй құрылысын салу үшін уақытша пайдалануға берілді, бұл жер алу кезегін 30%-ға азайтуға мүмкіндік берді.

Батыс ауданындағы жеке тұрғын үй мен көпқабатты үйлерге сомасы 1,2 млрд теңге болатын су, жылу желілерін, жарық және көріс жұмысын салу жоспарда бар (500 телім пайдалануға берілген).

2020 жылға дейін өңірді дамытудың бағдарламасы бойынша тұрғындарды сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында ұзындығы 198 км болатын 2,3 кезектегі қалайылық су құбыры желілерін қайта жөндеу жұмыстары жалғасуда. Ауыспалы жоба 2020 жылы аяқталады.

Ағымдағы жылы Талап селосының магистральді су құбырының қайта жөндеу жұмысы аяқталды. Биыл Талап ауылында магистральді су құбыры қайта құрылымдалды, 15,3 км құбыр салынып, 127,5 млн теңгеге бірінші кезектегі шаруашылық-ауыз суды тазарту қондырғылары қайта жөнделді.

Жезқазған қаласы тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында келесі жобаларды жүзеге асыру жүргізілуде:

«Жезқазған қаласын сумен жабдықтау есебімен Есқұла су тартқышының құрылысы». «Қазақмыс Корпорациясы» ЖШС қаржысы есебінен жобаны аяқтау үшін жобалық-сметалық құжаттама түзетіліп, мемлекеттік сараптамаға ұсынылды. Сараптаманы алудың мерзімі – 2019 жылдың ақпан айы, құрылыс-монтаждау жұмысының құны шамамен 2,7 млрд теңге. Бюджеттік тапсырыс қаржыландыру үшін санының басқармаға жіберілгені.

«Қожамсейіт» жерасты суларын игеру үшін Үйтас-Айдос су тартқышын қайта қалыңқа келтіру». «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС 2019 жылдың екінші тоқсанында дайын болатын жобалық-сметалық құжаттама әзірлеуде, мемлекеттік сараптамаға шамамен биыл ішідете ұсынылады.

2019 жылы бірінші кезекті қалайылық су құбырлары желілерін жөндеу жұмыстары басталады, құны 317,3 млн және 62,2 млн теңгеге көріс тазалау ғимаратын қайта құру және жаңғырту бойынша ЖСҚ әзірлеу аяқталады.

«Нұрлы жол» бағдарламасы аясында «Жезқазған қаласының жылу желілерін қайта құрылымдау мен жаңғырту, 1-кезек» жобасын жүзеге асыру үшін республикалық бюджеттен 2018 жылы 392,8 млн теңге,



Осылайша, бекітілген және қолданылып жатқан тарифтың айырмасы 69,98 тг/м2 немесе жалпы қала бойынша 38,8 млн теңгені құрайды (6,5 ай үшін – 252,2 млн теңге). Норма бойынша тұтынушыларға тарифты төмендету 31,2% құрайды, ал жалпы төмендету – 15,6%.

«ҚР Ұлттық экономика министрлігінің тұтынушы құқығы мен бәсекелестікті қорғау, табиғи монополияны қадағалау комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті» РММ қарауында «ЖСЖК» АҚ-ның жылу тарифін 2,7%-ға су мен көріс тарифін 3%-ға төмендету бойынша өтінімі жатыр. Бұл нәтижесінде тұрғындар үшін жылу беру тарифын 1%-ға төмендетеді.

Сонымен қатар, пәтер иелерінің кооперативі тарифтері 4%-ға немесе 1 теңгеге (25 тг/м2-ден 24 тг/м2-ге дейін) төмендеді. Жедел саты қызметі 10%-ға немесе 1 теңгеге (10 тг/жүргуде 9 тг/жүргуде дейін) төмендеді.

Қала тұрғындары үшін бас ауруына айналған электрэнергиясы үшін келетін қостүбіртек мәселесі шешілді.

Мәдениет ескерткіштері – біздің тарихымыздың бір бөлігі. Сондықтан, ескерткіштерді сақтап қалуға тізбекті жұмыс жүргізілуде. «Белгісіз солдат», Абылай хан ескерткіштерінің аумағы ретке келтіріліп, саябақ жасалды және сомасы 21,3 млн теңгені құрайтын «Қазақстан» композициясы орнатылды.

Қала жұртшылығы үшін №1 және №4 мектептердің арасында, Бейбітшілік даңғылы мен М.Жәлел көшесі қиылысында сомасы 27,5 млн теңгені құрайтын демалыс орны жасалды.

Қаланы көгалдандыруда «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС үлкен қолдау көрсетуде. Корпорацияның бөлген қаражаты есебінен Ғарышкерлер бақжолын қайта жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Ағымдағы жылы Металлургия алаңын қайта қалпына келтіру жоспарда бар.

Қазақстанда энергияны үнемдеу және шаруашылықтың барлық салаларында энергиялық тиімділікті арттыру басты мәселе болып отыр. Есептік кезеңде 360 энергия үнемдейтін жарықшамдар, 217 көше жарықтандыру бағандары, оның ішінде 55-і аулаішілік жарықшамдар, 442 көше жарықшамдары энергияны үнемдейтіндерге ауыстырылды: Бейбітшілік көшесі бойында (168 дана), Сәтбаев көшесі бойында (274 дана).

10 көше бойынша көше жарығы (Бейбітшілік, Сәтбаев, Балқаш, Гагарин, Омаров, Пугачев, Абай, Холмешки, Иванов, Садовое кольцо) және 5-орамда (64,66,67,68,69) ретке келтірілді.

Жалпы, қала көшелері мен тұрғын үйлерді жарықтандырудың үлесі 2%-ға (66%-дан 68%-ға дейін) арттырды.

2019 жылы Сарыарқа көшесіндегі жарықтандыру жүйесін жөндеу жоспарланған (№4 жол өтпесінен МАИ көшесіне дейін ұзындығы 5 км, Геология елдімекенінде 15 жарықтандыру бағандарын орнату).

Қала тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін 100 бейнебақылау камерасын орнату жоспарланған. Бұқаралық спортпен айналысу үшін 50 млн теңгеге көше тренажерлерін орнату жоспарлануда.

Көлік инфрақұрылымы

Тұрғын үй-коммуналдық салада жоғары және орташа сапалы автокөлік жолдары желілерін көбейту, жол-көлік инфрақұрылымын қалыпта ұстау басты бағыт болып табылады.

2018 жылы облыстық және қалалық бюджет есебінен 1,5 млрд теңгеге Сәтбаев көшесі, Бейбітшілік даңғылы, Омаров көшесі, «Садовое кольцо» және №5 жол өткелінен Балқаш көшесіне дейінгі айналым жолды, барлығы 9 км бес қалайылық жол орташа жөндеуден өтті.

Сонымен бірге, 6,3-ықшамаудандардағы және 63-орамдағы барлығы 13 аулада аулаішілік жолдар жөнделді.

Жалпы алғанда жыл қорытындысы бойынша жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдардың үлесі 55%-дан 67%-ға ұлғайып, жол қозғалысының қауіпсіздігін арттыруға мүмкіндік берді.

2019 жылы сомасы 650 млн теңгені құрайтын қалайылық жолдардың орташа және ауыспалы жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Бекболатсай, Қостанкелді елдімекендер жолдарының орташа жөндеу жұмыстары (2,2 км), 7-8 ықшамаудандарда (1,4 км), аулаішілік 5 км, ұзындығы 2,7 км болатын Кеңгір және Талап селоларының автокөлік жолдарын жөндеу жоспарған.

Облыстық бюджеттен бөлінген 200 млн теңгеге ұзындығы 7 км болатын айналым жолдың жөндеу жұмыстары жоспарлануда.

Жалпы, жыл қорытындысы бойынша жақсы және қанағаттандырылған жағдайдағы жолдардың көрсеткіші 55%-дан 67%-ға (150,2 км-ден 183 км-ге) өсті. Бұл жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Аймақтық даму

2020 жылға дейін аймақтарды дамыту бағдарламасында аудандардың инфрақұрылымы бөлімінде аймақтық дамуға жаңа бағыттар айқындалды.

Осыған орай ауылдық елді-мекендердің әлеуметтік инфрақұрылымын жақсарту мақсатында ауқымды жұмыстар жүргізілуде. 2017-2019 жылдарда Жезқазған қаласын дамыту жоспарына сәйкес Кеңгір селосы аумағын егжей-тегжейлі дамыту үшін 15,1 млн теңге көлемінде жобаға негізделген жоспар құрылды (Жезқазған қаласы мекенінің 27.11.2018 сессиясының №28/262 шешімімен бекітілді).

2019 жылы жалпы сомасы 20,2 млн теңгені құрайтын Талап және Малшыбай ауылдарының жобаға негізделген егжей-тегжейлі жоспарын құру жоспарда бар.

Демократиялық азаматтық қоғамның базалық институтын қалыптастыруда жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту маңызды. Осыған сәйкес 2018 жылы көлемі 118,8 млн теңгені құрайтын Кеңгір селосы округінің жеке бюджеті бекітілді.

2018 жылы ауылдың аумақтарды дамыту мақсатында Кеңгір және Талап селоларында жалпы сомасы 2,1 млн теңге ұзындығы 500 шаршы метрді құрайтын ауылышылық жол жөнделді, Малшыбай селосында сомасы 280 мың теңге болатын пилон өзгерілді.

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЕСЕБІ ҚАРСАҢЫНДА

БОЛАШАҚҚА НЫҚ СЕҢІММЕН

Жезқазған қаласының әкімі Қ.Б. БЕГІМОВТИҢ 2018 жылы атқарған жұмыстары туралы халық алдындағы ЕСЕБІ

(Соңы. Басы 1,2,3,4-беттерде)

Жергілікті өзін-өзі басқаруды қолдау мақсатында екінші ауылдық елді-мекенге сомасы 5,5 млн теңге болатын жергілікті өзін-өзі басқарудың трансферті бөлінді.

2020 жылдан бастап бюджеттің төртінші деңгейі Малшыбай және Талап ауылдарына енгізіледі.

Қаланың әлеуметтік-экономикалық даму жолында мемлекеттік, үкіметтік бағдарлама, Жезқазған аумағының 2012-2020 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамудың көшпенді жоспары Жезқазған қаласының 2017-2019 жылдарға арналған даму жоспары аясында дайындалатын іс-шараларға басымдылық берілме.

Жезқазған қаласының 2017-2019 жылдарға арналған даму жоспары 16 тарауы бойынша жалпы сомасы 75,7 млрд теңге болатын 452 шараны іске асырмақшы (РБ – 25,4 млрд теңге, ОБ – 11,4 млрд теңге, ҚБ – 6,8 млрд теңге, бюджеттен тыс қаражат – 32,1 млрд теңге).

2018 жылы сомасы 26,3 млрд теңгені құрайтын

Құрметті жерлестер!

Мемлекеттік орган қызметінде басты бағыттың бірі – тұрғындармен кері байланыс орнатып, мемлекеттік қызмет көрсету.

Бұл бағытта өткен жылы қаланың атқарушы органы 49 түр бойынша 50 мыңға жуық қызмет көрсетті.

Айта кету керек, электронды формада көрсетілген қызметтің көрсеткіші өткен жылмен салыстырғанда 5,6 есеге (2017 жылы 5035 қызмет) артты.

Бұнда 2018 жылы іске қосылған «Мектепке дейінгі ұйымдардың жұмыс процесін автоматтандыру» сынамады жобасы маңызды рөл ойнады. Бұл жоба аясында 2 мемлекеттік қызмет автоматтандырылды: «Мектепке дейінгі мекемелерге бағыттау үшін мектепке дейінгі жастағы баланы кезекке қою» және «Мектепке дейінгі білім беру мекемесіне құжат қабылдау».

2018 жылдың қаңтар айында баланың туғаны жөнінде мәліметті тіркеуге өтінім беруге арналған

жұмыстары, жылумен, сумен жабдықтау, электро энергиясымен қамтамасыз ету, абаттандыру, ПИК жұмысы және т.б.

Жер телімің, сатып алу, жалға беру, бөліп беру жөнінде 1504 өтініш түсті;

еңбек, жұмысбастылық және әлеуметтік қамтамасыз ету бойынша – 74;

мәдениет мәселелері бойынша – 45; білім беру мәселелері бойынша – 28; кәсіпкерлік мәселелері бойынша – 11; 283 шағым – түрлі мәселелер бойынша.

Қала басшысының блогына 82, облыс әкімінің блогына 60 өтініш түскен.

Қалалар мен аудан әкімдеріне, қала әкіміне Қарағанды облысының әкімі 170 тапсырма берді. Оның 160 орындалды, қалған 10-ы – бақылауда.

2018 жылы 40 жеке кездесулер өткізіліп, 295 азамат қабылданды.

Оның ішінде Жезқазған қаласы әкімі 20 кездесу өткізіп, 169 тұрғынды қабылдады.

Қала әкімінің орынбасарлары мен әкім аппара-

тәсілі және орта бизнесті дамытуға және тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсарту басты басымдылық болмақ.

Биыл бізді ауқымды әрі маңызды жұмыстар күтуде. Өйткені осы жылы – Жезқазғанның 65 жылдығы және «Жастар жылы».

Елбасы өзінің «Қазақстандықтардың өл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасының арттыру» атты Жодауында: «Әрқашан табысқа деген мықты ерік-жігер мен елдің бірлігі мемлекеттің таңдырын шешкен. Тек ортақ күшпен ғана біз биік шыңдарды бағындыра аламыз» деді. 2019 жыл Жезқазғанда жайлы тұрмысты қамтамасыз етуде аса маңызды жобаның басталуымен ерекшеленеді. Биыл Мемлекет басшының «Бес әлеуметтік бағдарламаны» жүзеге асыру мақсатында еліміздің орталық және солтүстік аймақтарында газдандыруды көздейтін «Сарыарқа» магистралды газ құбырының құрылысы басталады.

Бұқаралық ақпарат құралдарында қаланың 65 жылдығы мен Жастар жылына арнап тақырыптық



158 іс-шара өткізу жоспарланған (РБ – 10,8 млрд теңге, ОБ – 4,6 млрд теңге, ҚБ – 1,9 млрд теңге, бюджеттен тыс қаражат – 9 млрд теңге), 7,6 млрд теңге игерілді.

Қарастырылған 162 шараның 128-і орындалды. 25-і жүзеге асырылуда, орындалмағандардың саны – 21, 9 жоба 2019 жылға ауысты.

Ағымдағы жылы қаланың үш жылдық дамуына арналған шараларды жүзеге асыру жалғасады.

Қарағанды облысының Жезқазған-Ұлытау аймағы тұрғындары Елбасының Жезқазған, Сәтбаев қалалары және Ұлытау аудандарының 2012-2017 жылға әлеуметтік-экономикалық дамуының көшпенді жоспарын ерекше ықыласпен қабылдады. Көшпенді жоспардың қабылдануымен өңірде оң өзгерістер орын ала бастады. Жұртшылық Жезқазғанның болашағына сене бастады. Бұл сенім Жезқазған-Бейнеу теміржолының іске қосылуымен беки түсті. Бұл жоспар 2013 жылы енгізілген өзгерістермен 2020 жылға дейін ұзартылды және бүгінде 88 позицияны қарастырады. Қаржыландыруды жалпы сомасы 351,5 млрд теңгені құрайды.

Қазіргі таңда біз Көшпенді жоспарға өңірге маңызы бар жобаларды қосып, оны жүзеге асырып, өзекті етуге жұмыс жасаудамыз. 2023 жылға дейін жүзеге асатын бұл жоспар қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылық пен қала тұрғындарының өл-ауқатының өсуіне қызмет ететін болады.

электронды «Проактив» бағдарламасы енгізілді.

«Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы аясында 2018 жылы цифрлы сауаттылыққа 7455 адам немесе 106 % оқытылды. «Айқын» жобасы сәтті іске қосылып жұмыс жасауда. «Айқын» жобасы – оқушылардың білім сапасының мониторингі (5-10 сынып) және ата-ана мобильді ақпараттандыру. 16 мектепте on-line форматта және 3 мектепте off-line форматта аталмыш жобаны тәжірибеден өткізуде.

Қаланың барлық мемлекеттік мекемелері қағазға көшірмесіз жұмыс істеуге мүмкіндік беретін электронды құжат алмасу жүйесіне қосылған. Сандық іс-қағаз жүргізуге толықтай көшірілген және білік пен халық арасында электронды қарым-қатынас орнатылған. Әкімдіктің барлық салалары сандық технологиямен қамтамасыз етілген.

Талдау көрсеткендей 2018 жылы қала әкімінің аппаратына 3080 өтініш келіп түскен. Бұл 2017 жылмен салыстырғанда 1,2 есеге көп (2017ж – 2548), оның ішінде жеке тұлғалардан 2664 немесе 117,1 % (2017ж – 2276) заңды тұлғалардан 416 немесе 153 % (2017ж – 272). Оның ішінде – қанағаттандырылды – 1884 (61,2%), қанағаттандырылмады – 64 (2%), 1027 шағым бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Түскен шағымдардың көбісі – 38,4% (1183) коммуналдық шаруашылыққа қатысты: үй беру және жекешелендіру, пәтер, үй, шатырдың жөндеу

ты басшылары 126 адамды қабылдады.

Оның ішінде 30 өтініш оң шешім тауып, 265 азаматқа түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, кеңес берілді.

Өткен жылы 7 мемлекеттік награда берілді, оның екеуі – «Алтын алқа, Бесеуі – «Күміс алқа». Астана күнін атап өтуде 8 еңбек ардагері мерейтойлық «Астанаға 20 жыл» медалімен марапатталды. Тәуелсіздік күніне орай қаланың екі тұрғыны «Құрмет орденімен» марапатталды және 1 адам ІІ дәрежелі «Достық» орденімен, «Қарағанды облысының Құрметті азаматы» атағымен 1 адам, «Жезқазған қаласының Құрметті азаматы» атағымен 3 адам марапатталды.

Былтыр 36 әкімдік отырысы өткізілді. Онда 996 қаулы қабылданып, 140 өкім және 1 өкім шешімі қабылданды.

Құрметті жезқазғандықтар!

Өткен жылдың нәтижесі өңіріміздің тұрақты дамуына мықты платформа жасағанымызды дәлелдейді.

Қаншама жылдар бойы қалада тұрақты қоғамдық-саяси жағдай сақталып келеді. Қала тұрғындары қоғамдық маңызы бар шараларға белсенді қатысып келеді.

Жоспарланған іс-шараларды жүзеге асыруда тұрғындарды қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз ету, бюджетке түсетін қосымша төлемдер, кіші

айдарлар ашылды. Бізге қаланың әр тұрғына аталған мерейтойлардың маңыздығын жеткізу керек. Мұндай шараларды атап өту қаланың барлық салада, оның ішінде экономикалық, әлеуметтік, қоғамдық-саяси, қаланың мәдени және рухани дамуында жеткен жетістіктерді көрсетуге, жастардың патриотизмге тәрбиелеп, ертенгі күнге сенім қалыптастыруға таптырмас мүмкіндік.

Жезқазған қаласының 65 жылдығына «65 жарқын істер» жоспары әзірленді. Оның ішінде атаулы және маңызды іс-шаралар, бизнестің жаңа нысандарын, көпқабатты тұрғын үй ашу, Ғарышкерлер бақжолың Жастар саябағын және Сәтбаев алаңын қайта жөндеу, т.б. шаралар кірді. Біздің қала ба-ты әрі тың идеяларды жүзеге асыра алатынына сенімдіміз.

Құрметті жезқазғандықтар!

Жоғарыда аталған міндеттерді орындауға қаланың барлық жауапты күштері – партиялар, қоғамдық бірлестіктер, шығармашылық және кәсіби одақтар, бұқаралық ақпарат құралдары қызығушылықпен әрі белсенді түрде атсалысуы керек. Күш-жігерімізді біріктіргенде ғана біз экономика нығайтып, тұрақтылықты қамтамасыз ететін және тұрғындардың өл-ауқатын арттырамыз. Біздің күшіміз – бірлікте! Жезқазғандықтарды жаңа жетістіктерге жігерлендіретін де сол бірлік болмақ.

ҚАЛАЛЫҚ ӘКІМДІКТЕ

НАҚТЫ ТАПСЫРМАЛАР БЕРІЛДІ

Қала әкімі Қайрат Бегімовтің төрағалығымен өткен жұмада 2019 жылдың алғашқы аппарат мәжілісі өтті.



Аппараттық жиынның күн тәртібіне шығарылған мәселелер бойынша әкім орынбасарлары Аманғали Мұхамбетдин мен Зина Ақылбекова баяндама жасады.

Алғашқы баяндама өткен жылдың қаржылық-экономикалық мәселелеріне, атап айтқанда бюджет әкімшілерінің жылдық жоспарлары мен олардың орындалу жайына арналды. 14 млрд 558 млн теңгені құраған былтырғы жылдың бюджеті қаладағы маңызды деген әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешіп, бірқатар жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік берген. Алайда, кемшілік те жоқ емес. Бұл бірінші кезекте жоспарланған қаржының толық игерілімі жағымен байланысты болып отыр. Өткен жылдың бюджетінде жоспарланған 80 млн теңге осылай игеріліп қалған. Бұл мәселе бойынша Қайрат Баяндыұлы бюджет әкімшілеріне қатаң ескерту жасап, алдағы уақытта мұндай кемшіліктер үшін жауапкершілік артатынын жеткізді. 2019 жылы жоспарланған жұмыстар мен мемлекеттік сатып алулар конкурстарының уақытылы өтуіне назар аудартты.

Қала әкімінің орынбасары экономиканың барлық салаларында

оң динамика байқалатынын жеткізді. Өнеркәсіп көлемі де мыс қорыту зауытында екінші пештің іске қосылуы арқасында артатын болады.

Әкім орынбасары Зина Ақылбекова тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар тасымалы, сәулет, құрылыс және ішкі саясат пен әлеуметтік сала бойынша баяндама жасады.

Зина Жұманазарқызының айтуынша, қаладағы қоғамдық-саяси ахуал тұрақты. Өткен жылы тек қала деңгейіндегі ғана емес, республикалық, халықаралық ауқымдағы мәдени-көпшілік іс-шаралар ұйымдастырылған. Жұмыс-пен қамту, білім беру, денсаулық сақтау саласында ірі жобалар қолға алынады. Биыл Елбасы бастамасымен жарияланған «Жастар жылы» мен Жезқазған қаласының 65 жылдығына арналған ауқымды жоспарлар жүзеге асады. Қала басшысы аппараттық жиынды қорытындылап, мекеме, кәсіпорын басшыларына тұрғындардың өтініш, тілектеріне дер кезінде жауап қатып, күнделікті жұмыста ашықтықты қамтамасыз етуді қатаң тапсырды.

Өз тілшіміз

ҚАЛА ӘКІМІНІҢ ЕСЕБІ ҚАРСАҢЫНДА

КЕҢГІРЛІКТЕР ЕШТЕҢЕДЕН КЕНДЕ ЕМЕС

Кеңгір ауылдық округының әкімі Қанағат Жанпейісов ауыл тұрғындары алдында есептік кездесу өткізді. Кездесуге Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Бегімов, қалалық мәслихат хатшысы Советбек Медебаев, облыстық мәслихат депутаты Бекзат Алтынбеков, қала әкімінің орынбасарлары, мекеме-кәсіпорын басшылары мен БАҚ өкілдері қатысты.

Кездесудің күн тәртібі бойынша ауыл әкімі Қ. Жанпейісов есептік баяндама жасады. Әкімнің айтуынша, ауылда өткен жылы айтарлықтай іс тындырылған. Ағымдағы жұмыстар бекітілген мерзімінде жоспарға сай орындалған. Бұл ретте бюджеттік заңнамаға өзгерістер еніп, ауылға өз бюджетінің бөлініп берілуі оң ықпал еткен. Сонымен бірге, ауыл аумағында ашылған «Uly dala» гипермаркеті ауыл тұрғындары үшін керемет сый болыпты. Жергілікті азаматтардың біразы осында жұмысқа орналасса, былайғы халық керек-жарағын алу үшін қалаға сабылмай, іргедегі алып дүкеннен сауда жасап мез.

Тұрғындар мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыруға да белсенді атсалысуда.

Ауыл ішінде жарықтандыру, жол жөндеу, құбырларды ауыстыру жұмыстары да кезең-кезеңмен жүзеге асуда. Ол жұмыстарға қажет қаражат бюджеттен ескерілген.

Кеңгір ауылының басында және Теректі, Қорғанбай ауылдарында үш мектеп жұмыс істеп тұр. Кеңгір мектебі жанындағы шағын орталықта мектеп жасына дейінгі 40 бала қамтылған.

Мәдени-көпшілік іс-шаралар тиісті деңгейде өткізіліп, округ тұрғындарының демалысын сапалы өткізуге септігін тигізген. Әкім баяндамасы тыңдалған соң кезек тұрғындарға берілді. Кеңгірліктер негізінен ауыл әкімінің жұмысына оң баға берді. Айтуларына, ауылда бұрын сонды болмаған жұмыстар атқарылуда. Ауыл ішіне жаңа асфальт төселіп, жолдар жөнге келген. Жарықтандыру жұмысы да жолға қойылып келеді. Салыстырмалы түрде кеңгірліктер ештенеден кенде қалып отырған жоқ. Дегенмен қиындық туғызып отырған мәселелер де айтылмай қалмады.

Ауыл тұрғыны Жолдасбек Асылбеков екі қаланың ортасында орналасқан Кеңгірді орталық жылу жүйесіне қосатын уақыт келді деп санайды. Бюджеттің мүмкіндігі болмаса, «Қазақмыс» корпорациясының демеушілігімен осы мәселені шешесіздер деген ұсынысын



жеткізді. Сондай-ақ, көмір бағасы, құбырлардың жиі жарылуы, қаңғыбас итерге қатысты да өтініш-тілектер айтылды. Олардың барлығына қала басшысы Қ. Бегімов пен ауыл әкімі нақты жауаптарын берді.

Кеңгірліктер сонымен бірге, емдеу мекемелеріне қажет анализ тапсыру үшін таң атпай қалаға баратындарын айтып шағымданды. Анализді қалаға бармай-ақ ауылдағы емханада тапсыру мүмкіндігін қарастыруды сұрады. Аймақтық денсаулық сақтау басқармасы өкілдері анализ қабылдау, зертханалық жұмыстардың бекітілген санитарлық нормалары барын ауыл емханасында анализ қабылдау, зертханалық жұмыс жүргізу мүмкін еместігін, жақында Жезқазған емханасында үлкен диагностикалық орталық ашылатынын соның арқасында кезек алу, анализ қорытындыларын ұзақ күту сынды мәселелер оң шешімін табатынын жеткізді. Сондай-ақ, «Uly dala» гипермаркетінде ауыл тұрғындары үшін дәрхан ашылатын болыпты.

Кездесу жиынында тұрғындар қоқыс тазалау, уәкелілік полиция қызметіне қатысты да шағымдарын айтты. Қала басшысы қоқыс мәселесінде ең алдымен ауыл тұрғындарының жауапкершілігі қажеттігін, ендігі уақытта әр тұрғын

қоқыста өзіне тиесілі аумаққа жинап, қоқыс тасушыларға тапсыратын жүйе орнайтынын атап өтті. Бұл бір жағынан ауыл ішінде тазалық сақтауға ықпал етсе, екіншіден, қоқыс тасымалдауға ақы төлеуде де әділдік орнатпақ. Ал уәкелілік инспектор жұмысына қатысты қала басшысы ауыл әкімі мен жергілікті полиция қызметіне қатаң тапсырма берді. Тұрғындар шағымнан жақын уақытта оң қорытынды шықпаса, инспекторлардың мәселесі май шаммен қаралатынын қадап айтты.

Кездесуде сондай-ақ, қалалық мәслихат хатшысы Советбек Медебаев та сөз алып, депутаттар корпусы ауылды қолдаудан ешқашан тыс қалмағандарын, бюджетті бекіту кезінде ауылдағы ахуал басты назарда болатынын жеткізді. Сондай-ақ, ол кеңгірліктерді жергілікті қауымдастық жұмысына белсенді қатысып, бюджет қаражатының дұрыс жұмсалыуына, әкім жұмысының жоспарлануына батыл атсалысуға шақырды.

Жиын соңында тұрғындар қала басшылығына ауылға көрсеткен қолдаулары үшін алғыс айтып, ризашылықтарын білдірді.

Жомарт ТАЙМАС
Суреттерді түсірген
Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА

ЖАЗУ РЕФОРМАСЫ

ЖАҢА ӘЛІПБИ НЕГІЗІНДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ ЕМЛЕСІНІҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ

(Соңы. Басы 6-бетте)

Kishi Azia, Ortalyq Qazaqstan, Batys Qazaqstan, Qlyr Shygys, Tayly Altai.

665. Күрделі жер-су атаулары бас әріппен, түбір тұлғасы сақталып, біріктіріліп жазылады: Aqsý-Jabaǵyly qoryǵy, Uitas-Aidos jerasty súy, Sarram-Óqem ultlyq parki, Balqash-Alakól oıysy.

666. Қосарланған жер-су атауының екі сынары да бас әріппен, дефис арқылы жазылады: Aqsý-Jabaǵyly qoryǵy, Uitas-Aidos jerasty súy, Sarram-Óqem ultlyq parki, Balqash-Alakól oıysy.

Күрделі атаулар өмлесі

667. Мемлекет және ең жоғарғы мемлекеттік басқару органдары мен лауазым атаулары бас әріппен жазылады: Qazaqstan Respyblikasy, Qazaqstan Respyblikasynyń Prezidenti, Qazaqstan Respyblikasynyń Preme-ministri, Qazaqstan Respyblikasy Parlamenti Májilisiniń Tóraǵasy, Qazaqstan Respyblikasynyń Úki-meti. Бірақ мемлекеттік лауазым атауларындағы hatshy, ministr, depýtat, ákim, ornynbasar, basshy, tóraǵa сөздері киші әріппен жазылады: Qazaqstan Respyblikasy Memleketlik hatshysy, Qazaqstan Respyblikasy Qaryjy ministri, Qazaqstan Respyblikasy Parlamentiniń depýtaty, Túrkiстан oblysynyń ákimi, Qazaqstan Respyblikasy Prezidenti ákimshiligi basshysynyń ornynbasary, Ádistemelik bólim basshysy, Til komitetiniń tóraǵasy.

668. Мемлекеттік әкімшілік басқару органдары (министрлік, комитет, департамент, кодекс т.б.), заңнамалық құжаттар күрделі атауларының бірінші сөзі бас әріппен жазылады: Qaryjy ministrligi, Qazaqstan Respyblikasy Qaryjy ministrligi, Qazaqstan Res-pýblikasy Ishki ister ministrligi, Qazaqstan Respyblikasy Qaryjy ministrliginiń Memleketlik múlik jáne jekeshelendiryú jónindegi komiteti, Qazaqstan Respyblikasy Aqparat jáne komýnikatsiasalar ministrliginiń Aqparattandiryú departamenti, Qazaqstan Respyblikasynyń Eńbek kodeksi.

669. Оқу орны, ғылыми мекеме, қоғамдық ұйым, өнер орталықтарының және олардың құрылымдық бөлімшелерінің атаулары бас әріппен жазылады: Al-Farabi atyndaǵy Qazaq ultlyq úniversiteti, Sh.Ýalihanov atyndaǵy Tarih jáne etnologiya instýtuty, Qazaqstan Syretshiler odaǵy, Abai atyndaǵy Opera jáne balet teatry, Qazaq ultlyq úniversitetiniń Tarih fakúletini, Shygystanyń fakúletiniń Shygys filologiasy kafedrasy; Til bilimi instýtutyńyń Til mádenieti bólimi, Jazyshylar odaǵy Kórkem ádebiyet bólimi, Til bilimi instýtutyńyń Gylymı kehesi. 670. Ғимарат, ескерткіш, көр-кем әдебиет, му-

зыка, сәулет, өнер туындылары атауларының алғашқы сөзі бас әріппен жазылады: Beibitshilik pen kelisim sarayı, Qazmedia ortalyǵy, Táyelsizdik sarayı, Áziret Sultan meshiti, I.Esenberlinniń «Kóshpendiler» trilogiasy, «Alas-apyran» romany, «Aıqyn» gazeti, «Qazdar qaitqanda» áni, «Máńgilik el» monýmenti.

671. Маңызды тарихи оқиғалардың, мереке атауларының бірінші сөзі бас әріппен жазылады: Aqtaban shuburyndy, Jeltqosan kóterilis, Qurban ait, Naıryz meıramy, Qazaqstan halqynyń birligi kúni, Bilim kúni.

672. Мемлекеттік марапаттар, атақтар бас әріппен жазылады: Qazaqstan Respyblikasy Memlekettik sыйlyǵynyń laıreaty, «Halyq qahar-many» ataqy, «Altyn qyran» ordeni, «Eren eńbegi úshin» medali, «Altyn alqa» tósbelgisi.

VII тарау ҚЫСҚАРҒАН СӨЗДЕР ЕМЛЕСІ

673. Басқы әріптерінен қысқарған күрделі атаулар бас әріппен жазылады: EGYU (Eýroпадаǵy qayıpsizdik jáne yntymaqtastyq uıymy); AQ (Aksionerlik qoǵam); AAQ (Ashyq aksionerlik qoǵam); JShS (Jayapkershilligi shekteyli seriktestik); DDSU (Dúnejúzilik densaylyq saqtaý uıymy). Қосымшалар қысқарған сөздің айтылу заңдылықтарына сәйкес дефис арқылы жазылады: EGYU-ǵa; EO-ǵa; JShS-nyń, JShS-ǵa; AQ-nyń, DDSU-ǵa; TMD-ǵa, MKK-ge. Бірақ AQSñ-qa деп жазылады.

674. Ағылшын тіліндегі атауы бойынша қысқарған әлемдік мәртебесі жоғары халықаралық ұйым атаулары түпнұсқа тіліндегідей жазылады: UNESCO, USAID, NATO, EXPO. Қосымшалар қысқарған сөздің айтылуына қарай дефис арқылы жалғанады: UNESCO-nyń, -ǵa; USAID-tyń, -qa; NATO-nyń, -ǵa; EXPO-nyń, -ǵa.

675. Аралас қысқарған сөздер төмендегідей жазылады: QazUY (Qazaq ultlyq úniversiteti); Eýroodaq (Eýropalyq odaq). Қосымшалар соңғы буына үндесіп жалғанады: QazUY-dyń, -ǵa; Eýroodaq-tyń, -qa.

VIII тарау ШЕТТІЛДІК СӨЗДЕР ЕМЛЕСІ

676. Шеттілдік бірқатар сөздер түпнұсқасына ұқсас жа-

зылады, оларға қосымша буын үндестігіне сәйкес жалғанады: moderator (-dyń, -y, -ǵa, -lar), marker (-diń, -i, -ge, -ler), stepler (-diń, -i, -ge, -ler), vaycher (-diń, -i, -ge, -ler), sýpervaizer (-diń, -i, -ge, -ler), banknot (-tyń, -y, -qa, -tar), bankomat (-tyń, -y, -qa, -tar), planshet (-tiń, -i, -ke, -ter), onlain (-nyń, -y, -ǵa, -dar), oflain (-nyń, -y, -ǵa, -dar), dizain (-nyń, -y, -ge, -dar), barmen (-niń, -i, -ge, -dar), resepsñn (-niń, -i, -ge, -der), skrinshot (-tyń, -y, -qa, -tar), blokbuster (-diń, -i, -ge, -ler).

677. Бірқатар кірме сөздер айтылуы бойынша жазылады: tayar, nómir, poshta, kástóm, pálte, poıyz, siez, slesir, vedimis, vedimistik, ketchúp. 678. ё әріптері әр өрпімен таңбаланады. Қосымша соңғы буынның үндесіміне сәйкес жалғанады: manóvr (-diń, -i, -ge, -ler), brýselóz (-diń, -i, -ge, -der), aktór (-diń, -i, -ge, -ler), amóba (-nyń, -ny, -ǵa, -lar), dirjór (-diń, -i, -ge, -ler), rejisór (-diń, -i, -ge, -ler).

679. ц әрпі және сц әрпі тіркесі s әрпі арқылы жазылады: sirk, sement; desimetr, proporsional, kvars, korporasia, senari, abses, plebisit.

680. ш әрпі sh әрпімен жазылады: ychilishе, praporshik, borsch, shi (тағам).

681. э әрпі е әрпімен жазылады: element, elevator, poetika, koefisient.

682. ю әрпі ú әрпімен жазылады: parashút, absolut, glúkoza, debút, prodúser, lúks, valúta, búdjет, búro, sújет, búleten, fúchers, kompúter, tútor, konúktýra, konúktivit. Қосымшалар соңғы буынның үндесіміне сәйкес жалғанады.

683. я әрпі а әрпімен жазылады: zarád, krnáz, narád, razrád, griláj. Қосымша §16 бойынша жалғанады.

Ескерту. y (i) әрпінен кейін тұрған я-ның орнына а жазылады: aksia, alergja, himia, gimnazia.

684. Жиішкелік белгісі (ь) бар буынға жиішкелік дауыстылардың әрпі жазылады, қосымшалар түбірдің соңғы буынына үндесіп жалғанады: alkogól (-diń, -i, -ge, -der), ansámbl (-diń, -i, -ge, -der), asfált (-tiń, -i, -qa, -ta), álbátros (-tyń, -y, -qa, -tar), álboom (-nyń, -y, -ǵa, -dar), álfa (-nyń, -ǵa), álmanah (-tyń, -y, -qa, -tar), álpinis (-tiń, -i, -ke, -ter), ált (-tiń, -i, -ke), álternativ (-tiń, -i, -ke, -ter), áltrón (-nyń, -y, -ǵa, -dar), bálzam (-nyń, -y, -ǵa, -dar), batalón (-niń,

-i, -ge, -der), búldog (-tyń, -y, -qa, -tar), búldozer (-diń, -i, -ge, -ler), dúbl (-diń, -i, -ge, -der), gólf (-tiń, -i, -ke, -ter), gastról (-diń, -i, -ge, -der), kúlt (-tiń, -i, -ke), kobált (-tiń, -i, -qa, -tar), koról (-diń, -i, -ge, -der), medalón (-niń, -i, -ge, -der), múlftilm (-niń, -i, -ge, -der), ós (-tiń, -i, -ke, -ter), páлма (-nyń, -sy, -ǵa, -lar), paról (-diń, -i, -ge, -der), púlt (-tiń, -i, -ke, -ter), roial (-diń, -i, -ǵa, -dar), rúbl (-diń, -i, -ge, -der), sirkúl (-diń, -i, -ge, -der), váls (-tiń, -i, -ke, -ter), vestibúl (-diń, -i, -ge, -der), vólftram (-nyń, -y, -ǵa, -dar), vólt (-tiń, -i, -ke), fakúltet (-tiń, -i, -ke, -ter), festivál (-diń, -i, -ǵa, -dar), fólklor (-dyń, -y, -ǵa, -lar).

Ескерту. Жиішкелік белгісі (ь) тұрған буында е, і әріптері әрлі болса, бұл белгі ескерілмейді: akvarel (-diń, -i, -ge, -der), artıkl (-diń, -i, -ge, -der), atele (-niń, -i, -ge, -ler), barelef (-tiń, -i, -ke, -ter), barer (-diń, -i, -ge, -ler), gelmint (-tiń, -i, -ke, -ter), kegl (-diń, -i, -ge, -der), kelt (-tiń, -i, -ke, -ter), lager (-diń, -i, -ge, -ler), premer (-diń, -i, -ge, -ler), premera (-nyń, -ǵa, -lar), relef (-tiń, -i, -ke, -ter), shifoner (-diń, -i, -ge, -ler), stil (-diń, -i, -ge, -der), film (-niń, -i, -ge, -der).

685. Айыру белгісі (ъ) ескерілмей жазылады, қосымшалар соңғы буын үндесіміне сәйкес жалғанады: sýbekt, obekt, feldeger, adektiv. 686. -mч әрпі тіркесімен аяқталатын сөздердегі m әрпі түсіріліп жазылады: skoch, skech, mach.

687. Дж әрпі тіркесі бар сөздерде д әрпі түсіріліп, қосымшалар үндестік заңы бойынша жазылады: menejer (-diń, -i, -ge, -ler), jinsi (-niń, -si, -ge, -ler), jentlmen (-niń, -i, -ge, -der). Бірақ búdjет, lodjy болып жазылады.

688. Сөз соңындағы қайталанған қосар әріптің біреуі түсіріледі: klas (-tyń, -y, -qa, -tar), hol (-dyń, -y, -ǵa, -dar), bal (-dyń, -y, -ǵa, -dar).

689. Сөз ортасындағы қайталама сс, мм, лл, тт, фф, нн, бб, рр, пп, гг, дд, кк, уу дыбыстарын білдіретін әріптердің бірі түсіріліп жазылады: patison, komisar, resor, profesor, prosesor, asonans, disonans, disident; gramatika, komýna, imynogon, imigrant, mamologia, simetria, amiak, anagram; metalýrgia, elips, kolej, silabýs, koloid, kolokviým, triler, alofon, troleibýs; kotej, atestat; efyzia, afekt, afrikat, koefisient; týnel, aneksia, baner,

tenis, konotat; abreviatýra, gibon, korespondent, popýri, korektor, ipodrom, oponent; sýgestia; aditiv; akaýnt, akord, akredittey, vakým.

Ескерту. Сөз мағынасына әсер ететін жағдайда, сондай-ақ, өлшем бірлік атауларында қайталама дыбыстар сақталып жазылады: netto, dollar, massa, tonna, millon, millimetr.

690. -uй-мен аяқталған сөздердің соңында бір ғана і әрпі жазылады: kali, álumini, natrı, kafeteri, realı.

691. Шеттілдік сөздердің соңындағы а әрпі сөз мағынасына әсер етпеген жағдайда түсіріліп жазылады. Қосымшалар соңғы буынға үйлесіп жалғанады: kordinat (-tyń, -y, -qa, -tar), kapsýl (-dyń, -y, -ǵa, -dar), kardiogram (-nyń, -y, -ǵa, -dar), fonem (-niń, -i, -ge, -der), morfem (-niń, -i, -ge, -der), leksem (-niń, -i, -ge, -der), orfogram (-nyń, -y, -ǵa, -dar). Бірақ matematika, pedagogika, statistika, mehanika болып жазылады.

692. -cm, -cmь әрпі тіркестеріне біткен сөздердің соңғысы (лары) түсіріліп жазылады, қосымшалар үндестік заңына сәйкес жалғанады: ekonomis (-tiń, -i, -ke, -ter), komýnıs (-tiń, -i, -ke, -ter), manifes (-tiń, -i, -ke, -ter), týris (-tiń, -i, -ke, -ter), poves (-tiń, -i, -ke, -ter).

693. p, h әріптеріне аяқталған шеттілдік сөздерге тәуелді жалғауы жалғанғанда, p, h әріптері ұянданбайды және қосымшалар жуан жалғанады: arhetip – arhetipi, stereotip – stereotipi, sheih – sheihi, shtrih – shtrihy; seh (-tyń, -y, -qa, -tar), sheih (-tyń, -y, -qa, -tar), shtrih (-tyń, -y, -qa, -tar).

694. -og әрпі тіркесімен аяқталатын сөздерге қосымшалар жуан жалғанады: pedagog (-tyń, -y, -qa, -tar), ekolog (-tyń, -y, -qa, -tar), filolog (-tyń, -y, -qa, -tar).

695. -рк, -рә, -кә, -лк, -кл, -нк әрпі тіркестеріне біткен сөздерге қосымшалар жиішкелік жалғанады: ocherk (-tiń, -i, -ke, -ter), hirýrg (-tiń, -i, -ke, -ter), metalýrg (-tiń, -i, -ke, -ter), polk (-tiń, -i, -ke, -ter), síkl (-diń, -i, -ge, -der), bank (-tiń, -i, -ke, -ter).

696. -км, -ск, -пм, -фм әрпі тіркесіне бітетін сөздерге қосымша у, і дәнекері арқылы, ал -км, -пм, -ск сияқты құрамында к әрпі бар сөздерге тек жиішкелік, басқаларына соңғы

буын үндесіміне қарай не жуан, не жиішкелік жалғанады: fakt, faktige, faktisi; pýnkt, pýnktisi, pýnktige; instink; instinkisi, instinkige; disk, diskige, diskisi; aksept, akseptige, akseptisi; soft, softýga, softysy.

697. Сөз соңындағы -нә әрпі тіркесі й әрпімен жазылады, қосымшалар үндестік заңына сәйкес жалғанады: boýlıń (-niń, -ge, -i, -der), brifırń (-niń, -ge, -i, -der), reitirń (-niń, -ge, -i, -der).

Ескерту. Бір буынды сөздерде нә тіркесі жазылады: ring, rang, sleng.

698. Ағылшын тіліндегі түпнұс-қасында w әрпімен басталатын кейбір сөздер у әрпімен жазылады: ýatsap, ýikipedia, ýeb-sait.

IX тарау СӨЗДЕРДІҢ ТАСЫМАЛДАНУЫ

699. Сөз буын жігіне сәйкес тасымалданады: oqý-shylar, oqýshy-lar; bel-sendı, belsendi; bei-bishilik, beibit-shilik, beibitshilik.

700. Буын й мен у дауыссыздарынан басталғанда da-yys (day-ys емес), sa-yat (say-at емес), da-yundyq (dai-yundyq емес), qu-ıul (qui-ıul емес) түрінде тасымалданады.

701. Сөз ішінде үш дауыссыз дыбыс қатар келгенде, сөздің түбірі сақталып тасымалданады: kúńgirt-tey (kúńgirttey емес), jańǵyrt-ty (jańǵyrtty емес).

702. Біріккен және кіріккен сөздер буын жігімен тасымалданады: de-malys, dema-lys (dem-alyс емес); kó-gorai, kógorai (kóg-orai емес).

703. Бір буынды сөздер тасымалданбайды: ai, kún, vólt, kvars, pýnkt.

704. Сөздің жеке әрпі келесі жолға тасымалданбайды: ara (a-ra, ar-a емес), aiaq (a-iaq емес), alaqaп (a-laqaп емес), uia (u-ia, ui-a емес).

705. Бас әріптен қысқарған сөздерді тасымалдауға болмайды: AQSh, TMD, BUU.

706. Кісі есімінің қысқартылған әрпі мен тегі тасымалданбайды: A.Baitursynuly, B.Momyshuly, G.Mustafin, Á.Kekilbai.

707. Цифрлармен келген қысқарған өлшем бірлік атаулары және шартты таңбалар тасымалданбайды: 25 qa (25-qa емес), 50 sm (50-sm емес), 50 % (50-% емес).



Көп жылдардан соң біз тағы да қайта айналып латын графикасын қабылдадық. Президент Н. Назарбаев айтқандай: «Біз латынға өтпейміз, біз латынға қайта ораламыз». Бұл сөздер – тарихи шындық. Лингвист ғалымдардың айтуынша мінсіз алфавит деген нәрсе жоқ, барлық тілдер уақыт өте келе фонетикалық өзгерістерге ұшырайды, тілдік коды оптимизацияға ұшырайды, халықаралық терминдермен толыға түседі.

Бүгінде әлемнің әр түркірінде 5 миллионға жақын қазақ тұрады. Оның 80 пайызы латын әліпбиін қолданады. Демек, біз болашақта латын әліпбиіне көшсек, сол қазақтармен жақындаса түсеміз. Түсіне білген адам үшін мұның да маңызы зор.

Дүйім жұрттың арасында латынға көшсек осы кезге дейін жеткен жетістігімізді, әдебиет пен ғылымдағы табысымызды жоғалтып аламыз ба деген қорқыныш бар екені жасырын емес. Дегенмен, мұндай пікірге жөнсіз жол беруге болмайды. Жазушы Төлен Әбдіқұлының «Егемен Қазақстан» республикалық газетінде жарияланған мақаласында жаңағдай ойдың жетегінде жүргендерге былайша жауап береді: «жетпіс жыл бойы жасалған мұрамыз далада қалып қоймай ма деген де пікірлер айтылуда. Оған – араб әрпінен латынға, одан кириллицаға көшкенде қай асыл мұрамыздан айырылды деген қарсы сұрақпен жауап беруге болар еді», – дейді жазушы. Бұдан артық ешқандай дәлелдің қажеті жоқ деп ойлаймын.

Қазіргі таңда латын әліпбиіне көшу туралы көтеріліп жатқан мәселе өте өзекті. Елбасы латын әліпбиіне көшудің маңыздылығын айтты, нақты бағыт-бағдарын көрсетіп берді. Енді оны халық болып қолдауымыз қажет. Бұл – заман талабы. Бастысы, әркім өз ісімен айналысуы керек. Сол үшін неше таңбаны пайдаланған жөн, ол жағын ғалымдар зерттеп, дәлелдеп, тиімді тусын ұсысын. Екінші мәселе, қыруар қаражат қажет дедік. Бұл мәселені шешу – үкіметтің міндеті. Ал, әр саланы мамандары өздеріне жүктелген міндетті бұлжытпай орындап, жүйелі жұмыс істеуі тиіс. Біз, қазақстандықтар көпшілік болып латын әліпбиін үйренуге, меңгеруге өзін екенімізді көрсетіп, осындай маңызды қадамға баруға ауызбіршілік танытқанымыз жөн деп ойлаймын.

Қазақ тілінің жаңа әліпбиге көшуі – Тәуелсіз мемлекет пен қазақ қоғамының жеке дара ісі мен таңдауы. Бұған қазақ қоғамы іштей дайын отыр. Жаңа әліпбиге көшу – үлкен ұлттық нартауекел. Бастысы, әрбір әріпті, әр таңба мен белгіні терең талдауымыз қажет. Себебі, тіл және жаңа әліпби мәселесінде ешқандай қателік болмауы тиіс. Әліпбиді өзгерту – өз ерекшелігімізді сақтап қалу, әлемдік интеграция, ақпарат алу мүмкіндіктерін дамытуға да жағдай жасайтынын атап өткім келеді.

Қорыта айтатын болсам, қазақ тілін латын қарпіне көшіру туралы барша және өз елінің адал ұрпақтары ретінде қолдап, жүзеге асыруна белсенділік танытатына сенімдімін. Сондықтан да, еліміздегі басты мәселелердің қатарында тұрған латын әліпбиін тез қолданыс аясына қосуды бүкіл қазақ жастары болып қолға алайық.

Айжан ЕРАЛИЕВА, «Тілтану» оқу-әдістемелік орталығының оқытушысы

МҮШӘЙРА

XXIX АЙМАҚТЫҚ «ҰЛЫТАУ ҮНІ» ФЕСТИВАЛІ АЯСЫНДА ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ 65 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ ӨТКІЗІЛЕТІН «ЖЕЗ ДАЛАМ, ЖЕЗ ҚАЛАМ – ЖЕЗҚАЗҒАН» АТТЫ ЖАС АҚЫНДАР МҮШӘЙРАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

Ел өндірісінің даму тарихында өз орны бар, Қазақстанның түсті металлургиясының орталығы саналатын Жезқазған қаласының қала мәртебесін алғанына биыл 65 жыл толады. Осы оқиғаға орай Жезқазған қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі «ЖЕЗ ДАЛАМ, ЖЕЗ ҚАЛАМ – ЖЕЗҚАЗҒАН» атты аймақтық жас ақындардың ашық мүшәйрасын жариялайды.

Мүшәйра 2019 жылдың 21 ақпан күні «Ұлытау үні» фестивалінің аясында Жезқазған қаласында өтеді.

Мүшәйраның мақсаты

- 65 жылдық тарихы бар өндірісті қаланың тарихи кешегісі мен бүгінгі тыныс-тіршілігін көркем шығарма арқауына айналуына ықпал ету;
- «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Туған жерге туынды тік» талабына үн қосу;
- Жас ақындардың шығармашылық дамуына мүмкіндік туғызып, қолдау білдіру;
- Жастарды отансүйгіштікке, патриотизмге баулу.

Мүшәйраны өткізу тәртібі мен шарттары:

1. Мүшәйраға 18-35 жас аралығындағы ақындар қатыса алады;
2. Мүшәйраға шағын жанрдағы (өлең, толғау, баллада) поэзиялық шығармалар ұсынылады;
3. Үміткер үш өлең ұсынуы шарт:
- Бірінші өлең Жезқазған қаласының кешегісі мен бүгінгі, айтулы адамдары туралы;
- Екінші өлең тәуелсіз ел жастарының тыныс-тіршілігі жайлы;
- Үшінші өлең өз қалауы бойынша еркін тақырыпта;
4. Ұсынылған үш өлеңнің жалпы көлемі 5 беттен аспауы тиіс;
5. Бұдан бұрын конкурсқа қатысқан немесе баспасөз бетінде жарияланған шығармалар қабылданбайды;
6. Мүшәйра шарттарына сай келмейтін шығармалар қатыстырылмайды, жарияланбайды;
7. Байқауға ұсынылған шығармалар мынадай үлгіде компьютер-де терілуі керек: Word, Times New Roman, кегль №14, аралық интервал 1.

ОЙМАҚТАЙ ОЙ

ҰЛТТЫҚ САНА – ҰЛТҚА ПАНА

Ұлттың мінезі мен дәстүрі – егіз ұғым. Қазақы мінез бен дүниетанымыда ізет пен құрметке ерекше мән беріледі. «Қазақы мінез» деген ұғымның өзі кішіпейілділік, дархандық, еркіндік сияқты кесек мінездермен айшықталады.

Тәуелсіздік жылдарында халқымыз өзінің тарихы, мәдениеті, рухани мұрасын жан-жақты және терең біліп, тануға қол жеткізді. Ұлттың қайнар көзі, ұлт руханиятының да биік шыңы ол тіл мен діл, ата діні, салт-дәстүрі.

Жалпы Ислам діні – халықты ауызбіршілікке, татулыққа, бауырмалдыққа, ізгілікке, адалдыққа, әлем жұртын бейбітшілікке бастайтын дара жол ұлы құш. Соңғы кезде жаһандану үрдісінде әрбір халық өзінің тәулума мәдениеті мен ұлттық құндылықтарына баса мән беріп отыр. Біздің елімізде де бұл үрдіс жүйелі жолға қойылған. Ұлт көшбасшысының тікелей бастамасымен «Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» ірі бағдарламаларының да түп тамыры діни жаңғыру мен дәстүрлі Ислам мәдениетіне деген наным-сенімді күшейтіп, оған бар ынтамен адал болып, соған бейімдеуде релі зор.

Сондықтан, ұлттық өмір-салтымызды, дәстүрлі дінімізді, әдет-ғұрыптарымызды, тарихи мұраларымызды толыққанды зерделеп, қазақтың далалық еркеніетіне негізделген көшпелілер мәдениеті мен дүниетанымына негізделген дәстүрлі ислам құндылықтарын, рухани мүддеміз бен ізгі қасиеттерімізді сақтай білсек, алынбайтын қамал жоқ. Біз көпұлтты еліміз. Елдегі саяси тұрақтылық пен

8. Автордың тегі, аты, жөні, шығарманың аты, жанры көрсетіледі.
9. Ұсынылған шығармамен қоса өзі туралы қысқаша мәлімет, жеке куәлігінің көшірмесін, 9x12 фотосуретін, байланыс телефоны мен оқу, жұмыс орны туралы мәліметті, шығарманың қағазға басылған және электрондық нұсқасын қоса тапсыруы керек;
10. Үміткерлердің шығармалары 2019 жылдың 17 ақпанына дейін қабылданады;

ӨРКЕНДЕУ ӨЗЕГІ

МЫС БҰЛАҒЫ

Жезқазғанның түсті металлургия орталығы екені айдай әлемге әйгілі. Лондондағы металл биржасында сапалық деңгейі 99,99 % бағаланған біздің саф алтындай сары мысымыз халықаралық нарықта жоғары сұранысқа ие болғалы қашан! Қаланың 65 жылдығы атап өтілетін биылғы жылдың табалдырығын үлкен серпінімен бастаған Жезқазған мыс қорыту зауыты алдағы уақытта негізгі өнім көлемін екі есе арттыруды мекелеп отыр. Өткен жылдың соңында зауытта 10 жылдан бері тоқтап тұрған екінші кен-термикалық пеші іске қосылды. Сонымен қатар өндірісті жаңғырту бағытындағы істер одан әрі жалғасын табуда. Кенді өңірдің тыныс-тіршілігін қалыптастыра отырып қамтамасыз етіп отырған зауыт 48 жылдан бері мыс бұлағын толассыз тасытып келеді. Онда еңбек жолын қарашақырақ Қарсақбайдан бастаған металлургиягерлердің бірнеше буыны қалыптасып, өсіп жетілді. Мерейлі мереке жылында қаланың ең басты өндірісінің бастау жолы мен өткен тарихына бір көз жүгіртіп алсақ артық болмас.



Бүгінгідей алып зауытты салу бір күн тұрмақ, бір жылда шешілген мәселе емес. Талай қаулылар қабылданып, көптеген жобалар жасалғаны анық. Үлкен Жезқазғанның болашағы жолында бар білімі мен қажыр-қайратын жұмсаған Қаныш Сәтбаев пен оның геологтарының орасан зор геологиялық барлау жұмыстарын жүргізе білуінің арқасында 1931 жылы өңірдегі есепке алынған мыс кенінің қоры 2 млн. тоннадан асып кетті. Жезқазған сол кезде кен қоры жөнінен КСРО бойынша бірінші орынға шықса, Африкадағы Родезия, Катарби және Америка жеріндегі Чилиден кейінгі төртінші орында болған еді. Одақтың Түстіметалл және алтын бас басқармасы Жезқазған қазба байлығын ойдағыдай игеру үшін жылдық өнімділігі 25 мың тонна мыс алатын комбинат салу жөнінде шешім қабылдайды. Арада біраз жылдар өте келе, 1934 жылы Мәскеуде Ғылым Академиясының мұрындық болуымен Үлкен Жезқазғанның өзекті мәселелеріне арналған Академияның қазақстандық базасының ғылыми сессиясы болып, оған қатысқан КСРО Жоспарлау комитетінің, Түстіметалл бас басқармасының алдына өнімділігі жоғары жаңа комбинат салу туралы мәселе қойылады. Осы мәміледен соң 1936 жылдың мамырында Түстімет бас басқармасының арнайы комиссиясы Жезқазғанға келіп комбинат салатын салатын орынды анықтайды. Комбинат салынатын жер тек өндіріске ғана емес, болашақ кеншілер қалашығына да қолайлы болуы ескеріледі. Алдын ала жүргізілген зерттеулерге сәйкес мамандар Жезқазғаннан 25 шақырым жердегі Кеңгір өзенінің сағасын бөгеу, су қоймасын салуды жоспарлады. Комбинат құрылысын 1943 жылы аяқтау жобаланған болатын. Алайда, сол кезеңдегі елдегі жағдай, уақыт талабы өзінің өзгерістерін енгізді. Соғыс жылдарында Жезқазған кені, Қарсақбай мысы майдан сұранысын өтеуге бағытталғаны белгілі. КСРО Түсті металлургия министрлігінің бұйрығымен 1943 жылғы сәуірде Жезқазған мыс комбинаты құрылды. Оның құрамында Қарсақбай мыс зауыты, Байқоңыр көмір ошағы, 17 шахта және 3 карьер болды.

Бұрын Кеңгір аталған кент 1941 жылы Үлкен Жезқазған атауына ие болды. Өндіріс алаңдары енді осында шоғырлана бастады. Ал 1954 жылы 20 желтоқсанда 30 мыңнан астам тұрғыны бар Үлкен Жезқазған жұмысшы кентіне қала мәртебесі берілді. Жас қалаға өліміздің түпкір-түпкірінен жұмысшылар келіп, жергілікті халықпен қатар еңбек етті, «Степлаг» тұтқындарының да барлық құрылыстарға қатысуы қамтылды. Негізгі өндірістің басын біріктіретін Жезқазған тау-кен металлургия комбинаты 1958 жылы құрылды. Оның алғашқы директоры болған Виктор Гурба ізгілікті істерімен тұрғындардың есінде қалды. Әуелі жаңа байыту фабрикасы салынды. Жезқазған мыс қорыту зауытының құрылысы 1966 жылы басталды. Құрамында штейнге бай кремнийлі мыс концентратын электр қуатымен балқытуға негізделген зауыт технологиясын «ВНИИЦветмет», «ГИНЦветмет», «Гипрохим» мамандары жасаған. Бас жобалаушысы әрі негізгі жұмыс көлемін «ГИПРОЦветмет» орындаған еді. Жаңа зауыттың металлургия кадрлары Одақтағы түстіметаллургияның салалас кәсіпорындарынан, соның ішінде Алматы, «Ленгеникель», Балқаш, Норильск кен-металлургия комбинаттары мен Пышма мыс-электролит зауытының мектептерінен жақсы тәжірибе жинақтап келіп іске кіріскен-ді. Жезқазған мыс қорыту зауытының бірінші кезегі 1971 жылы іске қосылып, 23 ақпан күні тұңғыш мыс балқымасы алынды. Алғашқы катод мысы В. Азановтың ауысымында алына, алғашқы қара мысты Ж. Ыбыраевтың ауысымында аға конверторшы С. Елемесов балқытты. Еліміздегі түсті металлургияның алып өндірісінің шежіресі осылайша жазылған еді. Сондай-ақ, 1973 жылдың 21 ақпанында электр пеші іске қосылып, алғашқы штейн конверторға құйылса, 1977 жылы желтоқсан айында күкірт қышқылы цехының төртінші жүйесі пайдалануға берілген соң зауыт толық қуатына көшті.

Жаңадан салынған зауыттың алғашқы директоры Игнатий Ли мыс бұлағын 20 жылдан аса басқарды. Үлкен жетістіктерге жетті. Одан кейін Төлеген Әбдірахманов, Қайсар Телешев сынды білікті инженерлер басшылық жасап, айтарлықтай құрметке бөленді. Зауыт қабырғасында балқыту ісінің нәбір майталман шеберлері өсіп жетілді. Жақсы дәстүрлер қанат жайды. Білікті металлургиягерлерді қалыптастырған дәстүрлері бүгінге дейін жарасымды жалғасын тауып келеді. Қазірде мыс қорыту зауытын Алматыдағы Қазақ Ұлттық техникалық университетінің түлегі, еңбек жолын балқыту цехының электр пешінде балқытушы болып бастап, ауысым шебері, аға шебер, уақыт бастығы, бас инженер жолдарынан өткен білікті жас Мәдет Сұлтанов басқаруда.

Зауытта өндірісті қайта жаратқандыру жұмыстары кейінгі жиырма жылдың ішінде ұдайы жүргізіліп келеді. Мәселен, кен-термикалық пештері Швецияның «Болиден Контек» фирмасының жобасы бойынша қайта жабдықталған болатын. Алайда шикізат көлемінің тапшылығынан 2009 жылдан бері зауыт бір пешпен жұмыс істеу тәртібіне көшірілген еді. «ҚазМинерал» ЖШС жаңадан кен көздерін игеріп, тау-кен және байыту нысандарын іске қосуна байланысты шикізат қоры ұлғаяды деп күтілуде. Осыған орай мыс зауытының екінші пеші жаңартылып, іске қосылды. Толық қуатына көшкен мыс зауытында енді жылына 220 мың тонна катодты мыс өндіруге мүмкіндік туды. Негізгі өніммен қатар мұнда катодты мыстың сапасы 98 % сәл жоғары деңгейде болып отыр. Пешті іске қосуға дайындау барысында шпурларға автоматты қондырғылар қойылды. Басқа да жаңа құрылыстар алынды. Электролиздеу ванналары темірбетоннан полимербетонға ауыстырылды. Анод бөлімшесіне де жаңа жабдықтар қойылып, мысты үздіксіз құю қамтамасыз етілді.

Елбасымыз алға қойған «Төртінші өнеркәсіптік революцияның» жүзеге асыру аясында мыс зауытында жалпы энергия үнемдеуші жаңа технологиялар енгізілуде, өндірістік үдерістерді автоматтандыру деңгейі арта түсуде. Биылдан бастап күкірт қышқылы цехын толықтай қайта жаңарту жұмыстары басталмақшы. Бұл жоба жүзеге асқан кезде аймақтың экологиялық ахуалын жақсартуға оңтайлы мүмкіндік туды. «Қазақмыс Смлэтинг» ЖШС бас директоры Әлілет Барменқұлов атап айтқандай, екінші пештің іске қосылуы жаңадан 600 жұмыс орнын ашуға жол ашты. Бұрын зауытта 1500-ге жуық адам еңбек етсе, қазірде еңбеккерлердің саны 2 мыңнан асып отыр. Өркенді өңірдің өндірісі осылайша қанат жая бермекші.

Амандық РАХҰЛЫ



ҚАЛА ҚҰРДАСЫ

Өз тарихының алпыс бесінші парағын ашқан Жезқазғанның мерейтойы қарсаңында қаланың дамуында еселі еңбегімен із қалдырған, аймақтың нығаюында үлесі бар есімдер жайында қалам тербеуді құп көрдік. Алғашқы кейіпкеріміз – Жезқазғанға қала мәртебесі берілген 1954 жылдың 20 желтоқсанында туған Алтын ШӘЙМЕНОВА. Қала жұртшылығы жақсы білетін, «Қазақмыс» корпорациясының әлеуметтік саласына жауапты қызметтер атқарған Алтын Шәймәкқызымен жүздесіп, тілдесудің орайы енді көлгендей.

ЕҢБЕГІМЕН АРДАҚТЫ

«Адал еңбек әрқашан кімнің болса да абыройын асақтатады. Даңқын арттырады», – дегенді бала күннен естіп өскен Алтын Шәймәкқызы Жезді кентінде қарапайым жұмысшы отбасында дүниеге келді. Балаларының білім алуына барлық жағдайды жасаған ата-ана қызын Алматыдағы қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтына оқуға жібереді. Жаратылыс-тану-география факультетін тәмамдаған соң Алтын Шәймәкқызы туын туған жерге тіктеп, еңбек жолын Жездідегі мектеп-интернатта тәрбиеші-мұғалім қызметінен бастайды. Шәкірттерін тәрбиелей, білім әлеміне жетелей жүріп, жас маман өз ісіне өбден төселіп алды. Сөйтіп, №6 орта мектепте мұғалімнен оқу ісінің меңгерушісі қызметіне ауысты. Ал 1985 жылы аудандық партия комитетінің идеология бөліміне нұсқаушы қызметіне алынды. Міне, содан бастап ол тұрғындардың өтініш-тілектерінің ескеруіне қалмауына үлес қосты. Еңбегінің зейнетін көрер шаққа жетсе-дағы сүйікті ісінен алшақтағысы жоқ. Қазір «Қазақмыс» корпорациясы «Ардагерлер кеңесі» қоғамдық бірлестігінің Жезқазған филиалы жетекшісі қызметінде өндіріс ардагерлерінің бос уақытын тиімді ұйымдастыру, сондай-ақ, оларға материалдық көмек көрсету, денсаулығын жақсартуға қатысты мәселелерді шешуге атсалысып отыр. 2018 жылы «Қазақмыс» корпорациясында еңбек еткен 319 еңбек ардагерінің 50 пайыздық жеңілдікпен медициналық орталықта ем-дом қабылдауына, сондай-ақ, 149 зейнеткердің туғандарына жерлеуді рәсімдеуге берілетін бір реттік материалдық

көмек беруге, 16 еңбек озатының «Еңбек ардагері» медалі мен 45 АЕК көлеміндегі сыйақы алуына қолғабыс етті. Бізбен сұхбаттаса отырып, бір еңбек ардагеріне ота жасауға жеңілдік рәсімдесе, тағы бірін қалалық газетке жазып жатты. Осылайша, Алтын Шәймәкқызымен бірге өткізген аз ғана уақыттың ішінде кеңседе адам аяғы арылмады. Келген бұйымтайларын айтып, жағдайын түсіндіріп жатқандардың сөзін бөлмей, мәселесін оң шешудің жолдарын қарастыруға тырысқан Алтын Шәймәкқызының кәсібилігіне риза болмасқа болмады. Алғашында қағазбастылықтан жалығып, реніш білдірген ардагерлердің кетерінде жүздері күлімсіреп, алғысын жаудырып жатқанын да көрдік.

– Менің жұмысым – осы. Мен одан рахат табамын. Қолдан келіп тұрса, неге басқаға көмек бермеске?, – деген Алтын апаидан аудандық партия комитетінде еңбек еткен уақытқа оралуды өтіндік.

–1987-1989 жылдар аралығында жалпы бөлім меңгерушісі қызметін атқардым. Менің негізгі міндетім арыз-хаттармен, бухгалтерлік есеп-қисап, құпия құжаттармен жұмыс жасау еді. 1987 жылы біздің бөлімнің жұмысын тексере келген комиссия мені орталық комитетке көмекке шақырды. Кейін атқару комитеті төрағасының идеологиялық мәселелер бойынша орынбасары лауазымында жүріп, комбинатқа ауыс-тым, – деген Алтын Шәймәкқызы 2018 жылға дейін әлеуметтік сала маманы, корпорацияның әлеуметтік бөлімінің жетекшісі, кеңсе басшысы қызметін абыроймен атқарды.

Әлеуметтік салада ерен еңбегімен ерекшеленген Алтын алай әр жылдары Құрмет грамоталармен марапатталып, кеудесіне III дәрежелі «Еңбек даңқы» медалін тақты. Дегенмен, Алтын Шәймәкқызы үшін ең жоғары марапат – халықтың ықыласы мен алғысы.



Бөрінен сыйды бағалай білетін біздің кейіпкер әріптестері мен тілектестерінің өзіне деген бір ауыз жылы сөзін көз келген медаль мен орденнен анағұрлым артық санайды. Және бүгінде ол еңбегімен адамгершілігімен осы құрмет биігіне шыға білді. Бар саналы ғұмырын әлеуметтік салаға арнаған Алтын Шәймәкқызының Жезқазғанның дамуына ықпалдасып, өзінің азды-көпті қолтаңбасын қалдырғаны анық. Әлі де болса, бойындағы қажыр-қайраты мен білімін сүйікті ісіне арнап, туған жеріне адал қызмет етуді мақсат тұтқан қала құрдасын мерейлі жасымен құттықтаймыз.

Диана ОРАЗАЛИНА

Жезқазған шаһарының жылнамасы

1957 жыл

- 4 қаңтарда мемлекеттік нотариалдық кеңсе құрылды.
- 27 наурызда Жезқазған қаласы еңбекші депутаттар кеңесі атқару комитетінің №2 қаулысымен Жезқазған станциясында екінші разрядты жинақ қасасы ашылды.
- 26 қазанда Жезқазған геологиялық барлау партия-сының негізінде Жезқазған кешенді геологиялық барлау экспедициясы құрылып, оның құрамына аймақтағы геологиялық партиялар кірді.
- Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 27 наурыздағы №136 Қаулысымен Сталин колхозының негізінде бұрынғы Сарыкөңгір кеңсарының орталығы Малшыбай ауылы құрылды.
- №55 және №57 жаңа алып шахталар іске қосылып, оларда одақта бірінші рет бүкіл өнім шығару және қазу жұмыстарында мүлдем жаңа тәсіл – рельссіз жүретін жаңа техника қолданылды.

1958 жыл

- 1958 жылдың мамыры мен 1965 жылдың наурызы аралығында қалалық атқару комитетінің төрағасы Жәңгер Жанасұлы Жанасов болды.
- 12 ақпанда Жезқазған қалалық кеңесі атқару комитетінің №49 шешімімен қазақтың атақты ақыны, ұлы ойшылы А.Құнанбаевтың есімі қала көшесіне берілді. Абай көшесі – қаладағы ең ұзын көшелердің бірі.
- 15 наурыз күні Жезқазған қалалық еңбекші депутаттар кеңесі атқару комитетінің 1958 жылы 19 наурыздағы Қаз КСР Аграру министрінің №97 шешімімен Жезқазған қаласында қалалық жасөспірімдер спорт мектебі ашылды.
- Мамыр айында Жезқазған қалалық еңбекші депутаттар кеңесі атқару комитетінің 1958 жылы 14 мамырдағы №207 шешімімен шығыс және солтүстік жағынан шығанақ жағалауымен, оңтүстік жағынан Кеңгір-рудник су қоймасы, батыс шекарасында «Казмедьстрой» тресінің ескі құмды қарьерінен қоршалған.

Бекболатсай шығанағының аяқ жағында орналасқан 65,5 га жер Қазақ КСР Ғылым Академиясына қарасты Жезқазған ботаника бағына айналды.

- 16 шілдеде Қарағанды ауыл шаруашылығы кеңесінің №184 өкімімен Жезқазған тау-кен металлургиялық комбинаты құрылды. Алғашқы директоры В. Гурба болды. Оның құрамында байыту фабрикасы, кен басқармасы, Қарсақбай мыс балқыту зауыты кірді.
- 1 тамызда 1958 жылы 15 мамырдағы Қаз КСР Мәдениет министрлігінің №14-7/378 шешімі негізінде, Жезқазған қалалық еңбекші депутаттар кеңесі атқару комитетінің 1958 жылғы 28 маусымдағы №282 шешімімен балалар музыка мектебі ашылды.
- 9 тамызда КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен «Қазмысқұрылыс» тресінің бригадирі В.Раковскийге Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.
- 15 қазанда 1958 дылы 22 сәуірдегі Қаз КСР Мәдениет министрлігінің №108 бұйрығы негізінде, Жезқазған қалалық еңбекші депутаттар кеңесі атқару комитетінің 1958 жылғы 15 қазандағы №339 шешімімен Жезқазған қаласында есту қабілеті төмен азаматтардың «Қызыл бұрыш» қоғамы ашылды.
- 19 қараша күні Жезқазған қала-лық еңбекші депутаттар кеңесі атқару комитетінің 1958 жылғы 19 қазандағы №383 шешімімен Жезқазған қаласында қалалық Пионерлер үйі ашылды.
- «Қазақстан» кинотеатрының құрылысы басталды.
- «Жезказганский рабочий» қала-лық газеті редакциясының жанынан «Құршы» және «Слиток» әдеби бірлестігі жұмыс істей бастады, оған 40-тан аса ақын, жазушылар қатысты.
- Жезқазған жобалау тобы мем-лекеттік жобалау институты болып құрылды.
- Алғашқы ерт депосы салынды.

Жезқазған қалалық мемлекеттік архиві деректері негізінде әзірленді

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: сенімге – серпін!

ЖҰМЫССЫЗДЫҚТЫ ЖОЮ ЖОЛЫНДА

Жылжымалы пункт жұмысын бастады

Кеңгір ауылында Жезқазған қаласы әкімдігі халықты жұмыспен қамту орталығының жылжымалы пункті өз жұмысын бастады.

Қала әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова, ауыл әкімі Қанағат Жанпейісов және «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының, мемлекеттік кірістер басқармасының, қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің мамандары қаладан шалғай жатқан ауыл тұрғындарына мемлекет тарапынан берілетін көмек пен қолдауды түсіндіру мақсатында мобильді топ құрды. Бұл қызмет түрі ауыл тұрғындарына сандалып қалаға қатынамай, керек көмекті немесе кеңесті дер кезінде алуға мүмкіндік береді. Жылжымалы пункт тұрақты түрде ай сайын ауылға келіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізетін болады.

Мобильді топтың көмегіне жүгінуге келген кеңіріліктердің алғашқысы – Атығай ақсақал. Зейнеткер жер телімін алып, бау-бақшалықпен айналысуға ниетті екен. Ал мектеп мұғалімі Айым Сәрсембаева ауыл балаларына балабақша ашқысы келетінін айтады. Өйткені, ауылда мектепке дейінгі жастағы бүлдіршіндердің саны артып келеді. Өкініштісі сол, олардың өсіп-дамуына, білім алуына өлі жағдай толық жасалмаған. Сондықтан, көп ата-ана балаларын қаладағы білім орталықтарына апарып, қосымша білім беруге мәжбүр. Дәметкен Қалиева балаларға арналған өнер орталықтарының жоғын алға тартады. Хореограф Дәметкен талай өнерлі балалардың уақыттарын босқа өтіп жатқанына қынжылады.

Ауыл тұрғындарының өтініш-тілектері тыңдалғаннан кейін мобильді топ түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Жеке



кәсіпкерлігін ашып, белгілі табыс көзін қолға алғысы келетін әр адамға мемлекет тарапынан түрлі жеңілдіктер беруді кезеген бағдарламалар қарастырылған. Бау-бақшалықты кәсіп еткісі келген Атығай атаға несиелі берілмейді. Бірақ, ол жер телімі сатылатын аукционға қатысып, оны сатып ала алады. Сондай-ақ, оның құрған бизнес жобасы нақтыланып, қабылданса оған жергілікті билік тарапынан бар жағдай жасалады. Тіпті, ақсақал жұмыскер де жалдай алады.

Бүгінгі күні бизнес ашу өркіміңіз қолынан келеді. Тек «жас келсе – іске». Айым мен Дәметкен мемлекеттік-жекеменшік серіктестік арқылы өз ойларын жүзеге асыра алады. Ол үшін ауылдан лайық ғимарат тауып, керек құжаттарды жинау керек. Ең бастысы «он рет пішіп» бизнес жоба құру керек. Бұл мәселеде кәсіпкерлер палатасы тегін көмек береді. Кеңгір селосының әкімі Қанағат Жанпейісов жастарға ғимарат табуда жәрдемдесетінін жеткізді.

«Атамекен» кәсіпкерлер палатасында бірқатар жаңашылдықтар пай-

да болды. Технология дәуірі адам жұмысын едәуір жеңілдетуде. Биылдан бастап палата жанынан онлайн сервис қызмет етеді. «Атамекен-сервис» деп аталатын сайт арқылы кез келген адам тіркелгеннен кейін кәсіптік оқуға бизнес жобаға онлайн түрде өтініш бере алады. Алдағы уақытта оқуды да онлайн вебинар ретінде жүргізу жоспарланған. Бұл өз кезегінде адамдардың уақытын үнемдеуге септесетін болады. Сондай-ақ, жұмыс іздеген әрбір азамат жұмыспен қамту орталығының табалдырығын тоздырмай, «Еңбек.кз» сайтына тіркеліп, өзінің түйіндемесін ғаламторға жүктейді. Осылайша айлап, жылдап табылмайтын жұмыс әп-сәтте табыла кетуі де мүмкін.

Мобильді топ алдағы күндері де село тұрғындарының өтініш-тілектеріне құлақ түре отырып, олардың оң шешімін табуына қол сілтемекші.

Арайлым ЕРҚОҢЫРОВА
Суретті түсірген
Ғалия ӘБДИҒАППАРОВА

ЗЕРДЕ

АМАНКЕЛДІ БАТЫРДЫҢ ХАТШЫСЫ БОЛҒАН

Әлмағанбет Жәнібеков туралы не білеміз?



Мен Әлекеңнің үйіне немересі, сыныптас досым Едігемен бірге бірнеше рет бардым. Ойын баласымыз ғой, кейде далада асық ойнап үйге кіреміз. Кітаптарды алып, сабаққа дайындамыз. Киіз үй төрінң сол қанатына қарай ол кісі төселген жер көрпелің үстінде малдасын құрып, сымағ тартқандай тіп-тік отырады. Қазір көзіме жалпақбеттеу, қарасур, көзі өңменіңнен өтетіндей өткір алпыстан асақан егде кісі елестейді. Шоқша сақалды, кең маңдайлы, самайына ақ кірген Амандақанда қоңыр дауыспен «Өркенің өссін» дегеннен басқа сөзін естіген жоқпын. Ойын-тойға, құдайы тамаққа барғанын көрген емеспін. Ауыл тұрғындарының ауызында бұл кісі туралы өңгіме-аңыз көп. «Аманкелді батырдың хатшысы, сенімді серігі». «Қарулы, қарсы келген жауды арқасынан бүріп атынан жұлып алады екен». «Мәрт кісі». Айтылған өңгімені үстірт, байыбына бармай түсінсем де оның тегін адам емес екенін білетімін.

Аудандық газет редакциясында жұмыс істеп жүрген кезінде Әлекең жайлы мақала жазуға талпыныс жасадым. Бірақ аудандық газет қызметкерінің қолы қысқа ғой. Өлке тарихы, адамдары жөнінде кітап ұшырамайды. Мұрағат жоқ. Ел қастерлеген бұл кісі туралы ауызекі өңгімелерді жинап, мақала жазуға болмайтынына көзім жетті. Бұл талабымыз партия ұйымының хатшысы да мақұлдай қоймады.

Қолдағы аз-кем деректердің негізінде тұңғыш мақаланы «Ұлытау. Ұлытау ауданы» энциклопедиясына жаздым. Мәтіні мындай: «Жаныбеков Әлмағанбет (т.ж.б., Торғай облы. Торғай уезі, Қайдауыл болысы, Досан Қолпасы-ө.ж.б.) – 1916 ж. А. Иманов бастаған ұлт-азаттық қозғалысына белсене қатысқандардың бірі. А. Имановқа хатшы болған. Ұлытау ауданы дайындау кезеңіне дайындаушы болып еңбек еткен. Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1944 ж. 29 маусымдағы Жарлығымен Құрмет грамотасымен марапатталған. Аманкелді ауылдық округінде Сарлық елді-мекеніндегі зиратқа жерленген (Әдөб. Аманкелді Иманов, мақалалар, документтер, материалдар, «Қазақстан» баспасы, 1975ж.).»

Кейінгі зерттеулерде Әлмағанбет атамыз 1891 жылы Торғай уезі Қайдауыл болысының аумағындағы Досан қолпасында туғанын көрсетті. Қола қамысы қалың, малға қыста ықтасын, жазда суы мөлдіріген көкмайса шабындық болған. Қыпшақтың бес руы өкілдерінің құтты мекені. Кеңес заманының алғашқы жылдарында ауылдық кеңеске депутаты болған Айғаныс әжеміз «Досан қолпасының несібін айтасын. Қамысының өзі тамаша отын. Мал-жайды да қыстан алып шығушы еді» деп айтып отыратын.

Әлмағанбеттің ауылы Аманкелді батыр туған Балық қарасын қыстағынан алыс емес болатын. Көршілер мал жайылым жайлы жындыларда, ойын-тойларда, құдайы астардар араласып тұрды. Ол құрбылас жас жігіттердің ол кездегі арманы, есілдері Бегімбет қыпшақ Аманкелдідей елдің, кедей-жақсыбайлардың жоғын жоқтау, арам-за байлар мен жалшылардың еңбегіне ақы төлеуден жалтаруына қарсы күресу, бауының малың жерің, қызын тартып алғына кесе-көлденеу турған мінезі туралы білініп-естіп, ақылды із-қарақетіне таң қалатын. Батыс Сібірдің губернаторы Торғайға келгенде азулы үш ру өкілдерінің бірі Бегімбет қыпшақ Аманкелді орысша сөйлейді. Кедейлердің арызын жоқтап, байлардың наразылығын тұтыған. Ол 1909 жылы Саумалкөл (Кривоозерный) судьясына, тағы 1910 жылы сол судьяға барып, өзі жөнінде бай-шонжарлардың жалған арыздарымен қозғалған қылмысты істерді насырға шаптырмай, өзін ақтау жөнінде әдіп шешім қабылдауға құл жеткізген.

Әлмағанбет Аманкелдіден 18 жас кіші болды. Бірақ, батырдай білімді, қазақша орысшаға жетік, мысы басып тұратын тулга болуға ұмтылды. Бұл уақытта өңірде арманын іске асыратын жағдай бар еді. XIX ғасырдың аяғында Иман батырдың немересі Көшімбаек би Балықұлы ауылында бастауыш медресе ашып, онда орысша-қазақша сабақ беретін мұғалім ұстаған Оқу мекемесі Орынбор, Уфа, Троицк, Қазан, Ташкентте шығатын қазақша-орысша газет-журналдарды, кітаптарды жаздырып алып тұрған. XIX ғасырдың ортасында Дулығалыда Құлмұхаммед ишан медресе салдырады. Онда дін сабақтарынан қатар жағрапия, есеп, араб тілі оқытылды. Ауылдағы молдадан сауат ашқан Көзі ашық, көкірегі ояу, өршіл жігіт көнекез қарилардың айтуынша Көшімбаек бидің қазақша-орысша медресесінде оқуын жалғастырды. Жағрапия, арифметика бойынша сабақ алды, орыс тілін үйренді. Орысша, қазақша бірсыдырғы сауатты жаз алатын дәрежеге жетті. Талапты жігіттің ел жер, жерлерестері үшін өжет іс-қимылдары Аманкелдінің көзіне іліккен.

Сарбаз Садуақас Ысқақов Аманкелді батырдың Досан қолпасындағы ауылда 1916 жылы жазда қыпшақтың бес руының өкілдерімен кездесу өткізгенін жазды. Онда Ресей патшасының 1916 жылы 25 маусымдағы Орта Азия мен Қазақстанның бұртана халықтарының 18 және 40 жас арасындағы ер адамдарын бірінші дүниежүзілік соғыстың шебіне қарамалайлыққа шақыру туралы жарлығының халыққа қарсы сипаты туралы жан-жақты өңгіме болады. Оның үстіне болыстар, ауыл старшындары, ауылдағы ат төбеліндей байлар тізім жасау кезінде

өздерінің, туыстарының балаларын алып қалып, оның орнына кедей-көпшіктер, жалшы-жақыбайлар, дәулеті жоқ кемпір-шалдың балалары енгізілген. Ол тізімде Әлмағанбеттің өзі, әке-шешесі бауырына басқан ағасы Шөжік, әкесінің ағасы Төлепбергеннің ұлы Траң, тетелес екі інісі Келмағанбет пен Шілдебай жазылған болатын. Осы жиында қарамалайлыққа кісі бермеу туралы уағдаласты. Көпшілік мұндай қорлыққа төзбей, патша өкімшілігіне қарсы қарулы көтеріліске шығу жөніндегі Аманкелдінің ұсынысын қолдады. Ондаған сарбаздар балта, шоқпар, бірен-саран шіті мылтықтарын алып, көтерілісшілер қатарына қосылды. Олардың ішінде 25 жасар Әлмағанбет те бар еді.

Жекелеген жерде басталған толқулар 1916 жылдың шілдесіне қарай бұқаралық ұлт-азаттық қозғалысына ұласты. Келесі жазын шілде айында Ұлытау аймағындағы Терісбұтақтағы Құлмұхаммед ишан мешітінде өтті, құрбандық шалынып, ауызы дуалы ақсақалдар Аманкелді батыр бастаған сарбаздарға бата берген. Көтеріліс басталарда сарбаздар намаз оқып, салауат айтып, құран ұстап, алған жолдан қайтпауға антасқан. Құрбандыққа шалынған ақсарыбас қошқардың басы Құлмұхаммед ишанның күмбезді зиратында өлі сақтаулы тұр. Осы жолы көтерілісшілер Аманкелді батырды өздерінің кесемі, сардары етіп сайлады. Батыр қатарларынан сана-сезімсіз озық тұрған, орысша білетін, қағаз жазуға бейім, кісіге сөзі өтетін Әлмағанбетті өзіне хатшы етіп алды.

«Қазақ көтерілісшілерінің неғұрлым шоғырланған тобы,- деп мәлімдеді патша өкімшілігі 1916 жылы қыркүйекте Омбыдан ... – Атбасар уезінде Ұлытау деген жердің жанында 7000-нан аса... қазақ жиналды». Атбасар уезінің бастығы Омбыға «бағаналылықтар торғайлықтарға қосылып кетті» деп телеграмма берді (Қазақ ССР тарихы, I том, Алматы, 1957ж., 607-608б.б.).

Көтерілісті басқарудың жүйелі тәртібі болды. Оның ішіндегі маңызды деп хатшылықты да айтуға болады. Хатшылық Әлмағанбет Жәнібековтың жетекшілігімен жұмыс істеді. Хатшылық бас сардар ставкасы жанында болды. Бұйрықтардың жобасын дайындады. Хаттарды жазды. Олар барлық өкімшілік мәселелерді қолында ұстады. Хатшылық қолында почта қатынасы, жаушылар, шабармандар, ұраншылар болды.

Бас сардар Аманкелді батыр әскери хатшысы Әлмағанбетті лайықты бағалаған. Қазыбай көлінің жағасында мыңбасылар, олардың жәрдемшілері, жүзбасылар хан сайлаған. Хандар мен бас сардардың қарым-қатынасының ара-жігін ашып, жолын көрсеткен. Бұл ұлт-азаттық қозғалысындағы осы аса маңызды шешімдер жөнінде халыққа хабарлау құрметіне әскери хатшы ие болды. Ол қыпшақтан Әбдіғалар Жанбосынұлы, арғыннан Оспан Шолақұлы хан етіп сайлаған әскери алқаның ұйғарымын оқиды.

Осыдан соң хатшы Әлмағанбет Жәнібековты қыпшақ атаулының бай, дәулеттері көтеріліске көмектесуі керек, әскерді азық-түлікпен қамтамасыз етіп, оларға ішік-тоң, ат-көлік, жөм, қосқа киіз жинауы керек деді. Сөзін жалғастырып, одан басқа тағы байларға зекет салығу тәсілді, «оны қазынайшы белгілейді, әрбір ауқатты үйден төрт теңгеден салық алынады, кім жарлықты орындамайтын болса, мал-мүлкі көмеспелесіп, көтеріліс пайдасына көшіріледі» деп сөзін тәмамлады.

Бұл оқиға 1916 жылы қазанда Торғай қаласына шабуыл жасау қарсаңында болған еді. Одан жеткен хабарларға қарағанда халық үрейлі екен. Жаулар көтерісшілер қаланы талағалы жатыр, қаланы қаңқасап қалған толтырып, адамдарды өлтіреді-міс деп жалған лақап таратыпты. Жұрт әрі-сәрі ойда, толқу үстінде. Осыған байланысты көтерісшілердің, жергілікті тұрғындардың үлкен жиыны өтті. Онда Әлмағанбет шағын кіріспе сөзден кейін көтерісшілердің бас сардары Аманкелдінің, мың, жүзбасыларының, барлық сарбаздардың атынан Торғай қаласы халқына жолданған хатты оқып шықты. Мәтіні төмендегідей екен.

«Құрметті қала тұрғындары! Қаланың алпауыттары мен кәсіпорлдары! Орыстар мен татарлар! Көтерілісші қазақтардан сіздерге сәлем! Бізбен сіздің ортақ дұшпанымыз – оңбаған адамдар, олар бізді өз бостандығымызды алуға шыққан кедей-батрактарды орыс біткенді қырады екен деген есек таратыпты. Ол жалған! Біз орыс пен татардың еңбекшілерімен соғыспаймыз. Біз ақ патшамен, оның орнатқан төртбітім, өз байларымызбен, старшындармен, бізді патшаға сатып, қанымызды тегіп жатқан жауыздармен соғысамыз. Біз Торғай өлкесінің бостандығы үшін күресеміз. Жалған есекке сенбейдіздер!» «Қыран қазасы қыяда», тарихи-деректі роман, Мақан Жұмағұлов, «Жазушы», Алматы, 1980, 213, 217беттер).

Бас сардарға, мыңбасы мен жүзбасыларына алдағы күндері күтіп тұрған сындарлы оқиғалар белгілі еді. Ол Торғай қаласына шабуыл жасап, оны патшаның жазалаушы әскерлерінен, олардың жандай-шалпарты мен көтеріліс жауларынан босату болды.

Әлмағанбет хатшымын деп әскер қосында отырып, тек қағаз жазумен шұғылданған жоқ. Күйік, Доғал қопаларында, Құмкешуде, Батпаққарада болған айкастарда, Торғайды шабуылдағанда болат қылышын жарқылдатып, қарсыластарына темір сүңгісін сұғып, бұғалық тастап ажал қаптырды. Ержүрек, бетінен қайтпайтын, өкі сөйлемейтін кісі болатын. Оны тек мыңбасылар, жүзбасылар ғана емес, жалпы ұлттық қозғалыстың қарапайым қатысушылары жақсы көрді, сыйлады.

1943 жылы жазда КСРО Ғылым Академиясының Қазақ филиалы қазақ халқының батыры большевик Аманкелді Имановтың өмірі және революциялық қызметі туралы материалдар жинау үшін ғылыми экспедиция жасақтады. Экспедицияның бір тобы Жезқазған Ұлытау аудандарын аралады, батырдың кіндік қаны тамған жері Терісбұтақта болды. Ғылыми экспедиция құрамына болашақ ҚазақСР ғылыми академиясының академигі Әзіл Марғұлан да енгізілген болатын. Ұлытауда батырдың жеке хатшысы Әлмағанбет Жәнібековпен дидарласып, жан-жақты өңгімелескен. Ол кейін Әлекең жөнінде мынадай жазба қалдырған, қазақша аудармай, қаз күйінде орысша мәтінін келтірейін. «Алмағанбет Жаныбеков в период восстания тургайских казахов (1916-1917) был личным секретарем Амангелды, одним из его актив-

нейших бойцов-сарбазов, участвовавших во всех сражениях с карательными войсками царизма. Он подробно рассказал о сходах двух казахских племен-аргынов и кипчаков в октябре 1916 года в урочище Көпен-Қарасы, где они приняли предложение повстанцев о штурме Тургая и дали клятву Амангелды отдать свою кровь во имя свободы казахского народа» (Амангелды Иманов. Издательство «Казахстан», 1973 г., стр 194.) Батырдың жеке хатшысының жазбалары осы экспедиция жинақтаған материалдарға қосылған. Әрине, ол арнайы зерттеуді талап етеді.

Ә. Жәнібеков көтеріліс басылған соң да батырмен бірге жүрді. Ауылды жерде Кеңес өкіметін орнатып, оның ауыл-кедей шаруаларына ықпалын арттыруға белсене араласты. Кейін мойынсеріктер, артылдар, колхоздар құрды. Аманкелді батырдың үзегілес серігі аудандық партия комитетінің тікелей тапсырмасымен сол уақыттағы екінің үштен бірі ұрақ зормаң, суыр, күзең, мал терілерін, жүн-жұрқа дайындау орындарында өнімді жұмыс істеген. Өйткені, кеңес өкіметінің қалтасы тақыр еді. Кеңес одағын индустриаландырудың орасан бағдарламасын іске асырудың бір қаржы көзі дала тағысының аса бағалы терілері, малдың жүні, терісі, сүйегі болды.

Отызышы жылдары Қарсақбай ауданының басшылары іскер дайындаушыны Ұлытау жағындағы дайындау мекемесіне жауапты қызметке жібереді. Беделді еді. Көп ұзамай артында қалған көп жылғы қуаңшылықтың қыспағында болған ағайындар арасындағы дау-дамайдан шаршаған «Досан» қолпасындағы «Октябрь» колхозының мүшелері жерлестерін Ұлытау өңіріне көшіріп алу жөнінде мәселе көтерді. Оны аудан басшылары қолдады. Шаруалармен кездесіп, барлығының ортақ мүддесін ескеріп, шешім қабылдау үшін Әлмағанбет Жәнібеков пен таңдаулы қолхоз төрағаларының бірі Өміт Байшұманов «Досан» қолпасына әдейілен барды. 1938 жылы Қайдауыл бойынан ағайындар мал-жанымен көтеріле көшіп, «Бірлік» колхозының аумағына орналасты. Қоныс аударған «Октябрь» колхозының мал фермасын Жақан Жаңдарбеков басқарған болатын. Ол бұл қызметті ферма жаңа ұжымшарға қосылғанша және кейін де атқарды. Бала кезімден осы колхоздың мүшелері Мизамбай Әтепов, Тұрғынбек Құрманов, Жаманғара Бейсәнбаев пен Белгібай, Келмағанбет Жәнібеков, Есенғали Жәнішев, тағы басқалардың ерен еңбегі мен тағылымын көріп естік. Қайдауыл бойынан көшіп келген ағайындардың қосылуымен «Бірлік» колхозы мүшелерінің саны, ауыл шаруашылығы өндірісінің көлемі күрт өсті. Біраздан соң ірілген колхозға Аманкелді батырдың есімі берілді.

Әлекеңе Ұлытау құтты қоныс болды. Осы жерде ұлы Панура ауатқанда, халық сотында іс жүргізуші міндетін ойдағыдай атқарып жүрді. Отау көтерді. 1942 жылы тұңғыш немересі Едіге дүниеге келді. Өзі 1944 жылы маусымда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен Қазақстанда Кеңес өкіметін орнатуға қатысқан Қазақ халқының аты аңызға айналған халық батыры Аманкелді Имановтың үзегілес серіктері және сарбаздары қатарында Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің грамотасымен және бағалы сыйлықпен марапатталды.

Өмірдің қызығы мен шыңығы қатар жүреді ғой. Батырдың үзегілесі 1943 жылы шұғыл тапсырмамен ақырған аязда алыстағы ауылдық кенеске барып, қайтып келе жатқанда ақтүтек боран соғып, айдалада түнеп қалды. Қол-аяғы үсіп, сауақтары мен бақайлары бөлініп тұрды. Төпе-теңдік жасайтын барлық бақайларынан айрылған алпысқа тақаған қарулы кісінің қандам басуы мұң болып, мүлдегіттің ауыр қаматын киді. Келіні Қүнжан қайтыс болды, көп ұзамай бәйбішесі Рабиға да фениден бақпаға жөнелді. Ұлы Отан соғысының майдан даласында неміс басқыншыларымен соғысып жатқан Панура бүкіл әскери бөлімшесімен жаудың қоршауын бұзып шыға алмай ақыры тұтқынға түсті. Ол елге 1947 жылы оралды. Ауылда да НКВД оның соңынан қалмай жүріп, «отанға опасыздық жасағаны үшін» деген дәйексіз жалған айыппен 25 жылға соттатылған. Ол 1949 жылы Қарлғ бөлімшелерінің бірінде қайтыс болды. Ұлы Отан соғысы жылдары жалғзынан айырылып, қара жамылғандар көп еді. Көптен көрген ұлы той деген ғой. Қызыл партизан Әлекеңнің жүрегі ұлы Панура отанын, елің жерің, ата-анасын сатып кетті дегендерге сенбеді. Ақырын күтті. Іштен тынып үйде отырып қалды. Көпнен араласпады. Сырттай сатықн сарбаздың әкесі деген сұмақай сөз, есек-аян гүлден бұрды. Жұрттан оқшауланған күйде, жалғыздықта, Панураның ақталғаны жөнінде өкімет қағазын көре алмай 1961 жылы 28 желтоқсанда өмірмен қоштасты. Ұлытау ауданы Аманкелді атындағы ауылдық округтің Сарлық елді-мекенінде жерленген.

Әлекеңнің немересі Едіге бүгінде жетпістен асқан көнекез қария. Жасы келіп, бұғанасы қатпай Аманкелді атындағы колхозда қара жұмыскер болды, кейін оның негізінде құрылған совхозда автокөлік жүргізушісі болды. 1962 жылы Марияшпен қол ұстасып, отау көтерді. Қазір 10 баланың әкесі, келін түсіріп, қыз ұзатқан ой-тойдың үстінде ғұмыр кешіп жатқан бақытты замандасымыз. Кешегі сұлқым келіпше Марияш КСРО-ның «Батыр ана» орденімен марапатталған Қазақстан Республикасының Алтын алқасының иегері. Нарық келіп, бәсекелестік туып, әркімнің өз мүмкіндігін көрсетуге жағдай туған кезде құрған шаруа қожалығы ауылдағы маңдайалды шаруашылыққа айналған. Е. Әлмағанбетов кеңестік өкіметтің «Еңбекте үздік шыққаны үшін», «Еңбек ардагері» медальдарының иегері (Қ. Құлхаметов «Жалғыз қалған туяқ», «Ұлытау өңірі», 13 қазан 2012 жыл).

Қорыта айтқанда, Әлмағанбет Жәнібеков – 1916 жылғы қазақ ұлт-азаттық қозғалысы қайраткерлерінің бірі. Оның батыр тұлғасы, ержүректілігі және іскерлігі, өмірі мен қарақеті жастарымыз үшін отансүйгіштіктің, ел ісіне шексіз берілгендіктің үлгісі болып табылады.

Сағындық ҚОЖАМСЕЙТОВ

МЕРЕЙ

(Соңы. Басы 1-бетте)



БАСЫН ТІГІП БӘЙГЕГЕ, БАССЫЗДЫҚҚА КӨНБЕГЕН

Енді бірде, «Мұхаммед (сала аллаху ғалайық саллам) рухымен сырласу немесе пайғамбарға әліктітеу» деген өлеңінде: Сізге ұқсап кейде мен Ұйқы-күлкі көрмеймін. Елім үшін еңіреп, Елім үшін өрлеймін. Бұдан артық бақ бар ма, «Еркек тоқты – құрбандық». Басым кетіп жатса да, Бассыздыққа көнбеймін, – дейді ақын. Елге танымал, сыйлы ортаға салмақ салар сойы бар, қара орманға қарата айтар оңы бар ер жасының ерен ортасындағы азаматтың адалынан ақтарылғанына түйірдей де күмәніңіз жоқ.

Және оның: Өзім жайлы не айтайың қарағым, Біреуге – өке, біреуге жай атаматты. Достарыма қарабасым қымбатты, Ағайынға артығырақ атаматым.

Өзім жайлы не айтайың қарағым, Ең жақымын қолымдағы қаламым. Домбырасын арқалаған даланың, Күйбәңі көп кірмесімін қаланың, деунде шынайы ақын тірлігінің ақиқаты жатыр. Достарына – қарабасы, ағайынға атағы қымбат, яғни, беруден гөрі алуға үйір ағайынның арқа тұтарлық азаматты деңгейіндегі белгілі бір беделге ие бола отырып өзін қатардағы көптің бірі санайтын қарапайымдылығы (біреуге – жай ата) және көбіне алдамшы тірліктен жүзегі, өзінің ақдал өлеңімен – ақдалған жүрегімен оңаша сырласып кететін тірлігі мен қала өміріне араласуына тура келсе де тамырынан ажырамаған, табиғи қалпынан таймаған қазақылығы сүгірет көзім көз алдыңызға тұра қалады. Шағын шумаққа мол сүгірет, зор ой сыйғызған шынайы ақын шеберлігі деген мұны!

Тап осы жолдарды жазып отырғанда мағанышнайы шығармашыл адамның бойында басын бұйдаға сыйдыра бермейтін серілік нышаны бәрібір бірде көрініс беріде деген бір ой келді. Оған себеп те осы кейіпкерімиздің өзі. Еліміз Тәуелсіздік алғып, жаңа қоғамдық қатынастарға бет бұрған бір тұста Базарбай облыстық газеттің «бөлім меңгерушісінің орынбасары» деген білдей бір қызметін тастады да, бір күнде кәсіпкер болып шыға келді. Онда да редакция үйінен алыстап кетпей, Гагарин көшесі бойындағы бір сауда фирманың жер төселесінен дүкен ашыпты. Бұрын да қасынан үймелеп шықпайтын журналист достары өнді топ-тобымен сол дүкенге қарай қасқайып тұратын болды... Содан сауда қайдан жартын... Сол тұстары облыстық Жезқазған туы – «Сарыарқаның» 5000-ші мерекелік нөмірі жарық көретін болып, соны қалай, қайда атап өтеміз деген тұрғыдағы тапқылаулар жүріп жатқан ішімізде. Баспақанаға қарызы көбейіп, қаржы тапшылығын тартып отырған редакция өз бетінше тойды қалай жасай қойсын, алақан жайып «көмек бер» дейтіндей тыныс кәсіпкерлер де жоқ. Бұл өңгіме, әрине, дүкенге келіп-кетіп жатқан журналист достары арқылы Базкеңе де жетеді. Бұл оның «шығармашыл адамға кәсіпкерлік көп емес екен, одан да үкіметтің тұрақты жұмысына шықсам ба» деп екі ойлы болып жүрген кезіне нөк келеді. Содан Базкең бір-ақ сөтте нық шешімге келіп, газет басшылығын адамға кәсіпкерлік көп емес екен, одан да деу қара құнып ілді...

Содан Жезқазған облыстық мемлекеттік архивіне директордың орынбасары болып орналасты, кейін директоры болды. Базарбай Әлеуханұлының табандылығы, көптің мүддесін жоғары қоя білетіндігі осы қызметте жүргенде көрініс тапты. 1997 жылы мамыр айында Жезқазған облысы тарап, Қарағандыға қосылғандығы белгілі. Міне, осы тұста мұндағы сақтау, күту жағдайының төмендігін қарғауға етіп, архивтер барлық құжатты Қарағандыға көшіру жөнінде өңгіме басталып, аяғы сол көшірумен бітуге тақап келе жатты. Базарбай Әлеуханұлы күші басым, билігі мығым жақтың ықтыруына қарамастан, шып-ыр болып араға түсті. Уәжі дәлелді, нақты. «Апыр-ау, бұрын сонау құмдағы елдің Жезқазғанның өзіне келіп кетуі бір мұң болатын, енді 500 шақырымға одан әрі алыстап кетсе, бір анықтам алу дегеніңіз олар үшін нағыз сорға айналмай ма?! Халықтың жағдайын неге ойламайсыздар?! Жақсы, Қарағандыға қараған жақтың құжаттарын ала беріңіздер, бірақ Ұлытау, Жезді өңірінің архивіне тиіспеу керек!» деп тандап отырып алды. Ақыры мұның талабы үстем шықты, қазір көпшілік сол тартыстың пайдасын көріп отыр...

1997 жылы қыркүйекте қала өкімінің БАҚ бойынша кеңестісі болып қызмет ауыстырды. Онда, құзырына бірыңғай БАҚ мәселесі ғана емес, қаладағы ішкі әлеуметтік ахуалды қадағалау да

кіретін. Өңір тарихына жетік, кіммен қалай сөйлесу керектігін жақсы білетін, қала тізгінін қолына мығым ұстаған Жұмамәді Ибаділдиннен осында жұмыс істеген екі жыл ішінде көп нәрсе үйренді. Адамдарды тану, олармен араласа білу секілді қасиеттерді сіңіруге тырысты. Осы қызметте жүріп, мысты шаһарға, Ұлытауға арнайы атбасын тіреп келетін атақты өнер адамдарымен өтене араласу құрметіне ие болды. Мұның өзі үлкен бір мектеп еді.

1999 жылы қалалық «Дидар» телеарнасының директорлығына баламалы сайлау жолымен келді. Келуін келіп алғанымен, мұндағы жағдайға қарап еріксіз дағдарған қаржы жеткіліксіз, облыс жабылғалы бергі екі жыл бойы қалалық болып қайта құрылымдалған телеарна телехабарлар таратуға мемлекеттік лицензия алмаған болып шықты. Сондықтан қызырлы органдар ер күн сайын дерлік арнамыз жабамыз, өзіңе миллиондаған айыппұл саламыз деп ескерту жасаумен келді. Содан Базарбай Астанаман екі ортаны жол қылып, сабылуға түсті. Лицензия алу дегенің анық айтқан оңай шаруа болмай шықты. Бірақ, табанды мінезіне басып, ойдағысын орындап шықты ақыры. Енді алдан жылтың-жылтың етіп тұрған қаржы мәселесін шешуі тиіс болды. Өзінің туған ағасындай болып кеткен қала басшысы Жұмамәді Ибаділдин: «Мен мол ақшаға қарық қылады деп ешқашан ойлама, ақша берсең, көз келген ақымақ та басқарады, мәселені өзің шеш», – деп бірақ қайыраң басында. Содан ойлана келе телеарна мүмкіндігін нарыққа сай икемдеуге бел буды. Аймақ тұрғындарына туған күн қуаныштарын телеарна арқылы құттықтау мүмкіндігін неге жасамасқа? Қазаны да телеарна арқылы жабарлау мүмкіндігі берілсе, бір сәтте еститін адамдар қатарының көбеюіне жол ашылар еді. Әрине, бұрын қолданыста болмаған мұндай жаңашылдықты көптің еу баста тосырқай қабылдары анық. Өзі басында солай болды да. Бірақ, бәрі біртіндеп орнына түсті. Телеарнаның қаржы жағдайы түзеле бастады. Қаржы болған соң жаңа бағдарламалар жүргізу, арнаны материалдық-техникалық жағынан жақсырту мүмкіндігі ұлғайды. Солай жасалды да. Телеарнаның үлкен ғимаратына ішінара жөндеу жұмыстарын да жасады. Биыл «Дидар» телеарнасының құрылғанына 60 жыл толмақ. Осыған орай, «Қазақмыс» корпорациясы басшылығымен тіл табыса жүріп, ғимаратқа біршама көрнекті жөндеу жұмыстарын жасап алмақ ойда. 60 жылдық белеске бір ғана рет жетесің. Арта телеарнаны өмірге әкеліп, оны қалыптастырған, аяғынан тік қойған сандаған маманның еңбегі жатты. Сондықтан осы мерейлі белесті алға сапып, Ұлытау-Жезқазған аймағындағы бірден-бір көгілдір арнаның тойын атап етіп, арна ардагерлері мен бүгінгі ұжымды рухани жағынан бір серпілту ойы да тұр алда. Өмірдің небір өткелдерінен өтіп шыңдалған Базарбай Әлеуханұлы ұжыммен берлесе от

ҚАЗЫНАШЫЛЫҚ ЖҮЙЕСІНЕ 25 ЖЫЛ

МАҚСАТ – ҚЫЗМЕТ САПАСЫН ЖАҚСARTY



Еліміз егемендік алып, 1993 жылы төл теңгеміз айналымға енгізілгеннен кейін, мемлекет қаржы жүйесін реформалауға көйіл бөлді, халықаралық стандарттарға сәйкес Қазынашылық жүйесін құру мәселесі көтерілді. Елбасы Жарлығымен 1994 жылы 27 қаңтарда Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық комитеті құрылды. Өткен 25 жылды еске түсірсек, қазынашылық жүйесінде біраз жұмыстарға қол жеткіздік. Қазынашылық органдары алғашқы құрылған жылдары республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің қаражатты мақсатты пайдалану үшін алдын ала бақылауды жүзеге асыру арқылы, Ұлттық банктің кассалық есептеу орталығына төлем жасау туралы тапсырмаларды орындаудан бұрын төлем тапсырмаларына қазыналық рұқсат беріп отырды. Елбасы Жарлығымен 1996 жылы қазан айында Бюджет банкі құрылып, мемлекеттік бюджеттің кассалық орындалысын жүзеге асырып отырды. 1998 жылдан бастап, қазынашылық органының қарамағына беріліп, барлық деңгейдегі мемлекеттік бюджеттің кассалық орындалысына қызмет көрсетіп келеді.

Қазынашылық жүйеге жүктелген ең басты инновациялық жоба «Қазынашылық-клиент» электрондық құжат айналым жүйесі мемлекеттік мекемелерде түгелімен енгізілген, барлық қаржылық құжаттар түрі электрондық түрде өңделді. Мемлекеттік мекемелерден келіп түскен төлеуге берілетін

шоттары, азаматтық-құқықтық мәмілені тіркеуге арналған өтінімдері және жоспарлары мен өзгерістердің анықтамаларын «Қазынашылық-клиент» электрондық құжат айналымының ақпараттық жүйесінде өткізу жүзеге асырылады. Осыған орай, мемлекеттік мекемелердің әкімшілік шығындары азайды, оның ішінде қағаз және автокөлік шығындарын азайтуға қол жеткіздік. Біздер үшін, өрине негізгі мақсат «Қазынашылық-клиент» электрондық құжат-айналым жүйесін енгізу мемлекеттік мекемелердің қаржылық құжаттарының өңдеу сапасын жақсарту. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2017-2021 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспарында сәйкес, қаржылық құжаттарды өңдеу 2015-2016 жылдары 8 сағат болса, 2017 жылы 7 сағат, 2018-2019 жылдары 6 сағат, 2020 жылы 5 сағат, 2021 жылы 4 сағат ішінде өңдеу уақытын кезең-кезеңмен азайту жүзеге асырылуда.

Жергілікті өзін-өзі басқарудың IV деңгейін енгізу бойынша Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңаша мүмкіндіктері» Жолдауын жүзеге асыруда, «100 нақты қадам – Ұлт жоспарының 98-қадамы» шеңберінде аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ деңгейінде жергілікті өзін-өзі басқарудың дербес бюджеті мен коммуналдық мәншігін енгізуді көздейтін жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту мәселелері бой-

ынша Заң қабылданды. Заң жобасына сәйкес жергілікті өзін-өзі басқару бюджеті мемлекеттік бюджеттің 4-ші деңгейі ретінде аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ деңгейінде 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап халық саны 2000 адамнан астам әкімшілік аумақтық бірлікте енгізілді, ал 2020 жылдан бастап барлық жерлерде енгізіледі.

Жезқазған қалалық қазынашылық басқармасы 2018 жылдан бастап жергілікті өзін-өзі басқарудың төртінші деңгейдегі бюджеті бір елді-мекенде сәтті енгізіліп жұмыс жүргізіп келеді. Басқарма заманауи компьютерлермен жабдықталып, өз ісінің білікті мамандарымен қамтылып, «Қазынашылық-клиент» ақпараттық жүйесінде мемлекеттік бюджеттің кассалық орындалысына қызмет көрсетуде.

Қазіргі таңда мемлекеттік басқару жүйесінде өз орны бар, жүйелі түрде қызмет көрсеткен Қазынашылық құрылымына 25 жыл толып отыр. Жезқазған қалалық қазынашылық басқармасының алдына бағдарлы мақсаттары мен негізгі міндеттер бекітіліп берілген. Сондықтан ел мүддесі үшін атқарылатын бұл мақсатты міндеттерді іске асыруға басқарма қызметкерлері мемлекеттік мекемелерге қызмет көрсету сапасын жақсартуды жылдан-жылға арттыруда.

Бейбіт ШАКЕНОВ,
Жезқазған қалалық қазынашылық басқармасының басшысы

МҮМКІНДІКТЕРІ ШЕКТЕУЛІ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒЫНАН ҚОРҒАЛУЫ

Мүмкіндіктері шектеулі адамдардың қорғалуы мемлекетіміздің әлеуметтік саясатының басым бағыттарының бірі болып табылады. 2015 жылдың ақпанның 20 жұлдызында Қазақстан Республикасының «Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияны ратификациялау туралы» Заңына қол қойылды. Конвенция 2006 жылдың 13 желтоқсанда Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас ассамблеясында қабылданды. Конвенция принциптері мыналар: адамға тән қадір-қасиетті, оның өз таңдауын жасау еркіндігін қоса алғандағы жеке дербестігін және тәуелсіздігін құрметтеу, қоғамға толық және тиімді тарту және қосу, мүгедектердің ерекшеліктерін құрметтеу және оларды адами алуан түрліліктің компоненті және адамзаттың бір бөлшегі ретінде қабылдау. Қатысушы мемлекеттер бәрше мүгедектердің адамның барлық құқықтары мен негізгі бостандықтарын мүгедектік белгісі бойынша ешқандай да кемсітушіліксіз толық іске асыруын қамтамасыз етуге және көтермелеуге міндеттенеді.

Мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы қоғамдық қатынастарды және құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық шарттары Қазақстан Республикасының «Мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» 2005 жылдың 13 сәуіріндегі № 39 заңы бойынша анықталған.

Мүгедектерді әлеуметтік қорғау – оларға әлеуметтік, медициналық және әлеуметтік, кәсіби жарамдылығын арттыру, білім беру сияқты бағыттағы қоғамдық өмірге оралтуға байланысты өткізілетін шаралармен жүзеге асады.

Мүгедектер қандай жеңілдіктер мен жәрдемақылармен пайдалана алады?
Мүгедектерді оңалтудың жеке бағдарламасы:

Мүмкіндігі шектеулі жандарды қоршаған ортаға бейімдеу үшін техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдар ұсынылады. Осы мақсаттар үшін мүгедекке оңалтудың жеке бағдарламасы жазылады. Оңалтудың жеке бағдарламасы дегеніміз мүгедектердің тіршілік-тынысының шектелуін жеңіп шығуы үшін жағдай туғызуда, олардың әлеуметтік мәртебесін қалпына келтіруге, әлеуметтік-тұрмыстық және ортаға бейімделуіне бағытталған іс-шаралар кешені. Мүгедектерді оңалтудың бағдарламасы медициналық-әлеуметтік сараптама қорытындысы негізінде айқындалады

және соған сәйкес жүзеге асырылады. Жеке оңалту бағдарламасының барлық іс-шаралары аурудың түріне, медициналық көрсеткіштер бойынша шығарылады.

Медициналық-әлеуметтік сараптамаға жолдама алу үшін, мүгедектің тіркеуде тұрған ОДА-на хабарласуы қажет.

Оңалту іс-шаралары келесіні қамтиды:
– санаторлы-курорттық және протездік-ортопедиялық көмектер;
– көзі көрмейтін және нашар көретіндерге – тифлотехникалық құралдар: тифлотаяқтар, тифломагнитолалар, Брайль жүйесі бойынша жазу құралы, диктофон, плейер, оқу машинасы, компьютерлік тифлоқешен, нашар көретін адамдарға арналған сағаттар беріледі. Толық немесе ішінара есту қабілетін жоғалтқан мүгедектерге сурдотехникалық құралдар: ұялы телефон, сигнал жүйелері, сағат, телефакс, компьютер және есту аппараттары беріледі сонымен қатар есту бойынша мүгедектігі бар балалар кохлеарлық импланттармен қамтамасыз етіледі.

– 1-топтағы мүгедектер мен мүгедек балаларға кресло-арбалар беріледі. Серуенде кресло-арбалары 4 жылға, – бөлмелі кресло-арбалар - 7 жылға беріледі;

– гигиеналық құралдарға мұқтаж мүгедектерге, жергектер (730 дана, бір жылға), несеп қабылдағыштар және нәжіс қабылдағыштар (365 дана, бір жылға), сіңіргіш жаймалар (жайықтар), катетер, стоманың айналасындағы теріні қорғау және тегістеуге арналған паста-герметик, қорғаныш крем, сіңіргіш ұнтақ (опа), иісті бейтараптандырығыш, теріні тазартқыш, санитарлық құрылғысы бар кресло-орындық, дәретхана бөлмесіне арналған қайырмалы тіреуіш тұтқалар, жуынатын бөлмеге арналған тұтқалар беріледі.

Мүгедектерді әлеуметтік оңалтуға кіретіндер:

– басқа адамның күтімі мен көмегіне мұқтаж мүгедектерге, оның ішінде мүгедек балаларға үйде арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету;
– жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектерге – жеке көмекші.
– есту кемістігі бар мүгедектерге ымдау тілі маманының қызметі.
Мүгедектерді әлеуметтік оңалту: медициналық-әлеуметтік мекемелер (ұйымдар), әлеуметтік көмекті үйде көрсететін бөлімшелер, арнаулы

білім беру ұйымдары (психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар, оңалту орталықтары, психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері), денсаулық сақтау ұйымдары және басқа да мамандандырылған ұйымдар жүзеге асырылады.

Қолыңда жеке оңалту бағдарламасы болған жағдайда, мүгедектер тұрғылықты мекенжайы бойынша жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдеріне хабарласуы керек.

Мүгедек балаларды жалпы білім беретін мектептерінде оқытуға мүмкіндігі болмаған кезде, оқыту үйде жүргізіледі. Оқытуға арналған шығындарды өтеу үшін тоқсан сайын әлеуметтік көмек төленеді.

Жұмыс берушінің кінәсінен жұмыста мертітуге ұшыраған немесе кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектерге, техникалық және көмекші құралдармен қамтамасыз ету бойынша жеке оңалту бағдарламасына сәйкес жұмыс берушінің қаражаты есебінен қамтамасыз етіледі. Егер жұмыс беруші қызметін тоқтатқанда, жеке кәсіпкер немесе кәсіпорын таратылған жағдайда, кезінде жазатайым оқиға туралы актінің және кәсіпорынның жою немесе жеке кәсіпкердің қызметін тоқтату туралы құжатты бойынша жоғарыда аталған заттарды мемлекеттік қаражат есебінен ала алады.

Қалалық көліктерде жол жүру:

1 және 2-топтағы мүгедектерге, Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген тұлғаларға, мөлшері ең төменгі зейнетақы алушы зейнеткерлерге (Қазақстан Республикасының «2018 - 2020 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңына сәйкес ең төменгі зейнетақы мөлшері – 36108 теңге құрайды) (базалық зейнетақыны қоспағанда) № 1, 3, 5, 6, 8, 11, 96, таксиден басқа қала бойынша маршруттарында тегін жол жүру билеттері беріледі.

Жүріп-тұруы қиын қоларбада отыратын бірінші топтағы мүгедектер үшін қала шегінде «Инватакси» қызметтері ұсынылады.

Сіздерді қызықтырған сұрақтар бойынша Жезқазған қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі немесе **8 (7102) 765670, 762945, 767660** телефондар арқылы кеңес алуға болады.

«Жезқазған қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ

ЖЕМҚОРЛЫҚ – ІНДЕТ, ЖОО – МІНДЕТ!

Мемлекет басшысы Н. Ә. Назарбаев «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Жемқорлықтың алдын алуға бағытталған күрес жалғаса берсін. Біздің мемлекетіміз, басқа да көптеген мемлекеттер сияқты, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау мақсатында қарқынды жұмыс жүргізіп келеді. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтер аясында мемлекеттік қызметшілердің тұрғындармен тікелей қарым-қатынасын азайтуға қол жеткізу, яғни 2019 жылы көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің 80 пайызы, ал 2020 жылы кемінде 90 пайызы электрондық форматқа көшірілуіне тиіс» деп сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз күрес жалғаса беретінін атап көрсетті.

ЗАҢНЫҢ ҮСТЕМДІГІ – ЖОЛДАУДЫҢ БАСЫМ БАҒЫТЫ



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты – қоғамда сыбайлас жемқорлықты, оған жол беруші алғышарттарды түбегейлі жою. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатына қол жеткізу: қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбейшілік ахуалын қалыптастыру; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарларын жою; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өзара іс-қимылын нығайту; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық ынтымақтастықты дамыту; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу және тергеп-тексеру міндеттерін шешу арқылы іске асырылады.

Мемлекеттік органдардағы процестерді, соның ішінде олардың халықпен және бизнеспен қарым-қатынасын цифрландыру маңызды болып саналады. Атап айтқанда, азаматтар өз өтініштерінің қалай қарастырылып жатқанын көріп, дер кезінде сапалы жауап алуға тиіс делінген. Осы орайда, қалалық аумақтық инспекциясына келіп түскен өтініштер бірыңғай есепке алу бойынша автоматтандырылған ақпараттық жүйе бағдарламасына кіргізіліп, өтініш иесіне жеке және заңды тұлғалардың – өтініштерін есепке алу ережесінің 3-қосымшасына сәйкес жыртылмалы талон беріледі. Талонда интернет желісінің мекенжайы көрсетілген. Сол арқылы өтініш иесі шығарылған шешімнің нәтижесін көре алады.

Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, олардың жолын кесу, мемлекеттік міндеттерді атқаратын лауазымды және басқа да адамдардың тиімді қызметін қамтамасыз ету және күресті күшейту мақсатында ҚР Ауыл шаруашылығы министрілігі агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті мен Қарағанды облыстық аумақтық инспекциясы қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт бекітілді. Бұл стандартта инспекцияда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалардың өзін-өзі ұстауы, басқарушылық және өзге шешімдерді даярлау және қабылдау кезіндегі ережелерінің талаптары көрсетілген.

Инспекция бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметкерлерінің әдеп кодексі (мемлекеттік қызметкерлердің қызметтік әдеп қағидалары) стенді және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі атқарылып жатқан іс-шаралар бойынша стенді орнатылған. Онда сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыс жоспары, азаматтардың өтініштері мен арыздарына арналған жәшік, сыбайлас жемқорлық туралы фактілер туралы ақпараттар, электрондық мекен жайлар орналастырылған.

Жезқазған қалалық аумақтық инспекциясы мемлекеттік мекемесі бойынша сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және мемлекеттік қызметшілердің қызметтік өдебін бұзу мәселесі бойынша «Қауырт желі» сенім телефоны: **8-7102-73-32-72, 8-705-334-69-69** жұмыс атқарады.

Абзал АХМЕТБЕКОВ,
ҚР АШМ АӨК МИК Жезқазған қалалық аумақтық инспекциясының басшысы

АЛҒЫС

ЕЛ АЗАМАТТАРЫ АМАН БОЛСЫН

Жезқазған қаласының әкімі қызметіне тағайындалған Қайрат Бегімов аз уақыттың ішінде білікті әрі білімді басшы екенін көрсете білді. Елбасының «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасының арттыру» Жолдауы мен «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы аясында берілген тапсырмаларын орындау бойынша өзге де мемлекеттік мекемелердің жүйелі жұмыс жасап жатқанынан хабардармыз. Мысалы, Хамзат Жаналин бастаған қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі ұжымның еңбегі арқасында қаладағы жұмыссыздар саны азайды. Жұмыссыз жүрген жастарды жұмысқа орналастырып, жеке кәсіп ашуға жол көрсетіп, бағыт-бағдар берген ұжымның еңбегі зорын мойындаймыз.

Қаланың әлеуметтік жағдайын жақсартуға атсалысып жүрген «Ақсауыт» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Абзал Әбжаппаров жезқазғандық мүмкіндігі шектеулі азаматтардың барлығына қолдау көрсетуге тырысады. Жағдайы төмен отбасылар материалдық-моральдық көмек ие болуда. Сондай-ақ, ол тек жезқазғандық қана емес, шалғай жатқан ауылдардағы жарымжан жандарға қолынан келгенге көмектесуде. Үш жүздің басын жоқан киелі Ұлытау жерінде туған асыл азамат өз еліне, жеріне деген патриоттық сезімін осылайша жеткізуде.

Осы ретте «Жүрек жылуы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Болат Іңкәрбекөвтың еңбегі де атап өтпеске болмас. Ол мүмкіндігі шектеулі жандарды жеке көмекшілерімен қамтамасыз етіп, олардың айлықтарын уақытылы беріп отыр. Бұл – біз үшін үлкен көмек.

Бізді қорғап, қолдап жүрген осындай кең жүректі, жомарт жандардың барына куана отырып, алғыс білдіреміз.

Жезқазған қаласының I топтағы мүгедектері атынан
Жанар ЖАХМЕТБЕКОВА

АҢДАТПА

«ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КЕРУЕНІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КОНКУРС

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасының Қоры, Қазақстанның Іскер Әйелдер қауымдастығы және «Хабар» Агенттігінің бірлескен «Қайырымдылық керуені» республикалық байқауы жалғасуда. Ақпараттық қолдаушы – «КТК» теларнасы.

Жобаның мақсаты – қайырымдылық идеяларын дәріптеу, белсенді азаматтық бастамаларды дамыту.

Байқауға әлеуметтік, қоғамдық проблемаларды шешуге және өздерінің жомарттығымен басқаларды мейірімділікке ынталандыруға үлес қосып жүрген жеке және заңды тұлғалар қатыса алады.

2018 жылғы қарашадан бастап 2019 жылғы ақпанға дейінгі кезеңде еліміздің барлық өңірінде конкурсанттарды тіркеу жұмысы жүргізіледі. Конкурс жеңімпаздарының есімдері ақпанның соңында – Алғыс айту күні мерекесінің қарсаңында белгілі болады.

Лауреаттар бес номинация бойынша анықталады:

- «Асар» (номинация халықтың салт-дәстүрімен байланысты қайырымдылық қызмет көрсететін адамдарға қолдау көрсетуге бағытталған);
- «Туған жер» (білім беру, экология және көріктендіру саласында туған өлкеге көмек көрсететін адамдарға беріледі);
- «Мейірім жолында» (аталығыма ерікті негізде және тегін көмек көрсететін, игі істер атқаратын адамдар ие болады);
- «Батыл жүрек» (номинация ерлік іс жасаған жанкештілік танытқан адамға қолдау көрсету мақсатында тағайындалады);
- «Қайырымдылық тарихы» (номинация БАҚ-та қайырымдылық тақырыбын қозғайтын, қоғамның назарын әлеуметтік проблемаларға аударатын материалдардың жариялануының қамтамасыз ететін журналистерге немесе шығармашылық ұжымға беріледі).

Конкурсқа кәсіпкерлік субъектілері және қайырымдылық қызметті мемлекеттік қолдау арқылы жүргізетін тұлғалар (мемлекеттік грант, мемлекеттік тапсырыс және т.б.) қатыстырылмайды.

ҚР ҚДМ ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРДЫ ҮЕҰ ДЕРЕКҚОРЫНА МӘЛІМЕТТЕРДІ ТАПСЫРУ ТУРАЛЫ ХАБАРДАР ЕТЕДІ

ҚР Қоғамдық даму министрлігі Азаматтық қоғам істері комитеті Үкіметтік емес ұйымдар дерекқорына мәліметтерді ұсынудың кезекті есеп кезеңінің өтуі туралы хабарлайды. Ағымдағы жылы 31 наурыз жексенбіге түскеніне байланысты ұйымдардың өз қызметі туралы мәліметтерді ұсыну мерзімі 2019 жылғы 1 сәуірде аяқталады (ҚР Азаматтық кодексінің 175-бабына сәйкес егер мерзімнің соңғы күні жұмыс істемейтін күнге тура келсе, содан кейінгі ең таяу жұмыс күні мерзімнің аяқталған күні болып саналады).

Осыған байланысты жеке мекеме, қоғамдық бірлестік (саяси партиялар, діни бірлестіктер мен кәсіптік одақтар түрінде құрылған қоғамдық бірлестіктерді қоспағанда), коммерциялық емес акционерлік қоғам (құрылтайшысы немесе акционері мемлекет болып табылатын коммерциялық емес акционерлік қоғамдарды қоспағанда), қоғамдық, корпоративтік және жеке қорлар, қауымдастық (одақ) нысанындағы заңды тұлғалар бірлестігі нысанындағы үкіметтік емес ұйымдарға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын шетелдік және халықаралық коммерциялық емес ұйымдардың филиалдары мен өкілдіктеріне info@p.kz, веб-порталында электрондық есептік нысанын уақытылы толтыруды ұсынады.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес ҮЕҰ дерекқорында тіркелу мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс және мемлекеттік гранттар шеңберінде әлеуметтік бағдарламаларды және (немесе) әлеуметтік жобаларды іске асыруға, сондай-ақ, ҮЕҰ үшін сыйлық алуға арналған конкурста қатысу үшін міндетті шарт болып табылады. ҮЕҰ қызметі туралы мәліметтерді ілеспе хатпен бірге пошта арқылы немесе қолма-қол мына мекенжайға жіберу қажет: **010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8, 15-кіреберіс, Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрлігінің Азаматтық қоғам істері комитеті.** ҮЕҰ дерекқорына мәліметтерді уақытылы ұсынабағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік көзделген.

28.01.2019

QAZAQSTAN
06:05 «Senbilik tań», 07:00 «TANSHOLPAN», 10:00 «НІТ QAZAQSTAN», 10:50 «СИҚЫРЛЫ ӨТКЕНШЕК», 11:05 «Арта», 12:10 «Шырағым», 13:00 AQPAPAT 13:15 «Ұлт мақтанышы», 13:40 «Іздедім сені», 14:25 «Әйел тағдыры», 15:20 «Айман-Шолпан», 17:00 AQPAPAT 17:15 ELDEN HABAR 17:30 «MENIŇ QAZAQSTANYM», 18:05 «Balunıy kódiil...», 18:20 «ARNAIY JOBA», 18:45 «Kónil tolypı», 19:15 «ІЗДЕДІМ СЕНІ», 20:00 AQPAPAT 20:55 «QAREKET», 21:50 «ШЫРАҒЫМ», 22:45 «ӘЙЕЛ ТАҒДЫРҒЫ», 23:40 «Tungi studio», 00:15 AQPAPAT 01:05 ELDEN HABAR 01:15 «Қаламыр», 01:55 «Достар», 02:20 «Ұлт мақтанышы», 02:45 «Tungi studio».

ХАБАР

06:00 «Әсем әуен», 07:00 «Расти-механик», 07:30 «Таңғы хабар», 08:00 Жаңалықтар, 08:10 «Таңғы хабар», 09:00 Новости, 09:10 «Таңғы хабар», 10:00 «Махаббатым махаббаты», 10:40 «Важно знать», 11:00 «Спасатели», 11:30 «ZERDE», 12:00 Жаңалықтар, 12:10 «Алтын бесік», 12:40 «Қайсар жандар», 13:00 Новости, 13:10

«Хорошие руки», 15:00 «Давайте говорить!», 15:45 «Тағы да сүй», 17:15 «Менің тағдырым», 17:45 «Вилли», 18:15 «Көне жетігеннің сыры», 18:45 «Келінжар», 19:15 «Тракторшының махаббаты», 20:00 Қорытынды жаңалықтар, 20:30 «Online», 21:00 Итоги дня, 21:30 «Большая маленькая ложь», 22:30 «Отверженные», 23:30 «Иначелю», 00:15 Қорытынды жаңалықтар, 00:45 «Менің тағдырым», 01:15 «Қайсар жандар», 01:30 Қорытынды жаңалықтар.

КТК

07.05 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ», 07.30 «ҚАЙСАР ЖЕСІР», 08.00 «ТАҒДЫР ҚОСҚАН АСЫЛ ЖАР», 09.30 «БОЛЬШЕЕ НОВОСТИ», 10.30 «ЖЕНСКИЙ ДОКТОР», 11.20 «ЮРМАЛА», 13.10 «ПАЦИЕНТЫ», 15.00 «КЕЛ, КЕЛІНІМ», 18.00 «САҒЫНЫШ», 19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР, 20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», 21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ, 21.40 «ПРЕСТУПЛЕНИЕ», 23.30 «ОТМЕНА ВСЕХ ОГРАНИЧЕНИЙ», 01.20 «МИНИСТЕРСТВО ПРАВДЫ», 02.10 «КҮНӘНӘР МАХАББАТ», 03.20-04.30 «САҒЫНЫШ».

АСТАНА

өркеніеті», 18:00 «Народный контроль», 18:15 «Көне жетігеннің сыры», 18:45 «Келінжар», 19:15 «Тракторшының махаббаты», 20:00 Қорытынды жаңалықтар, 20:30 «Online», 21:00 Итоги дня, 21:30 «Большая маленькая ложь», 22:30 «Хороший доктор», 23:15 «Менің тағдырым», 23:45 Қорытынды жаңалықтар, 00:15 «Вишневый сезон», 01:00 «Ауырмайтын жол ізде», 01:30 Қорытынды жаңалықтар.

КТК

07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР, 07.30 «ҚАЙСАР ЖЕСІР», 08.00 «ТАҒДЫР ҚОСҚАН АСЫЛ ЖАР», 09.30 «ЖЕНСКИЙ ДОКТОР», 10.20 «СМЕШНАЯ ЖИЗНЬ», 12.30 НОВОСТИ, 13.10 «ПРЕСТУПЛЕНИЕ», 15.00 «КЕЛ, КЕЛІНІМ», 18.00 «САҒЫНЫШ», 19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР, 20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», 21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ, 21.40 «ПРЕСТУПЛЕНИЕ», 23.30 «ОТМЕНА ВСЕХ ОГРАНИЧЕНИЙ», 01.20 «МИНИСТЕРСТВО ПРАВДЫ», 02.10 «КҮНӘНӘР МАХАББАТ», 03.20-04.30 «САҒЫНЫШ».

АСТАНА

06:00 Жаңалықтар, 06:30 Новости «20:30», 07:00 «Қош келдіңіз!».

06:00 «KazNet», 07:00 «Маша и медведь», 08:00 «Біздің уақыт», 09:00 «Маша и медведь», 10:00 «Абысындар», 11:00 «№309», 12:00 «Ел аузында», 13:00 «Жүрек сыры», 14:00 Күндізгі жаңалықтар, 14:15 «Избранное за неделю», 15:00 «Идеальная жертва», 16:00 «Шенячий патруль», 17:00 «Тандауым сен», 18:00 «№309», 20:00 Жаңалықтар, 20:30 Новости «20:30», 21:00 «Тандауым сен», 22:00 «Абысындар», 23:00 «Келін бақыты», 00:00 «Қош келдіңіз!», 00:40 «Ұрланған тағдыр», 02:00 Жаңалықтар, 02:30 Новости «20:30», 03:00 Бірегей, Мұхтар Алтынбаев, 03:20 «KazNet», 03:40 «Қалжың қоржын».

7-АРНА

06:00 «Қыздар арасында», 06:30 «Контесса», 07:10 «Элиф», 09:00 «Водоворот чужих желаний», 13:00 «Контесса», 14:00 «Япырай», 15:00 «Өз ойым», 16:40 «Путь вояна», 18:40 «Элиф», 20:30 «Q-елі», 21:00 Лотерея 777, 21:05 «Тақиясыз періште», 22:00 «Между нами девочки», 00:00 «Удивительные люди», 02:00 «Реальная мистика», 02:15 «Айналайн», 03:00 «Элиф», 04:30 «Өз ойым».

08:00 «Маша и медведь», 10:00 «Абысындар», 11:00 «№309», 13:00 «Жүрек сыры», 14:00 Күндізгі жаңалықтар, 14:15 «Ғажайып Қазақстан», 14:30 «Біз біргеміз. Ана үйі», 15:00 «Идеальная жертва», 16:00 «Шенячий патруль», 17:00 «Тандауым сен», 18:00 «№309», 20:00 Жаңалықтар, 20:30 Новости «20:30», 21:00 «Тандауым сен», 22:00 «Абысындар», 23:00 «Келін бақыты», 00:00 «Ұрланған тағдыр», 01:30 Жаңалықтар, 02:00 Новости «20:30», 02:30 Бірегей, Ғани Құлжанов, 03:00 «KazNet», 03:30 «Қалжың қоржын».

7-АРНА

06:00 «Қыздар арасында», 06:30 «Контесса», 07:10 «Элиф», 09:00 «Реальная мистика», 10:00 «Ветер в лицо», 11:00 «Удивительные люди», 12:40 «Каландия», 13:00 «Контесса», 14:00 «Тақиясыз періште», 15:00 «Өз ойым», 16:40 «Между нами девочки», 18:50 Лотерея 6/49 19:20 «Элиф», 20:30 «Q-елі», 21:00 Лотерея 777, 21:05 «Тақиясыз періште», 22:00 «Между нами девочки», 00:00 «Удивительные люди», 02:00 «Реальная мистика», 03:00 «Элиф», 04:30 «Өз ойым».

31

08:00 «Маша и медведь», 10:00 «Абысындар», 11:00 «№309», 13:00 «Жүрек сыры», 14:00 Күндізгі жаңалықтар, 14:15 «Ғажайып Қазақстан», 14:30 «Біз біргеміз. Ана үйі», 15:00 «Идеальная жертва», 16:00 «Шенячий патруль», 17:00 «Тандауым сен», 18:00 «№309», 20:00 Жаңалықтар, 20:30 Новости «20:30», 21:00 «Тандауым сен», 22:00 «Абысындар», 23:00 «Келін бақыты», 00:00 «Қош келдіңіз!», 00:50 «Ұрланған тағдыр», 02:20 Жаңалықтар, 02:50 Новости «20:30», 03:20 Бірегей, Кеңес Дүйсөвиев, 03:50 «KazNet».

7-АРНА

06:00 «Қыздар арасында», 06:30 «Контесса», 07:10 «Элиф», 09:00 «Реальная мистика», 10:00 «Ветер в лицо», 11:00 «Удивительные люди», 13:00 «Контесса», 14:00 «Тақиясыз періште», 15:00 «Өз ойым», 16:40 «Между нами девочки», 18:50 Лотерея 6/49 19:20 «Элиф», 20:30 «Q-елі», 21:00 Лотерея 777, 21:05 «Тақиясыз періште», 22:00 «Между нами девочки», 00:00 «Удивительные люди», 02:00 «Реальная мистика», 03:00 «Элиф», 04:30 «Өз ойым».

31

06:00 Концерт, 07:00 Информбюро, 08:00 «Жігіттер», 10:00 «Во-

29.01.2019

QAZAQSTAN
06:05 Концерт, 07:00 «TANSHOLPAN», 10:00 «НІТ QAZAQSTAN», 10:50 «СИҚЫРЛЫ ӨТКЕНШЕК», 11:25 «Қузық екеп...», 12:10 «Шырағым», 13:00 AQPAPAT 13:15 «Ұлт мақтанышы», 13:40 «Іздедім сені», 14:25 «Әйел тағдыры», 15:20 «Айман-Шолпан», 17:00 AQPAPAT 17:15 ELDEN HABAR 17:30 «Jап jylyш», 17:50 «Қузық екеп...», 18:35 «Kónil tolypı», 19:15 «ІЗДЕДІМ СЕНІ», 20:00 AQPAPAT 20:55 «QAREKET», 21:50 «ШЫРАҒЫМ», 22:45 «ӘЙЕЛ ТАҒДЫРҒЫ», 23:40 «Tungi studio», 00:15 AQPAPAT 01:05 ELDEN HABAR 01:15 «Қаламыр», 01:55 «Достар», 02:20 «Ұлт мақтанышы», 02:45 «Tungi studio».

ХАБАР

06:00 «Әсем әуен», 07:00 «Расти-механик», 07:30 «Таңғы хабар», 08:00 Жаңалықтар, 08:10 «Таңғы хабар», 09:00 Новости, 09:10 «Таңғы хабар», 10:00 «Тракторшының махаббаты», 10:45 «Большая маленькая ложь», 12:00 Жаңалықтар, 12:10 «Сана», 12:40 «Қайсар жандар», 13:00 Новости, 13:10 «Хорошие руки», 15:00 «Давайте говорить!», 15:45 «Тағы да сүй», 17:15 «Ұлы дала

өркеніеті», 18:00 «Народный контроль», 18:15 «Көне жетігеннің сыры», 18:45 «Келінжар», 19:15 «Тракторшының махаббаты», 20:00 Қорытынды жаңалықтар, 20:30 «Online», 21:00 Итоги дня, 21:30 «Большая маленькая ложь», 22:30 «Хороший доктор», 23:15 «Менің тағдырым», 23:45 Қорытынды жаңалықтар, 00:15 «Вишневый сезон», 01:00 «Ауырмайтын жол ізде», 01:30 Қорытынды жаңалықтар.

КТК

07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР, 07.30 «ҚАЙСАР ЖЕСІР», 08.00 «ТАҒДЫР ҚОСҚАН АСЫЛ ЖАР», 09.30 «ЖЕНСКИЙ ДОКТОР», 10.20 «СМЕШНАЯ ЖИЗНЬ», 12.30 НОВОСТИ, 13.10 «ПРЕСТУПЛЕНИЕ», 15.00 «КЕЛ, КЕЛІНІМ», 18.00 «САҒЫНЫШ», 19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР, 20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», 21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ, 21.40 «ПРЕСТУПЛЕНИЕ», 23.30 «ОТМЕНА ВСЕХ ОГРАНИЧЕНИЙ», 01.20 «МИНИСТЕРСТВО ПРАВДЫ», 02.10 «КҮНӘНӘР МАХАББАТ», 03.20-04.30 «САҒЫНЫШ».

АСТАНА

06:00 Жаңалықтар, 06:30 Новости «20:30», 07:00 «Қош келдіңіз!».

30.01.2019

QAZAQSTAN
06:05 Концерт, 07:00 «TANSHOLPAN», 10:00 «НІТ QAZAQSTAN», 10:50 «СИҚЫРЛЫ ӨТКЕНШЕК», 11:25 «Қузық екеп...», 12:10 «Шырағым», 13:00 AQPAPAT 13:15 «Ұлт мақтанышы», 13:40 «Іздедім сені», 14:25 «Әйел тағдыры», 15:20 «Айман-Шолпан», 17:00 AQPAPAT 17:15 ELDEN HABAR 17:30 «Aqsauy», 17:50 «Қузық екеп...», 18:35 «Kónil tolypı», 19:15 «ІЗДЕДІМ СЕНІ», 20:00 AQPAPAT 20:55 «QAREKET», 21:50 «ШЫРАҒЫМ», 22:45 «ӘЙЕЛ ТАҒДЫРҒЫ», 23:40 «Tungi studio», 00:15 AQPAPAT 01:05 ELDEN HABAR 01:15 «Қаламыр», 01:50 «Достар», 02:15 «Ұлт мақтанышы», 02:45 «Tungi studio».

ХАБАР

06:00 «Әсем әуен», 07:00 «Расти-механик», 07:30 «Таңғы хабар», 08:00 Жаңалықтар, 08:10 «Таңғы хабар», 09:00 Новости, 09:10 «Таңғы хабар», 10:00 «Тракторшының махаббаты», 10:45 «Большая маленькая ложь», 12:00 Жаңалықтар, 12:10 «Важно знать», 12:35 «Қайсар жандар», 13:00 Новости, 13:10 «Хорошие руки», 15:00 «Давайте говорить!», 16:00 «Тағы да сүй», 17:30

«Менің тағдырым», 18:00 «Біздің назарда», 18:15 «Көне жетігеннің сыры», 18:45 «Келінжар», 19:15 «Тракторшының махаббаты», 20:00 Қорытынды жаңалықтар, 20:30 «Online», 21:00 Итоги дня, 21:30 «Большая маленькая ложь», 22:30 «Хороший доктор», 23:15 «Менің тағдырым», 23:45 Қорытынды жаңалықтар, 00:15 «Вишневый сезон», 01:00 «Ауырмайтын жол ізде», 01:30 Қорытынды жаңалықтар.

КТК

07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР, 07.30 «ҚАЙСАР ЖЕСІР», 08.00 «ТАҒДЫР ҚОСҚАН АСЫЛ ЖАР», 09.30 «ЖЕНСКИЙ ДОКТОР», 10.20 «СМЕШНАЯ ЖИЗНЬ», 12.30 НОВОСТИ, 13.10 «ПРЕСТУПЛЕНИЕ», 15.00 «КЕЛ, КЕЛІНІМ», 18.00 «САҒЫНЫШ», 19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР, 20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», 21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ, 21.40 «ПРЕСТУПЛЕНИЕ», 23.30 «ОТМЕНА ВСЕХ ОГРАНИЧЕНИЙ», 01.20 «МИНИСТЕРСТВО ПРАВДЫ», 02.10 «КҮНӘНӘР МАХАББАТ», 03.20-04.30 «САҒЫНЫШ».

АСТАНА

06:00 Жаңалықтар, 06:30 Новости «20:30», 07:00 «Қош келдіңіз!».

31.01.2019

QAZAQSTAN
06:05 Концерт, 07:00 «TANSHOLPAN», 10:00 «НІТ QAZAQSTAN», 10:50 «СИҚЫРЛЫ ӨТКЕНШЕК», 11:00 «РОБОТКӨЛКІ ПОЛИ», 11:25 «Қузық екеп...», 12:10 «Шырағым», 13:00 AQPAPAT 13:15 «Ұлт мақтанышы», 13:40 «Іздедім сені», 14:25 «Әйел тағдыры», 15:20 «Айман-Шолпан», 17:00 AQPAPAT 17:15 ELDEN HABAR 17:30 «KELBEN», 18:00 «Қузық екеп...», 18:45 «Kónil tolypı», 19:15 «ІЗДЕДІМ СЕНІ», 20:00 AQPAPAT 20:55 «QAREKET», 21:50 «ШЫРАҒЫМ», 22:45 «ӘЙЕЛ ТАҒДЫРҒЫ», 23:40 «Tungi studio», 00:15 AQPAPAT 01:05 ELDEN HABAR 01:15 «Қаламыр», 01:55 «Достар», 02:20 «Ұлт мақтанышы», 02:45 «Tungi studio».

ХАБАР

06:00 «Әсем әуен», 07:00 «Расти-механик», 07:30 «Таңғы хабар», 08:00 Жаңалықтар, 08:10 «Таңғы хабар», 09:00 Новости, 09:10 «Таңғы хабар», 10:00 «Тракторшының махаббаты», 10:45 «Большая маленькая ложь», 12:00 Жаңалықтар, 12:10 «Важно знать», 12:40 «Қайсар жандар», 13:00 Новости, 13:10 «Хорошие руки», 15:00 «Тағы да сүй», 17:00 «Менің тағдырым», 18:00 «Народный кон-

троль», 18:15 «Көне жетігеннің сыры», 18:45 «Келінжар», 19:15 «Тракторшының махаббаты», 20:00 Қорытынды жаңалықтар, 20:30 «Журналистик зерттеу», 20:50 Открытый диалог с Дуреном Абаевым, 21:00 Итоги дня, 21:30 «Большая маленькая ложь», 22:30 «Хороший доктор», 23:15 «Менің тағдырым», 23:45 Қорытынды жаңалықтар, 00:15 «Вишневый сезон», 01:00 «Ауырмайтын жол ізде», 01:30 Қорытынды жаңалықтар.

КТК

07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР, 07.30 «ҚАЙСАР ЖЕСІР», 08.00 «ТАҒДЫР ҚОСҚАН АСЫЛ ЖАР», 09.30 «ЖЕНСКИЙ ДОКТОР», 10.20 «СМЕШНАЯ ЖИЗНЬ», 12.30 НОВОСТИ, 13.10 «ПРЕСТУПЛЕНИЕ», 15.00 «КЕЛ, КЕЛІНІМ», 18.00 «САҒЫНЫШ», 19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР, 20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», 21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ, 21.40 «ПРЕСТУПЛЕНИЕ», 23.30 «ОТМЕНА ВСЕХ ОГРАНИЧЕНИЙ», 01.20 «МИНИСТЕРСТВО ПРАВДЫ», 02.10 «КҮНӘНӘР МАХАББАТ», 03.20-04.30 «САҒЫНЫШ».

АСТАНА

06:00 Жаңалықтар, 06:30 Новости «20:30», 07:00 «Қош келдіңіз!».

01.02.2019

QAZAQSTAN
06:05 Концерт, 07:00 «TANSHOLPAN», 10:00 «НІТ QAZAQSTAN», 10:50 «РОБОТКӨЛКІ ПОЛИ», 11:25 «Қузық екеп...», 12:10 «Шырағым», 13:00 AQPAPAT 13:15 «Ұлт мақтанышы», 13:40 «Іздедім сені», 14:25 «Әйел тағдыры», 15:20 «Айман-Шолпан», 17:00 AQPAPAT 17:20 «Kónil tolypı», 18:00 «Қузық екеп...», 18:45 «Ұлы дала ұлағаты-2», 19:15 «ІЗДЕДІМ СЕНІ», 20:00 AQPAPAT 20:55 «QAREKET», 21:50 «ШЫРАҒЫМ», 22:45 «Әзіл өлемі», 23:45 «PARASAT MAIDANY», 00:20 «САҒЫНДЫМ, ТУҒАН ЕЛІМ», 02:10 AQPAPAT 03:05 «Қаламыр», 03:45 «Достар».

ХАБАР

06:00 «Әсем әуен», 07:00 «Расти-механик», 07:30 «Таңғы хабар», 08:00 Жаңалықтар, 08:10 «Таңғы хабар», 09:00 Новости, 09:10 «Таңғы хабар», 10:00 «Тракторшының махаббаты», 10:45 «Большая маленькая ложь», 12:00 Жаңалықтар, 12:15 «Сана», 12:40 «Қайсар жандар», 13:00 Новости, 13:15 «Хорошие руки», 15:00 «Тарих. Тағдыр. Тулға», 16:00 «Тағы да сүй», 17:40 «Біздің на-

зарда», 17:55 Футзал Қазақстан – Хорватия, 20:00 Қорытынды жаңалықтар, 20:30 «Бетпе-бет», 21:00 Итоги дня, 21:30 «Ночь отдыха для мам», 21:30 Khabar boxing, 00:40 Қорытынды жаңалықтар, 01:10 «Вишневый сезон».

КТК

07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР, 07.30 «ҚАЙСАР ЖЕСІР», 08.00 «ТАҒДЫР ҚОСҚАН АСЫЛ ЖАР», 09.30 «ЖЕНСКИЙ ДОКТОР», 10.20 «СМЕШНАЯ ЖИЗНЬ», 12.30 НОВОСТИ, 13.10 «ПРЕСТУПЛЕНИЕ», 15.00 «КЕЛ, КЕЛІНІМ», 18.00 «САҒЫНЫШ», 19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР, 20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», 21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ, 21.40 «ПРЕСТУПЛЕНИЕ», 23.30 «ОТМЕНА ВСЕХ ОГРАНИЧЕНИЙ», 01.20 «МИНИСТЕРСТВО ПРАВДЫ», 02.10 «КҮНӘНӘР МАХАББАТ», 03.10-04.20 «САҒЫНЫШ».

АСТАНА

06:00 Жаңалықтар, 06:30 Новости «20:30», 07:00 «Қош келдіңіз!».

тарихы», 01:15 «Менің тағдырым».

КТК

07.05 «БІРБЕТКЕЙ ҒАШЫҚТАР», 08.30 «БІЗДІҢ КОНЦЕРТ», 09.30 НОВОСТИ, 10.10 «ЖЕНСКИЙ ДОКТОР», 11.10 «УБИТЬ ДВАЖДЫ», 15.00 «ӘЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ-2», 16.00 «ҰРБЫ», 18.00 «ӘН МЕН ӘНШІ», 18.30 «ҮШ ТЕАТР», 21.00 «БОЛЬШЕЕ НОВОСТИ», 22.00 «ДРУГАЯ ЖЕНЩИНА», 01.10 «СПАСИТЕ НАШУ СЕМЬЮ», 02.40 «БІРБЕТКЕЙ ҒАШЫҚТАР», 04.00-05.30 «ҰРБЫ».

АСТАНА

06:00 Жаңалықтар, 06:30 Новости «20:30», 07:00 «Қош келдіңіз!», 08:00 «Маша и медведь», 10:00 «Абысындар», 11:00 «№309», 13:00 Алтынбек Қоразбаевтың шығармашылық кеші, 15:00 «Замуж в 30», 17:00 «Тандауым сен», 18:00 «№309», 19:00 «Ел аузында», 19:40 «Благотворители», 20:00 «Біздің уақыт», 20:45 «Ғажайып Қазақстан», 21:00 «Тандауым сен», 22:00 «Абысындар», 23:15 «Начало», 23:15 «Батыл жүрек», 00:00 «Одна история», 00:45 «Менің тағдырым», 01:15 «Әсем әуен».

КТК

07.05 «КОРЕЯДАҒЫ МАХАББАТ», 08.30 «ӨНІМ СЕН ЕДІҢ», 09.30 «ЮРМАЛА», 11.20 «ДРУГАЯ ЖЕНЩИНА», 15.00 «АХМАДБАЙ МЕН РАХМАТБАЙ», 16.30 «ШЫМКЕНТ-ШОУ», 17.00 «АЛТЫН КУЗИМ, АРМЫСЫН», 19.30 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ», 20.00 «АПТАП», 21.00 «ПОРТРЕТ НЕДЕЛИ», 22.00 «СЛУГИ НАРОДА», 22.30 «МИНИСТЕРСТВО ПРАВДЫ», 23.30 «ЛЮБОВЬ НАПРОКАТ», 01.00 «Я СТЕСНЯЮСЬ СВОЕГО ТЕЛА», 02.30 «КОРЕЯДАҒЫ МАХАББАТ», 03.50 «ӨНІМ СЕН ЕДІҢ», 04.40-05.00 «БІЗДІҢ КОНЦЕРТ».

АСТАНА

06:00 «KazNet», 06:30 «Ғажайып Қазақстан», 07:00 «Қош келдіңіз!», 08:00 «Маша и медведь», 10:00 «Абысындар», 11:00 «№309», 12:00 «Замуж в 30», 14:00 «Тәтті шайға шақырады

03.02.2019

QAZAQSTAN
06:05 «Qairly kesh, Qazaqstan!», 7:55 «Айналайын», 9:05 «Aqsauy», 9:30 «TANSHOLPAN», 10:45 «DARA JOL», 12:00 «ҰЛЫ ДАЛА ҰЛАҒАТЫ-2», 12:30 «Жаңа қоныс», 14:05 «Мейірім», 15:35 «№7 бөлімше», 17:10 «Kónil tolypı», 18:00 «Кездесу», 18:30 «Qairly amada – umylymas ander», 20:00 «АРТА», 21:00 «ULY DALA SAZY», 22:05 «Kónildi tapqaryl araly», 00:15 «Dara jol», 01:25 «Айналайын», 02:30 «Ұлы дала ұлағаты-2», 02:55 «Aqsauy».

ХАБАР

06:00 «Тамаша», 07:00 Концерт, 08:50 «Өзін өзі тану», 09:00 «Мен – чемпио», 09:30 «Болт и Бигли», 10:30 «Джамия и Аладдин», 11:00 «Қызық тірих», 12:00 «Миллион кіме буйырады?», 12:45 «Батыл жүрек», 1

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Құрметті Базарбай ӘЛЕУХАНҰЛЫ!

Сізді асқарлы 60 жасқа толуыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Сізді әріптестеріңіз, замандастарыңыз досқа адал кәсібіне мығым азамат ретінде біледі. Қадірлейді, құрмет тұтады.

Сіздің еңбек жолыңыз 65 жылдығын атап өтіп жатқан Жезқазған қаласының тарихымен тығыз байланысты. Қиын-қыстау шақта жергілікті баспасөзде қызмет ете жүріп елдің жоғын жоқтап, мұңын мұңдадыңыз. Қазақ телевизиясының алғашқы қарлығашы саналатын Жезқазған теледидарының қайта жаңғырып, қатарға қосылуына күш салдыңыз. Бұл еңбегіңіз – аймақ тарихында алтын әріптермен жазылуы тиіс ақиқат.

Қаламгерлік қуатыңыз бен шығармашылық табыстарыңыз – өз алдына бір төбе.

Қазақ «Алпыс – тал түс» деп жатады. Бүгінгі асқарлы жасыңыз да тал түс деп білеміз. Алда әлі талай асу-белестер бар. Сізге жарқын да мағыналы өмір, көтеріңкі де кіршіксіз көңіл, деніңіздің саулығың, отбасының амандығын тілейміз. Қызыққа толы ғұмыр кешіп, көпшіліктің ыстық ықыласы мен құрметіне, ризашылығына бөлене беріңіз. Әрдайым айыройыңыз асқақтай берсін!

Құрметпен, «Saryarqa» газетінің ұжымы



ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ

Білім ошақтарының асханаларын жаңғыртып, балалардың дұрыс тамақтануын қамтамасыз ету мақсатында «Нұр Отан» партиясы жаңа партиялық жобаны қолға алған болатын. 2018 жылы басталған «Мектеп асханаларын жаңғырту» жобасы биыл да өз жалғасын тапты. Асхана жұмысын тексеретін ведомствоаралық бақылау комиссиясы қаламыздағы №1 жалпы орта білім беретін мектеп асханасының жұмысымен танысып қайтты.

МЕКТЕП АСХАНАЛАРЫ – ПАРТИЯ НАЗАРЫНДА

Сау ұрпақ тәрбиелеуде баланың денсаулығы бірінші орында тұруы керек. Баланы тек спортқа баулып қана қоймай, оның дұрыс тамақтануына да аса мән берген жөн. «Нұр Отан» партиясы мектептерде балаларды дұрыс тамақтандыру мәселесін бұрыннан көтеріп келеді. Өйткені, өкінішке қарай кейбір білім ошақтарындағы ас мәзірі көңіл қуантарлықтай деңгейде емес. Сондай асханаларда көбінесе балаларға нан өнімдері мен құрамында қанты, түрлі бояғыштары мен қоспалары көп тәттілер ұсынылып, дөруменге толы жеміс-жидек пен көкөністерге тиісті деңгейде мән берілмейді. Осының салдарынан елімізде мектеп жасындағы балаларда ас қорыту жүйесіне қатысты аурулар көбейіп келеді. Одан бөлек мамандардың айтуынша 14 жасқа дейінгі жасөспірімдердің 21,5%, яғни әрбір бесінші жас жеткіншек артық салмақтың зардабын тартуда. Ал артық салмақтың түрлі ауруларға әкеліп соқтыратыны белгілі. Осы мәселелерді ұтымды шешу және болдырмау үшін



«Нұр Отан» партиясының бастамасымен мектеп асханаларын жаңғырту, тамақтану сапасын арттыру жұмыстары жүргізілуде.

Тоғыз адамнан құралған ведомствоаралық комиссия №1 орта мектеп асханасының санитарлық тазалығына, ас мәзіріне, тамақтану мерзіміне аса мән берді. Комиссия құрамында қалалық білім бөлімінің мамандары, қалалық мәслихат депутаттары, «Нұр Отан» партиясының өкілдері,

«Атамекен» кәсіпкерлер палатасының және қоғамдық бірлестік өкілдері, сондай-ақ, ата-ана комитеті бар.

Екі ауысымда 1602 оқушы оқитын білім ордасында мемлекет тарапынан 90 балаға тегін тамақтану мүмкіндігі берілсе, асханада қызмет көрсетуші жеке кәсіпкер Зәукен Байтасова тағы 30 балаға қамқорлық жасап, тегін тамақтандыруда.

Мектеп асханасында жыл мезгілдеріне байланысты мәзір өзгерініп, күнделікті жаңарып

отырады. Медбикелер таңсәріден ұсынылатын тамақ пен сусынның сапасы мен дәмін тексереді. Аспаздар үшін де денсаулыққа зиян тамақтарды сатуға тыйым салынған. Тазалықты қамтамасыз ететін арнайы кезекшілер де бар. Өз қаражатына тамақ алып ішетін оқушыларға ұсынылатын тамақтар мәзірінде түрлі салмағы бар бөліш, тоқаш сынды нан өнімдері бар. Комиссия мүшелері өнімдер ішінен шұжық, сосискасы бар нан өнімдерін балаларға бермеген жөн деп ескерту жасады. Сондай-ақ, азық-түлік барлық талап пен стандарттарға сәйкес болу керектігін және оларды қабылдап алғанда жіті тексеруді тапсырды.

Ведомствоаралық бақылау комиссиясы №1 жалпы білім беретін орта мектептің асхана жұмысына оң бағаларын берді. Комиссия мүшелері 2018-2019 оқу жылында қаладағы барлық мектептерге барып, асхана жұмысымен танысуды жоспарлап отыр.

Арайлым ЕРҚОҢЫРОВА
Суретті түсірген
Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА

ТАРТУ

«НАЗА» ФИЛЬМІ КӨРЕРМЕНГЕ ЖОЛ ТАРТТЫ

«Наза» деп аталатын көркем фильмнің түсіру жұмыстары аяқталып, шығармашылық топ монтажда кіріскеніне де көп бола қойған жоқ еді. Жыл басында фильмнің сценарий авторы әрі режиссері, ақың, драматург Кенжебай Ахметов ол жұмыстардың да нүктесі қойылғанын хабарлады.



Бүгінгі қоғамның бейнесін боямасыз көрсетуді мақсат еткен фильмде басты рөлді Серке Қожамқұлов атындағы Жезқазған музыкалық-драма театрының артисі Жұмағазы Бірмұқанов сомдаған. Негізгі рөлдерде – Қазақстан Республикасының Халық артисі Досжан Жанботаев, Амангелді Бұқар, Әбибулла Жүнісов, Айтжан Жүнісова, Мәдина Байкенова, Перизат Несіпбаева, Қарлығаш Көшербаева, Балтабай Қызыров, Сәуле Абединова, Гүлназ Иманбердиева, Дәрігүл Алдажанова, Жасулан Түсіпбеков, Құрман Игібаев, Бақытжан Ыбыраев, Берік Сейітқазинов, Ардақ Жарқынбеков, Сандуғаш Хасенова, Ақмарал Игібаева, Әмина Дүйсенбаева, Жансая Нуртазина, Саят Ернарар. Ал, балалар рөлін Аружан Көбей, Гүлназ Қалисова, Шапағат Құрмаш, Кәусар Құрмаш, Керима Құрмаш, Ерапы Бақтияр, Қайсар Қуандық, Жалғас Балтабай, Бексұлтан Серікбай, Сұңқар Тілеулинов,

Айбек Қалқенов ойнап шықса, эпизодтық рөлдерде – Мәди Сәденов, Нұрқат Жүнісов, Аяулым Серік, Ақниет Үсенбек, Қалия Бекетова, Қайыргүл Елубекова, Шынар Ибраева, Әсел Бірәлі, Ғалия Өтебаева, Ақмарал Ортай, Әсима Оспан. – Бұл фильм – шағын ұжымның еңбегі. Операторымыз жезқазғандықтарға жақсы таныс Нұрбол Үздікбаев, фильм композиторы Халықберген Әбілжанов, монтаж режиссері – Қанат Мыңбай. Дыбыстау жұмыстары да Жезқазғанда, Нұрлан Мұсабековтің студиясында жүргізілді. Фильмнің жарық көруіне қол ұшын созған азаматтардың бәріне ризашылығымызды білдіреміз, – дейді фильм авторы Кенжебай Ахметов. Жезқазған, Сәтбаев қалалары мен Ұлытау, Жаңаарқа аудандары аумағында түсірілген фильм жақын күндері қала кинотеатрларында көрермен назарына ұсынылады.

Өз тілшіміз

ОЛИМПИАДА

Оқу жылы басталысымен оқушылардың білім деңгейін тексеріп, одан әрі жетілдіру үшін түрлі сайыстар өткізу дәстүрге айналған. Бірақ, оқушылар мен олардың мұғалімдері асыға күтетін сынақтың бірі – жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиада. Бір күнтің білімдерін шыңдап, үздіктердің қатарынан көрінгісі келетіндер жыл сайын артып келеді.

ОЗАТТАР ОЗҒАН КҮН



Жалпы білім беретін пәндерден республикалық олимпиаданың облыстық кезеңі өз мәресіне жетті. Олимпиаданың қоғамдық-гуманитарлық бағыты 4-5 қантар аралығында Н.Нұрмақов атындағы жаратылыстану-математикалық бағыттағы «Мұрагер» мамандандырылған мектеп-интернатында өтті. Он бес пән бойынша өткен білім додасына барлығы 765 оқушы, оның ішінде Жезқазған қаласының білім беру ұйымдарынан 19 оқушы қатысты. Олардың алтауы жүлделі оралды.

Олимпиада қорытындысы бойынша Қ.И.Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейінің 11-сынып оқушылары Адина Серікбаева қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен жүлделі I орынды қанжығалап, олимпиаданың IV республикалық кезеңіне жолдама алса, 10-сынып оқушысы Ділназ Әбішева Қазақстан тарихы пәнінен жүлделі III орынды иеленді. №26 гимназияның 11-сынып оқушысы Диана Ақатова химия пәнінен III орынға лайық деп танылды. №8 гимназияның 9-сынып оқушысы математика пәнінен Төлеген Сүлейменов, 11-сынып оқушысы Сымбат Бердібай биология пәнінен өз білімдерін сынап, III орынға ие болды. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен №4 мектептің 11-сынып оқушысы Юлия Амосова жақсы нәтиже көрсетіп, III орынды иеленді.

Барлық жеңімпаздарға дипломдар мен орындарға сәйкес медальдар табысталды және ақшалай сертификаттар берілді.

Жезқазған қаласы білім бөлімінің басшысы Жеңіс Әлмағанбетов және қалалық білім беру қызметкерлері кәсіп одақ ұйымының төрайымы Ләззат Күнеділова жеңімпаздар мен олардың жетекшілерін салтанатты түрде құттықтады.

Сәуле ҮДІРЫСОВА,
Жезқазған қаласы білім бөлімінің әдіскері

БӘРЕКЕЛДІ!

«АЙСҰЛУ» – ЕҢ ҮЗДІК БӨБЕКЖАЙ

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев: «Өз Отанымыздың патриоты болу дегеніміз – Қазақстанды жан жүрегіңмен сүйе білу» — деген еді. Иә, расымен, Отан атты ұлылықты қастерлеп, еліміздің ертеңіне ие болатын бүлдіршіндерге білім және тәрбие беру – мектепке дейінгі ұйымда қызмет ететін жандарға жүктелген. Осындай міндеттерді бар ықыласымен атқарып отырған ұйымдардың бірі – Жезқазған қаласының №8 «Айсұлу» инклюзивті бөбекжайы.



Аталмыш балабақша «Мектепке дейінгі ұйым жағдайында инклюзивті білім беруді жүзеге асыру» тақырыбы бойынша тәжірибелік-эксперименттік бағдарлама шеңберінде жұмыс жасай бастаған қаладағы алғашқы балабақшаның бірі. Мектепке дейінгі мекеменің басты мақсаты – ерекше білімді қажет ететін балаларға білім мен тәрбие беру, оларды әлеуметтік ортаға бейімдеу, қалыпты дамыған құрдастар арасында араласуға үйрету. Қазірдің өзінде балабақшада 4 инклюзивті топ бар. Онда ерекше білімді қажет ететін 8 бала тәрбиеленіп жатыр. Осылайша, «Айсұлу» бөбекжайының ұжымы ерекше балалардың дамуына өз үлестерін қосып, балалардың оқуда жетістікке жетуіне ықпалдасып, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастыруда аянып қалмауда. Сонымен қатар, еліміздің ертеңі болатын бүлдіршіндердің бойында адамгершілік, ізгілік, қайырымдылық қасиеттерін ұялатып, толеранттылыққа тәрбиелеуде.

Осындай заман талабына сай таппыныс жасаудың нәтижесінде «Айсұлу» инклюзивті бөбекжайы 2017-2018 оқу жылының қорытындысы бойынша ескелең жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беруде ең жоғары нәтиже көрсеткені үшін «Ең үздік бөбекжай» атағы мен ауыспалы кубогына ие болды. Естеріңізге сала кетсек, бұл аталым қалалық білім беру бөлімінің ұйымдастыруымен төртінші жыл қатарынан тағайындалуда. 2016 жылдың қорытындысы бойынша №8 «Балаус» бөбекжайына бұйырған «Ең үздік бөбекжай» номинациясы мен ауыспалы кубогы енді «Айсұлулықтарды» қуантуда. Әрі ұжымды жаңа бастамаларға жігерлендіріп, серпіліс беріп отыр. Үздік атқа лайықты болып қана қоймай, оны сақтап қалуға барымызды салмақпыз.

Самал АХМЕТБЕКОВА,
№8 «Айсұлу» инклюзивті бөбекжайының қазақ тілі мұғалімі

КӨҢІЛГЕ СЕНІМ ҰЯЛАТАДЫ

Елбасының жастарға әрдайым қолдау көрсетіп отыратынын барлығымыз білеміз. 2019 жыл «Жастар жылы» болып жариялануын да қуана қабыл алдық.

Ендігі міндет – 2019 жылы Үкімет жастарға не береді деп қарап отырмай алған білімдерімізді одан әрі жетілдіріп, бәсекеге қабілетті маман болу. «Жастар жылы» жастардың өз бастамасымен қарқын алған игі істермен өрнектелуі керек. Еліміздің өркендеуіне, дамуына үлес қосу – әр жастың өмірлік мұратына айналса құба-құп.

Елбасының бұл жылды жастар жылы деп жариялауының мақсаты – білімді, білікті жастардың бизнес жолын дамытуға үлкен үлес қосу, табыс пен тұрмыс сапасын арттыру. Бұл жылы қоғамның маңызды бөлігін құрайтын жастарға кең мүмкіндік берілуі тиіс. Сондықтан да нақты ұсыныстар қабылданып, жастардың жан-жақты көмекке ие болуын қамтамасыз еткен жөн. Мәселен, жас мамандардың, жас отбасылардың баспаналы болуын тезірек қайта қарап, жеңілдік қарастырылса, көптік етпейді. Жұмыссыз жастардың санын азайту, олардың бейімділігіне қарай қайта оқытып мамандандырылса деген ой. Жастарға бизнес жолында, салық төлеу жолында жеңілдіктер көре екені айдан анық.

Осы ретте дені сау ұрпақ тәрбиелеу жайын да ұмытпаған жөн. Сондықтан әр қалада, ауылдық жерде спорттық ойын-сауық орындары іске қосылса деген ойымыз бар. Жастар арасында спортқа қызықтыру мақсатында әртүрлі ынталандыру, бойынша жарыс түрлері ұйымдастырылғаны құба-құп.

Еліміздің болашағы жастардың қолында болғаннан кейін олардың дені сау, білімді, өз елін сүйетін ұрпақ болып өсуі әр ата-ананың, ұстаздың, қоғамның міндеті деп ойлаймын.

Осыған орай, Елбасының «Жастар жылы» деп жариялануын жан-жақты қолдау қажет.

Нұржан ИЛЬЯСОВ
«Жезқазған технология және сервис колледжі»
КММ өндірістік оқыту шебері

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ



«Өткенін мақтан тұтып, бүгінгі нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту – еліміздің табысты болуының көпінгі дегеніміз осы»

Н.Ә.Назарбаев

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫ ЕСІМДЕРІ



Ұлы дала Әл-Фараби мен Яссауи, Күлтөген мен Бейбарыс, Өз-Төуке мен Абылай, Кенесары мен Абай және басқа да көптеген ұлы тұлғалар шоғырын дүниеге әкелді.



Атақты тарихи тұлғаларымыз бен олардың жетістіктерінің құрметіне ашық аспан астында ескерткіш-мүсіндер қойылатын «Ұлы даланың ұлы есімдері» атты оқу-ағарту энциклопедиялық саябағын ашуымыз керек.



Мақсатты мемлекеттік тапсырыс ұйымдастыру арқылы қазіргі әдебиеттегі, музыка мен театр саласындағы және бейнелеу өнеріндегі ұлы ойшылдар, ақындар және ел билеген тұлғалар бейнесінің маңызды галереясын жасауды қолға алу қажет.



Еліміздің тарихи кезеңдерін кеңінен қамти отырып, «Ұлы Дала тұлғалары» атты ғылыми-көпшілік серияларды шығарып, тарату жұмыстарын жүйелендіру және жандандыру қажет.